

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы»  
республикалық қоғамдық бірлестігі қызметін ұйымдастыру  
бойынша әдістемелік ұсынымдамалар**

**Методические рекомендации  
по организации деятельности Республиканского Общественного  
Объединения «Единая детско-юношеская организация  
«Жас Ұлан»**

Астана  
2017

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2017 жылғы 17 наурыз №3 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №3 от 17 марта 2017 года)

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдамалар, 2017. – 88 б.

Методические рекомендации по организации деятельности Республиканского Общественного Объединения «Единая детско-юношеская организация «Жас Ұлан», 2017. – 88 с.

Әдістемелік ұсынымдамада «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізудегі балалар мен жасөспірімдер ұйымының орны мен рөлі белгіленген, ұйым жұмысын жоспарлау механизміне жаңа көзқарас ұсынылған, іс-әрекетті ұйымдастырудағы инновациялық әдістер насихатталады.

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымын дамытуды бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдамалар берілген, олар тәрбиелік-білім берушілік бағдарламаларды жасау ерекшеліктерін ашып қана қоймай, сонымен қатар оларды жасаудың заманауи әдістемесін көрсетеді.

Бұл басылым аға тәлімгерлер, мектеп директорларының тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары, сынып жетекшілері, әдіскерлер, мұғалімдер, басшылар мен ұйымдастырушыларға, сонымен қатар, балалар қозғалысы жүйесінде белсенді қызмет етіп жүрген басқа да мамандарға арналған.

В методических рекомендациях определяется место и роль детско-юношеской организации в привитии ценностных ориентиров «Мәңгілік Ел», представлено новое видение механизмов планирования работы, пропагандируются инновационные методы организации деятельности.

Предлагаются методические рекомендации по программному обеспечению развития детско-юношеской организации «Жас Ұлан», которые не только раскрывают особенности создания воспитательно-образовательных программ, но и современную методику их создания.

Данное издание адресовано старшим вожатым, заместителям директоров школ по воспитательной работе, классным руководителям, методистам, учителям, руководителям и организаторам, а также другим специалистам, которые активно работают в системе детского движения.

## Кіріспе

Қазақстанда ұлттық экономиканы және азаматтық қоғамды ауқымды жаңғырту шаралары жүргізілуде. «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сәйкес бес институционалдық реформа жүзеге асырылуда:

- кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру;
- заңның үстемдігін қамтамасыз ету;
- индустриаландыру және экономикалық өсім;
- біртектілік пен бірлік;
- есеп беретін мемлекетті қалыптастыру.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы мен оның құндылықтары халықтың рухани таңдауы болды – бұл тәуелсіздік, ұлт бірлігі, бейбітшілік пен келісім, зайырлы қоғам және жоғары руханият, отбасылық құндылықтар, индустриаландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы, тарихтың, мәдениет пен тілдің бірлігі, еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және т.б.

Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет түзуші жалпыұлттық құндылықтарда жатыр.

Бұл ретте таңдау жағдайында демократиялық құндылықтар мен жауапты шешімдерді қабылдай алатын, еліміздің тағдырына ұлттық сана тұрғысынан жауап беруге қабілетті, құзырлы, белсенді, креативті азаматтар буынын қалыптастыру мәселесінің өзектілігі айрықша артып отыр.

Балалардың қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктері заманауи мектептегі жасөспірімдер қозғалысының әлеуметтік белсенділігін, жеткіншектердің көшбасшылық қасиеттерін, мемлекеттің қоғамдық-азаматтық, әлеуметтік институттарына қатысу дағдыларын қалыптастырушы болып танылып отыр. Атап айтқанда, түрлі тәжірибелік шараларға қатысу арқылы әлеуметтену мен жеке тұлғалық өсім процесі жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша құрылған «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы, «Жас Отан» жастар қанатының көшбасшылары, жастар мен балалардың үкіметтік емес ұйымдары, «Назарбаев университетінің» студенттері бүгінгі күні тек құрылым ғана емес, баланың тіршілік әрекетінде педагогикалық тұрғыда қалыптасқан ерекше ортасы; педагогикалық жаңартылған әлеумет болып табылады.

«Жас Ұлан» балалар қозғалысының жаңа жүйесі жалпы мәдениетті қалыптастыру аумағын кеңейтеді, балалардың ішкі әлемінің пайда болуына,

жаңа құндылық бағдарының қалыптасуына ықпал етеді, баланың әлеуметтік дамуын ынталандырады.

Құндылықтар балалар мен жасөспірімдердің ұйымдарында балаларды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің мәні болып табылады. Осының өзі баланы әрекет арқылы қабылдауға және әрекетті бағалауға, адамгершілік тұрғысынан, қоғамдық мақұлданған бағытта бастамашылдыққа және қолдай білуге үйретеді.

Осылайша тәрбие тұлғааралық өзіндік бағалау әрекеті ретінде баланың құндылықты дамуын қамтамасыз етеді, қоғамдық, мәдени, экологиялық, өндірістік және басқа да міндеттердің шешіміне қатысу арқылы әлеуметтендіру оларға алғашқы әлеуметтік-адамгершілік тәжірибесін иеленуге ықпал етеді.

Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының артықшылықтарына келесілерді жатқызуға болады:

- көшбасшылықтың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайлардың жасалуы;

- түрлі шараларда құрдастарымен өзара әрекеттесудің оң тәжірибесін алудың бірегей мүмкіндіктері ұсынылады;

- әрекеттердің стандартталуы жоқ қатаң бағалау жүйесі, бұл өз кезегінде жас ұландардың заманауи қызығушылықтарын шығармашылық тұрғыда іске асыруға және олардың командаға бірігуіне ықпал етеді.

Балалар мен жасөспірімдер қозғалысының ғасырлық тарихы бар десек те болады, бұрынырақ бұл іспен көп жағдайда скаутизмнің, пионерлік ұжымдардың тәжірибелерін талдап отыратын педагогикалық ғылым айналысқан.

Бүгінде зерделеудің нысаны өзгерді: балалардың бір ғана бұқаралық саяси ұйымының орнына балалар мен жасөспірімдердің әрекетшіл қозғалысы пайда болды. Бұл жағдай балалар мен жасөспірімдердің заманауи ұйымдарының тәжірибелік әрекеттерін талдауға арналған жаңа форматтағы зерттеулердің туындауына себеп болды. Атап айтқанда Е.А. Дмитриенко, М.К. Құрсабаев, А.Н. Тесленко, Д.В. Лепешев, А.К. Жұмашев, Л.В. Алиева, А.В. Волохов және тағы басқалардың зерттеулері. Балалар қозғалысының жаңа моделіндегі моральдық-этикалық басымдықта гуманистік идеалдардың: ұлттық дәстүрдің, патриотизмнің, толеранттылықтың, ынтымақтастықтың, сондай-ақ өз іс-әрекетіне дербес жауапкершілікте болу қағидалары анықталған.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қазақстандықтардың алдына қойған «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыру міндеттері, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары тәжірибесінің таратылуы, мектепте білім берудің 12 жылдық моделіне көшу аясында жүзеге асырылып жатқан орта білім мазмұнының жүйелі түрде жаңаруы «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдердің бірыңғай ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестіктің

әрекетін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу қажеттілігін айқындап берді.

Ұсынымдардың мақсаты – балалар қозғалысының ұйымдастырушылары мен жетекшілерінің инновациялық және шығармашылық әлеуеттерін дамытуда жас ұрпақты белсендендірудің жаңа жүйесі ретінде балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының әрекеттеріне қатысты ұғымды кеңейту және тереңдету.

## 1. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізудегі балалар мен жасөспірімдер ұйымының орны мен рөлі.

Балалар мен жасөспірімдер ұйымының жағдайында құндылықтарға тәрбиелеудің теориялық және әдістемелік негіздерін талдау көрсетіп отырғанындай, балаларды біріктіретін балалар қозғалысы (БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенция бойынша 7 жастан бастап 18 жасқа дейін [4]) – жеке тұлға дамуының, оның әлеуметтенуінің маңызды факторы, өйткені ол замандық қозғалыстың шынайы бір түрі бола тұра, дүние жүзі бойынша демократияның бастапқы сатысы, азаматтылықтың, қоғамдағы шығармашылық әлеуеттің қайнар көзі, деген идея ежелден бар және әлі де орын алып келуде.

Е.Е. Чепурных [5] бойынша балалар бірлестіктеріне үш негізгі функция тән, олар: *дамытушы* (жеке тұлғаның азаматтық, рухани қалыптасуын, оның әлеуметтік шығармашылығының дамуын, адамдармен әрекеттесу, қоғамдық және тұлғалық мәнді мақсаттарды алға тарту және қол жеткізу икемдерін қамтамасыз етеді), *бағдарлық* (балалардың рухани, әлеуметтік, саяси, мәдени құндылықтардың жүйесінде бағдар алуына жағдайлардың жасалуы), *теңгерімді* (қатынас және түсінушілік тапшылығын толықтыру үшін, балалардың басқа қоғамдарда талап етілмеген қажеттіліктерін, қызығушылықтарын іске асыру үшін жағдай жасау).

Балалар, әсіресе жасөспірімдердің және жастардың құрдастарымен арақатынасы өзара араласа түсу икемдерін дамытуда маңызды болып табылады. Өз болмысында бала осы сөздің жоғары мән-мағынасынан қарағанда, әлеуметтік жан: құрдастарымен араласып, ол қосымша білімдерді алады (ғылыми және күнделікті-тұрмыстық), өзінің өмірлік тәжірибесін байытады, әлеуметтік нормаларды және құндылықты бағдарларды меңгеріп алады, бағалау критерийлерін қалыптастырады, құрдастармен араласу тәжірибесін жинақтайды, достық және серіктестік сезімдеріне бөленеді, өзін танытып, өзінің орнын табады, құрдастарымен қатарға қосылу күйінің эмоционалдық-оң күйіне түседі.

О.В.Якубенко балалар бірлестігі жағдайындағы сәйкестендіруді түрлі ұрпақ өкілдерімен мәдени тұрғысына сай қатынас тәжірибесін алуымен байланыстырады [6]. Автор бастауыш мектеп оқушыларының балалар бірлестігіне қосылуы түрлі балалардағы түрлі бейімсіздік нұсқаларын түзетуге бағытталған тәрбиелік ортаны қалыптастыруға ықпалын тигізеді деп есептейді [7].

Балалар бірлестіктерінің функциялары ішінде П.И.Фролов келесілерді атап көрсеткен: әлеуметтік қорғаныс, әлеуметтік сауаттылықты қалыптастыруға әлеуметтік жүріс-тұрысты және әлеуметтік байланыстарды түзету, бейәлеуметтік мінез-құлықтың алдын алу, балаларды әлеуметтік оңалту [8].

А.Н. Тесленко, Е.А. Дмитриенко балалар мен жасөспірімдер ұйымының Отанға деген сезімдерін, оның жеткен жетістіктеріне отансүйгіштік көзқарасын, өз елінің және оның жерінде тұратын халықтардың тарихына құрмет сезімдерін баулудағы жетекші рөліне назар аударады [9].

Е.В. Чердынцеваның пікірінше базалық құндылықтарды тәрбиелеу мәдениеттанушылық, әрекеттестік және тұлғалық-бағдарлы секілді көзқарастармен бірге іске асырумен басталады [10]. Мәдениеттанушылық көзқарас балалардың тарихты, дәстүрлерді, өз аймағының мәдени ерекшеліктерін тануға жүйелі түрде үңілуін және олардың бойында осының негізінде құндылықты бағдарлардың қалыптасуын көздейді. Әрекеттестік көзқарасы мектеп оқушыларының мотивациясын және түрлі пайдалы өлкетанушылық қызметке қосылуына бағытталған. Бұл жағдайда қызметтің жетекші түрлері ретінде проблемалық-құндылықты қатынас, жобалық, зерттеушілік қызметтер шығады.

Сонымен қатар аксиологиялық, тұлғалық-бағдарлы, жүйелі-әрекетті, дамытушы секілді көзқарастарды да атап көрсеткен жөн.

*Аксиологиялық көзқарас* бастапқы күйінде білім алушыларды балалар мен жасөспірімдер ұйымының жағдайында құндылықты дамыту және тәрбиелеудің тұтас жүйесін анықтайды, оның негізінде ең жоғары педагогикалық құндылық, тұтас заманауи білімнің мәні мен базалық ұлттық құндылықтардың жүйесі ретінде ұлттық тәрбиелік идеал жатыр. Көзқарастың тұжырымдамалық негізі – адам, ол дүниедегі өзінің қызметін рухани идеалдардың, рухани ұстанымдардың және моральдық нормалардың негізінде ұйымдастыруға қабілетті субъект, базалық ұлттық құндылықтарды иеленуші.

Аксиологиялық көзқарас берік рухани-моральдық негіздерде ұйым тіршілігінің құрылымын түзуге мүмкіндік береді.

*Тұлғалық-бағдарлы көзқарас* педагогтердің назарын ұйым қатысушысының тұтас тұлғасына, оның тек зияткерлік, жауапкершіліктің азаматтық сезімдеріне ғана емес, сонымен қатар эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық талаптары мен балалар қозғалысында дамыту мүмкіндіктері бар рухани тұлғаға да аударады.

*Жүйелі-әрекетті көзқарас* құндылықтардың даму үдерісінің полисубъектілігін ескереді. Балалар ұйымына қатысты қолданысында ол жалпы білім беру мектептерінің жетекші рөлінде, тәрбиелеу мен әлеуметтендіру қызметінің түрлі субъектілерімен үйлесімділікті қарастырады.

*Қазақстандағы құндылықтар жүйесінің стандарты ретінде «Мәңгілік Ел» құндылықтары енгізілді.*

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінде патриоттық тәрбиенің жеті қағидасы нұсқасында көрініс тапқан, өйткені Қазақстанда нақты бағыт бойынша оқу, сыныптан тыс жұмысты тәрбиелік қызметтегі барлық мүмкін құралдарымен күшейту өзекті мәселе болып отыр [2].

*Бұл қағидалар:*

**Мәңгілік Ел, бұл – Тәуелсіздік және Астана.**

Біз Тәуелсіздікті нығайтудың тарихи ұлы миссиясына адал боламыз.

Біз Астананы халқымыздың гүлденуі мен қуатының жарқын белгісі ретінде әрқашан мақтан тұтатын боламыз.

**Мәңгілік Ел, бұл – Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.**

Біздің Отанымыз бір, ол – Тәуелсіз Қазақстан, біздің еліміз бір – тағдырымыз ортақ.

Бейбітшілік пен келісімнің ұлы ісіне адал халықтың ғұмыры мыңжылдықтарға жалғасады.

**Мәңгілік Ел, бұл – Зайырлы Мемлекет және Жоғары Руханият.**

Азаматтық және рухани құндылықтардың бірлігі бізге өз жолымызды табуға және өзімізді бүкіл әлемге мәшһүр етуге мүмкіндік берді.

Біз еліміздің бірегей рухани келбетін айқындайтын діндер мен өркениеттердің жаһандық сұхбатын одан әрі жан-жақты дамытатын боламыз.

**Мәңгілік Ел, бұл – Инновация негізіндегі тұрақты экономикалық өсім.**

Біз мемлекеттің индустриялық және инновациялық күш-қуатын дамытып, табиғи ресурстар мен қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарап, қоғамда білім мен ғалымдық культін елдің зияткерлік іргетасы ретінде бекітетін боламыз.

**Мәңгілік Ел, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.**

Елдің барлық табыстары мен жетістіктері – барша қазақстандықтардың күн сайынғы қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Біз елдің әрбір азаматының жасампаздық әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасай отырып, еңбексүйгіштік және жауапкершілік, Еңбек Адамына құрмет сынды құндылықтарымызды нығайтамыз.

**Мәңгілік Ел, бұл – Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортақтығы.**

Біз ортақ тарихи мұрамызды мұқият сақтайтын боламыз.

Біз Қазақстан халқының мәдени әралуандығын арттыра түсеміз.

Біз мемлекеттік тілді қоғамды біріктірудің негізі, үштілділікті - Елдің бәсекеге қабілеттілігінің басты шарты ретінде дамыту қағидатын ұстанатын боламыз.

Біз – Үлкен Ел – Үлкен Отбасымыз.

**Мәңгілік Ел, бұл – Ұлттық қауіпсіздік пен Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.**

Біз өз жетістіктерімізді қорғауға тиіспіз.

Ұлттық қауіпсіздікті нығайту әрбір азаматтың, өз елі патриотының қасиетті парызы болып саналады.

Біз бейбітшілік пен келісім идеясын ілгерілетіп отырып, еліміздің халықаралық аренада мойындалған беделін нығайта түсетін боламыз.

Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев біздің еліміздің ұзақ мерзімді даму әлеуеті шеңберінде абзал міндеттерінің бірі ретінде қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың міндеттерін айқындап берді.

*Дамытушылық тәсілдеме* психологиялық-педагогикалық, коммуникативтік жағдайларды қолданумен сипатталады.

Педагог білім алушыға және оларға арналған отбасылық, әлеуметтік, мәдени өмір, өз-өздеріне (соның ішінде: Отан, Отбасы, Мейірімділік, Заң, Арнамыс деген не? Ұлттық құндылықтардың базасы не?) деген оқытудың мазмұнын, яғни құндылықтар сауал түрінде ұсынылған кезде дамыту мен тәрбие берудің дамытушы сипатына қол жеткізіледі. Түсіну (сұраққа жауап



беру), құндылықтардың қоғамдық мәні мен олардың тұлғалық мағынасы ашылғанда ұғыну арқылы қол жеткізіледі.

Базалық құндылықтардың әрқайсысы педагогикалық тұрғыда сауал ретінде айқындалып, тәрбиелік міндетке айналады. Оны шешу үшін оқушылар педагогтермен, ата-аналарымен:

- жалпы білім беретін пәндерге;
- өнер туындылары мен киноға;
- заманауи өмірден хабар беріп отыратын мерзімдік әдебиеттерге, жарияланымдарға, радио және телебағдарламаларға;
- Қазақстан халқының рухани мәдениеті мен дәстүрлеріне;
- өз Отанының, өз өлкесінің, өз отбасының тарихына, дәстүрлері мен заманауи өміріне;
- өз ата-анасы мен ата-бабасының өмірлік тәжірибесіне;
- педагогикалық тұрғыда ұйымдастырылған әлеуметтік және мәдени тәжірибелер аясында қоғамдық пайдалы және тұлғалық маңызды әрекеттерге;
- ақпараттың және ғылыми білімнің басқа да көздеріне, өмірдің басқа да мәдени, азаматтық субъектілеріне және оның мазмұнына назар аударады.

Осылайша, балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының түрлі әрекеттерінің мазмұны құндылықтарға қатысты сауалдар мен олардың міндеттері түрінде қалыптасқан аяда бірігеді. Өз кезегінде, құндылықтар білім беру процесінің мазмұнында және мектеп өмірінің бүкіл кезеңінде біртіндеп ашыла түседі.

Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының жағдайындағы құндылықты бағдарлауда педагог рөлі көзқарасының орны бар.

Е.Г.Ожогованың пікірінше тұлғада психикалық шалдығу синдромының болмауы мұғалім үшін маңызды [11]. Жоғары деңгейі - педагогтің жұмысқа деген қызығушылығының болмауы, ал төменгі деңгейі – оның өзін-өзі бағалай алмайтынын білдіреді. Бұл ретте, оның өзіне тұлғалық ресурстарды белсендендіру қажет. Керісінше, белсенді педагог өмірлік, әлеуметтік, мәдени, адамгершілік пәрменінің базасын жасақтайды.

Д.В. Лепешев, А.К. Жұмашев, балалар қозғалысын ғылыми танымның мәні ретінде зерделеп, бүгінгі уақытта балалар қозғалысын зерттеумен болжам бойынша балалық шақтың әлеуметтік кинетикасы деп аталатын жаңа ғылым айналысатынын атап көрестті [12].

Балалық шақтың әлеуметтік кинетикасы балалар қозғалысын мемлекет пен қоғамның жүйесінде келесі ретте қарастырады:

1. Балалар дүниесі мен ересектер дүниесін шынайы байланыстыратын ерекше әлеуметтік құбылыс.

2. Балалардың қоғамдық өмірге қатысуының ерекше нұсқасы, ол өз құрамында баланың әлеуметтік құқықтары мен еркіндіктерін іске асырудың механизмдерін объективті құрайды.

3. Жеке тұлғаның әлеуметтенуі барысын бағыттап отыратын өзіндік ерекшелігі бар әлеуметтік-тәрбиелік институты.

Зерттеушілермен жаңа ғылым мәні аясындағы зерттеушілермен (педагогтер, психологтар, әлеуметтанушылар, философтар, тарихшылар,

саясаттанушылар, мәдениеттанушылар, дәрігерлер, құқықтанушылар) белгіленіп, төмендегідей үш аспектіні:

- балалар қоғамдық бірлестігі мен ұйымының феноменін;
- балалар қоғамдық бірлестігінің қызметі, оның қызмет етуі, әлеуметтік әрекеттесуін;
- қоғамдық бірлестік пен ұйым қызметінде жеке тұлғаның қалыптасуын құрайды.

*Балалар ұйымының барлық қызмет түрлері үш топқа бөлінеді.*

Функциялардың бірінші тобына *мақсатты функциялар* кіреді, олар ұйым қызметінің мақсаттарын құрайды; балалардың түрлі қызығушылықтарын, олардың зияткерлік, рухани және физикалық дамуын қанағаттандыруға бағытталатын; балалардың әлеуметтік қатынастарын реттеуге, олардың әлеуметтік саулығы үшін жағдай жасауға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық функциялар.

Екінші топқа *коммуникативтік функциялар* кіреді, олар сайма-сай әлеуметтік ортаның қалыптасуына, балалар ұжымының дамуына бағытталады.

Үшінші топқа алғашқы екі топтағы функциялардың жүзеге асуын қамтамасыз ететін *ұйымдастырушылық функциялары* кіреді: жоспарлау, рефлексия, түзету, бақылау және т.б.

Балалар ұйымының *ерекше функцияларына* дәстүрлермен қатар, келесілер:

- жасөспірімдердің түрлі қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандырудың негізінде, өз қызметін ұйымдастыруына, өз орнын табуына және өздігінен дамуына ықпал ету;

- ұйым мүшелерінің құқықтарын, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қорғау;

- балалардың және жасөспірімдердің гуманистік дәстүрлерге негізделген, меншікті оң тәжірибесінің қалыптасуының көзі ретінде шығатын әлеуметтік тәжірибені меңгеруі үшін жағдай жасау жатады.

*Ғалымдардың балалар мен жасөспірімдердің баланың құндылықтарға негізделген дамуындағы рөлі туралы пікірлерді басшылыққа алып, оның мынадай қырларын бөліп көрсетуге болады:*

- балалар қозғалысының басты рөлі бала үшін нәтижесі құндылықты құзыреттіліктер болатындай құндылықты практикалық-бағдарлы қызметтің үдерісін ұйымдастырумен көрінеді;

- ұйым әлеуметтік мәні бар құндылықтардың меңгерілуі үшін жағдай жасайды;

- ұйым заманауи ғылыми көзқарастарға негізделеді, бұл заманауи негіз қалаушы құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- *Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер ұйымы «Мәңгілік Ел» ұлттық құндылықтарына дағдыландырады.*

2011 жылдың 6 шілдесінде Қазақстан Республикасында еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «Жас Ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымы құрылды. «Жас Ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымы Қазақстан Республикасының барлық оқушыларын біріктіріп отыр.

Қазіргі уақытта қызмет көрсетіп отырған мектептік ұйымдар республикалық ұйымның бір бөлігі болып табылады.

«Жас Ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымының қызметі туралы Ережелерінде жоғары рухани-адамгершілік құндылықтарының, гуманизмнің, толеранттылықтың және демократизмнің негізінде өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизмінің рухында, қалыптастыратыны анықталған [13].

«Жас Ұлан» жас ерекшеліктерін ескеру қағидасын ескеріп, екі деңгейден құрылған: 1-4 сынып оқушылары секілді ұйым мүшелері (6-10 жас) «Жас Қыран» қатарына, ал 5-10 сыныптардың оқушылары (11-16 жас) «Жас Ұлан» республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қосылу балалардың өз еркімен, оқушылар мен олардың ата-аналарының қалауы бойынша жүргізіледі. Республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшесі болу мақтаныш және үлкен құрмет. Республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына ең алдымен оқуда жетістіктері бар, белсенді азаматтық айқындамасын Республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымына танытқан мектеп оқушылары қабылданады.

«Жас Ұлан» ұйымының мақсаты – өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білімге және өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлықты, өз ісіне жауаптылық көзқарасын, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілігін қалыптастыру.

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының бірыңғай *басым міндеті* қатарына:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;

- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;

- танымдық қызметін ынталандыру;

- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;

- баланың бойында жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту жатады.

«Жас Ұлан» ұйымы қызметінің *жетекші қағидалары қатарына шығарылғандар*:

- азаматтық сана-сезім және жалпы адами құндылықтардың басымдылығы;

- еріктілік және қол жетімділік;

- ұрпақтар сабақтастығы мен «Жас Ұлан» ұйымының дәстүрлерін сақтау;

- ұйымның негізгі мақсаты мен міндетін жүзеге асырудағы ересектермен балалардың бірлігі;

- қызметтің патриоттық, толеранттық, рухани-адамгершілік бағыты.

«Жас Ұлан» ұйымы *қызметтеріне*:

- тәрбиелік;

- танымдық;

- коммуникативтік;

- әлеуметтік;
- ақпараттық;
- шығармашылық жатады.

Мықты тәрбиелік әлеуетіне ие бола тұра, «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы әрбір функциясын «Мәңгілік Ел» құндылықтарына баулуға бағыттауы тиіс:

- *тәрбиелік функция* – өмір үлгілерін, мінез-құлық мысалдарын дарыту, құндылықтарды насихаттау, дүниеге, адамдарға, өзіне көзқарасы және т.б.;

- *танымдылық функция* – білімділік құндылықтары (дүние туралы ауқымды білімдер) және оларды әлеуметтік тәжірибеден өткізу;

- *коммуникативтік функция* – қатынастың әлеуметтік нормалары, тіл мәдениеті эталондарының құндылықтары, оларды ұтымды коммуникативтік үдеріс арқылы өткізу (ақпаратпен тиімді алмасу, коммуникативтік жүріс-тұрыс);

- *әлеуметтік функция* – балаларды және жасөспірімдер ұйымдарының ауқымды әлеуметтік байланыстарға қосылуына және өзінің әлеуметтік ортадағы орнын табуға көмегін тигізетін жалпы адами құндылықтар, ұлттық жүйе мен құндылықтар;

- *ақпараттық* – *білімділік, рухани және мәдени қажеттіліктерді қамтамасыз ететін* жиналған, өңделген және анықталған ақпараттық (өзекті, объективті, қаныққан) құндылықтар, сонымен қатар ақпараттық жүріс-тұрысты және жеке құндылықты қызығушылықтарын моделдеу;

- *шығармашылық* – баланың шығармашылық әлеуеті, оның табиғи талаптары, жасампаз шығармашылық еңбек құндылықтары.

Базалық ұлттық құндылықтар жеке оқу пәнінің мазмұнында, білімділік қызметтің нұсқасында немесе түрінде жинақталмаған. Олар мектеп өмірінің, оның оқу мазмұнының тұтас өзегін құрып, мектеп оқушысының адам, жеке тұлға, азамат ретіндегі көпқырлы қызметін тұтас қамтиды. «Мәңгілік Ел» ұлттық құндылықтары тұлғаның тәрбиесі мен әлеуметтенуі кеңістігінің мәндік негізін құрайды. Бұл кеңістікте жеке оқу пәндері арасындағы, мектеп және отбасы арасындағы, мектеп пен қоғам арасындағы, мектеп пен өмір арасындағы кедергілер жойылады.

«Мәңгілік Ел» құндылықтары балалар мен жасөспірімдердің бірігуіне бағытталған.

*«Мәңгілік Ел» ұлттық құндылықтарына баулудағы түбегейлі рөл қоғамдық ұйымның ұйымдастырушылары мен жетекшілеріне берілген.*

Дәл соларға келесідей жаңғырту шараларын іске асыру міндеті жүктелген:

- мазмұндық қызметті;
- балалар мен жасөспірімдердің өзінің орнын табудағы нұсқаларын;
- балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттері мен қажеттіліктерін дамыту әдістерін;

- оқушылар мен мұғалімдер, бірлестіктегі оқушылар, мұғалімдер мен оқушылардың ата-аналары, балалар мен әлеуметтік орта арасындағы тұлғааралық өзара қатынастар мен өзара әрекеттесулердің жаңа жүйесін құру.

Педагогикалық өзара әрекеттесу баланың өзінің танымы мен дамуының деңгейін, ырғағын, көлемін, нәтижесін ерікті таңдауға деген бала құқықтарын сөзсіз тануға негізделуі тиіс.

Осы айқындамалардың барлығы балалар ұжымының бағдарламаларында, жұмыс жоспарларында, Ережелерінде, Жарғыларында көрінісін табуы тиіс, бұл өз кезегінде «Мәңгілік Ел» құндылықтарын дамытып, оны бекітуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ұстаздар білім алушыға формалды ұрандату деңгейінде рухани құндылықтар мен нормаларды дарытудың мүмкін емес екенін түсінуі қажет. Қандай да бір құндылықтардың немесе нормалардың жетік меңгерілмеуі адамның жеке сферасының тұтас сыйықсыздануына әкелуі мүмкін. Жеке тұлға дегеніміз – бұл меншікті еңбек пен ізденуден шыққан өнім. Сондықтан педагогтердің міндеті – балаларға өз ісін, рөлін, орнын, мақсатын, мүддесін, қоршаған ортасын, мәртебесін, перспективасын табуға көмек көрсету. Тек белсенді практикалық қызметте ғана жеке тәжірибе жинақталып, рухани құндылықтар шындалады.

Осы орайда «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымындағы педагогтің құзыреттіліктерін анықтап алған орынды.

**«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы ұйымдастырушысының құзыреттіліктері**

<b>Білімділік құзыреттіліктер</b>	<b>Әдістемелік құзыреттілік</b>	<b>Жеке тұлғалық мәні бар қасиеттер</b>
1. Жалпы, ерекшелік психологиясын, әлеуметтік педагогиканың теориясын білу. 2. Балалар ұйымдарының ерекшелігі сферасындағы, олардың даму тарихы мен теориясындағы кәсіби құзыреттілікті білу. 3. Заманауи формаларды, әдістемелерді, тәрбие жұмысының модельдерін білу. 4. Балалар құқығын қорғау аясындағы құқықтық білімдердің болуы. 5. Психологиялық-педагогикалық бағыттағы диагностикалық әдістерді білу.	1. Балалардың шығармашылық қабілеттері мен бейімдерін жүзеге асыру үшін жағдай жасай білу. 2. Балалардың қажеттіліктерін түсіну. 3. Балалармен байланыс орнату, тұлғааралық қатынастарды реттей білу. 4. Балалар бірлестігімен жұмыс жасау әдістемесін меңгеру. 5. Педагогикалық міндеттерге қарай жұмыс бағытын өзгерте білу. 6. Өздігінен білімін жетілдіруге қабілеттілік.	1. Рухани және педагогикалық мәдениет. 2. Коммуникативтілік. 3. Зияткерлілік. 4. Бастама шығаруға дайындық. 5. Жауапкершілік. 6. Өздігінен ұйымдастыруға жеке тұлғалық қабілеттілік. 7. Шығармашылық әлеует. 8. Жалпы білімпаздық. 9. Ой өрісінің оң нәтижеге бағытталуы.

*«Мәңгілік Ел» құндылықтары «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қызметінде негіз қалаушы болып, бірлестік мүшелерінің келесі:*

зияткерлік; спорттық; шығармашылық; қоғамдық қызмет; ақпараттық құқықтық даму бағыттары бойынша іске асырылуы тиіс.

*Балалардың зияткерлік дамуындағы негізгі бағыттар болып табылатындары:* ой-өрістің операциялық қырын қалыптастыру (ақпаратпен жұмыс жасау, оны талдау, жинақтау икемі), білімдер, мотивация, өздігінен ой құру, өз қабілетіндегі сенімділік, ой қызметінің тереңдігінің, қисынының және белсенділігінің, білімге және білімділіктің беделіне деген сенімнің жиынтығы.

Нәтижесінде зияткерлік деңгейі жоғары балалар өзін-өзі бағалаудың саймасай деңгейін, ішкі еркіндікті және өзін-өзі бақылаудың, танымдық қызығушылық пен бастамашылдықтың жоғары деңгейін алып шығады. Бұл оларға зияткерлік ойындарға, дебаттарға, пәндік және шығармашылық олимпиадаларға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, пікірталастарға өнімді қатысушы болуға көмектеседі.

Зияткерлік қабілеттердің толыққанды дамуы жақын болашақта қоғам проблемаларын іске асыруға үлес қосатын балалар үшін өте маңызды. Баланың зияткерлік жетілуінің дәрежесіне оның осы әлеуметтегі өзіндік рөлін түсінуі тәуелді. *Қалыптастыруға жататын зияткерлік дайындық – «Мәңгілік Ел» идеясына сәйкес ұлттың зияткерлік іргетасын құрайтын құрамдастардың бірі болып табылатын құндылық.*

Баланың зияткерлік дамуы заңдылықты кезең алмасуымен сипатталады, ондағы әрбір жаңа кезең келесісін дайындайды. Ойдың жаңа нұсқаларының пайда болуымен, ескі нұсқалары жойылмай, сақталады да, толықтырылады. Осылайша, мектеп оқушыларының ой-өрісі бара-бара қиындай түсетін міндеттерді шешуде өз мәнін таба отырып, жаңа мазмұнына ие болады. Сонымен қатар, зияткерлік ой икемді, ерекше ойлау қабілетінің дамуында, құбылыстар мен нысандарға деген зерттеушілік көзқараста көрініс беріп, едәуір жоғары деңгейге шығады.

*Спорттық даму өзінің міндеттерінің қатарына* балалар бойында салауатты өмір салтындағы қажеттіліктер мен дағдыларды, салауатты өмір салтының мәдениетін, өз денсаулығын, зиянды әдеттерге теріс көзқарасын, дене мәдениеті мен спортқа сүйіспеншілікті тәрбиелеу үшін жауапкершілікті арттырады.

Нақты бағыт аудиториялық сабақтарды және көпшілік спорттық іс-шараларын (спорттық фестивальдар, ойындар, спартакиадалар, олимпиадалар); дене шынықтыру-сауықтыру қызметін (жазғы дене шынықтыру-сауықтыру лагерлерін, туристік жорықтарды, кросстарды, жарыстарды және т.б.) біріктіреді; зерттеушілік қабілеттерді және өздігінен шешім қабылдау икемдерін қалыптастырады, бәсекелестікпен құмарландырып, адамның қоршаған ортамен қатынасын үйлесімділікке жеткізеді.

Балалардың балалар ұйымындағы спорттық дамуында денсаулықты нығайту, ағзаны шынықтыру және оның жан-жақты физикалық дамуы үшін де, табандылық, байыптылық, жігер, дербес әрекеттелік, сабырлық, өзін-өзі бағалау секілді жеке қасиеттерін де тәрбиелеу үшін барлық алғы шарттар жасалады [14].

Нақты бағыттағы қызметтің мазмұны келешек өмірінде, кәсіби қызметінде, әскер қатарында табысты түрде іске асыру үшін тәрбиеленушілердің әлеуметтік өзара әрекеттесудің жаңа білімдері және біліктерін алуы үшін ынталандыру шарасы болып табылады.

*Балаларды және жасөспірімдерді спорттық бағытқа тарта отырып, педагог оның елдің ұлттық қауіпсіздігі секілді «Мәңгілік Ел» құндылықтарын меңгеруге көмектеседі.*

Балалар мен жасөспірімдер ұйымындағы *шығармашылық дамыту* – шығармашыл тұлғаның жаңа мүмкіндіктерін тудырудың және оларды шындыққа айналдырудың шексіз үдерісіндегі маңызды бағыттардың бірі.

Шығармашылық – бұл жеке тұлғаның өз орнын табу нысаны; бұл дүниеге деген ерекше, қайталанбас көзқарасын білдірудің мүмкіндігі. Нақты жағдайда қоғамдық ұйымдардың жетекшілері балаға өзін «ашуға», өзінің ең жақсы деген қасиеттерін танытуға, мейлінше өзінің әлеуетті мүмкіндіктерін іске асыруға көмектесуі тиіс. Дүние танымының үдерісі ретінде шығатын шығармашылық поэзияның, көркемсуреттің, саздың, бидің өзара байланысы арқылы жақсырақ орындалады, олар өзінің болмысында шығармашыл тұлғаның барлық жақтарын дамытуы тиіс, олар: қиял, түйсік, эстетикалық талғам және эмоциялық аясы, көркемдік суреттеу ойы, құбылыстарды тұтас қамту және оны синтездеуге қабілеттілік. Дамудың дәл осындай іргетасы мектеп жасында, шығармашылық қызмет үдерісінде, дарынды жастар слеттерінде, түрлі бағыттағы конкурстарға қатысу арқылы қаланады.

Ұйымның міндеті – балаға оның өмірге деген шығармашылық көзқарасын сақтап қалу.

Жылдам өзгеруге бейім дүниеде, дамудың қозғалтқыш күштерінің бастылары қатарында өмірдің әлеуметтік, экономикалық аясында да жаңашылдық шығып, онда басты орын қиял мен шығармашылыққа берілуі тиіс, себебі олар адам еркіндігінің айқын белгісі болып, жеке жүріс-тұрыстарды стандарттарға бағындыру нәтижесінде өзгеріске ұшырауы мүмкін. ХХІ ғасыр дарындылар мен жеке тұлғалардың алуан түрлілігін қажетсінеді, ондай жағдайда сөз кез-келген өркениеттің дамуында қажетті болатыны күмән тудырмайтыны біртуар адамдар туралы ғана көтеріліп қоймайды. Осыған орай балалар мен жасөспірімдерге эксперимент жасау, көркемсурет және мәдениет аясындағы жаңалықтарды ашу мүмкіндіктерін беріп, олар адамзат қызметінің осы аяларында алдыңғы ұрпақтар немесе замандастар қолымен жасалғаны туралы қызықты әңгімелерді толықтыратындай болуы тиіс [12].

*Осы бағытта балалар «Мәңгілік Ел» - Бұл Тарихтың, Мәдениеттің және Тілдің Бірлігі» құндылығына тартылады, олар үшін өмірдің құндылықты негізі – Еңбек анағұрлым толық ашылады.*

*Қоғамдық қызмет* – бұл балалар бойында жеке тұлға қасиеттерінің, көзқарастары мен ұстанымдары жүйесін қалыптастыруға бағытталған мақсатты әрекет. Осы бағыттың міндеті – балалардың, жасөспірімдердің ортасында қоғамдық бірлестіктер қатысушыларының түрлі әлеуметтік белсенділігінің үлгілерін көрсетіп, таныту үшін жағдай жасау.

Балалардағы қоғамдық бастамаларды дамыту қағидаларына қойылатын талаптар:

- Міндеттілік. Қызмет қағидаты – балаларда нақтылықты және міндеттердің дер кезінде орындалуын тәрбиелеу;

- Құзыреттілік. Бұл қағидаттар өз құрамында бір уақытта және кезектестіріп қолданылуын көздейтін кешенділік талабын көрсетеді. Күрделілігі әртүрлі іс-шараларды ұйымдастырып, өткізуге оқыту жүреді.

- Тең мәнділік. Бұл қағидат – балаларда жақынына көмек көрсету және еңбекке сүйіспеншілік білдіру қасиеттерін тәрбиелеу.

Түрлі қызметтердің қоғамдық мәнді мақсаттары оқушылармен қабылданып, олардың меншікті мақсаттары қатарына қосылуы үшін мыналар қажетті:

- әр баланың бойында қызметтің қоғам үшін мәнді мақсаттарын қабылдауын қамтамасыз ету;

- оқушылар бойында қандай да бір қызмет түріне қосылуға ынта білдіруге ықпал ету, оның барысында қоғамға мәнді мақсаттар белгіленіп, іске асырылады;

- әр оқушының қосылған әрекет түрінде табысқа жетуін қамтамасыз ету;

- оқушы қызметінің нәтижесін қоғамда танылуын және бағалануын қамтамасыз ету;

- олардың бойында жаңа қоғамдық мәнді мақсаттарды іске асыруға бағытталған «мейірімді істер» аясын өздігінен кеңейтіп отыру қажеттілігін ояту болып табылады.

Бағыттың жетекші нұсқалары ретінде жобалық қызмет, волонтерлік қызмет, әлеуметтік жобалау шығады. «Мәңгілік Ел» құндылықтары нақты бағытта терең меңгеріледі, өйткені мектеп оқушылары меншікті жобаларын, бастамаларын әзірлеп, оны өмірге енгізу құқығына ие, олар үшін бұл жағдай өзінің орнын табу және келешектегі табысты әрекеті үшін маңызды шарт.

Қоғамдық қызметтегі балалар ұйымының өзектілігі дәл осы ерекше әлеуметтік-педагогикалық қызметте - әлеуметтік тәжірибе жинақтауда.

Әлеуметтік тәжірибе құндылықтар мен жеке тұлға ұстанымдарының жиынтығы ретінде адамның өзге адамдармен, қоршаған ортамен өзінің тіршілігінің экономикалық, саяси және рухани аяларында өзара әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасады. Әлеуметтік сынақтар әлеуметтік тәжірибенің қалыптасуындағы негіз болып табылады. Бұл нәтижесінде балаға қандай да бір мәселені шешу қажеттілігі туындайтын жағдайлар: рухани таңдау, қызметті ұйымдастыру амалын таңдау, әлеуметтік рөлін таңдау және т.б. Осындай жағдайда бала үшін бір қиындық туындағанда, және оны өздігінен шешу үшін жағдай жасалғанда, өзін-өзі тәрбиелеудің әдісі ретінде әлеуметтік сынақ (сынау) үшін мүмкіндік туындайды [15].

Әлеуметтік сынақтар адам өмірінің және оның әлеуметтік байланысының барлық аяларын қамтиды. Осындай жағдайға қосылу барысында балаларда белгілі бір айқындама мен әлеуметтік жауапкершілік қалыптасады, олар келешекте әлеуметтік ортаға қосылу үшін негіз болады.



*Әлеуметтік тәжірибе әлеуметтік шынықтыру қазғдасы арқылы, яғни балаларды шынайы немесе еліктеген жағдайларға тарту арқылы іске асырылады, онда мыналар қажет:*

- әлеуметтің теріс ықпалына бағынбау үшін ерік-жігер күшін;
- әлеуметтік иммунитет;
- күйзеліске төзімді рефлексивті айқындама;
- күрделі жағдайда өзінің жүріс-тұрысының бірнеше нұсқасын жобалай білу қабілеті.

*Балалар ұйымындағы әлеуметтік мәнді қызмет үшін жағдайлар балалардың өзін-өзі басқаруын дамыту арқылы құрылуы мүмкін. Дәл осындай жағдайда, балалар өз қызметінің мазмұнын өздері анықтайтын өздері өз қызметін жоспарлайтын, шешім қабылдап, оны жүзеге асыратын кезде, олардың мүмкіншіліктерін ашуға, бар әлеуетін дамытуға жағдай жасалады. Өзін-өзі басқару түрлі әлеуметке пайдалы және шығармашыл істерді ұйымдастыру арқылы балалардың өз орнын табудағы қажеттіліктерін біріктіреді.*

Балалар ұйымында өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру көп жағдайда балалардың қоғамға пайдалы қызметін ұйымдастыру амалына тәуелді [15]. Балалар ұйымы мүшелерінің өмір-тіршілігін ұйымдастыру амалы мен оның нәтижесіне қанағаттану арасында тікелей байланыс пен тәуелділік бар. Ол орынды да, сондықтан өз орнын табу нәтижесі мен оның іске асырылатын қызмет түрін ұйымдастыру амалына да тәуелділік туралы сөз көтеруге болады. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, балалардың қызметі неғұрлым жақсы ұйымдастырылса, соғұрлым оның тиімділігі артып, олардың өз орнын табу мүмкіншілігі де өседі.

*Ақпараттық-құқықтық дамыту – қоғамдық бірлестік өмір-тіршілігін қамтамасыз етудегі маңызды бағыттардың бірі.*

Нақты бағыт бойынша мектеп оқушыларын журналистика негіздеріне, журналистика теориясына, жанрлардың теориясына, редакторлау негіздеріне, балалар ұйымының интернет-сайтымен жұмыс түрлеріне оқытып-үйретуге көп көңіл бөлу керек.

Ақпараттық қызмет жас адамдардың өзекті іс-шараларға қатысуы (өз құзыреттіліктерінің деңгейін сынап алатын конкурстар, түрлі деңгейдегі фестивальдер), олардың уақыт куәсі ретіндегі рөлі туралы ақпараттану дәрежесін арттыру үшін мүмкіндіктер тудырады. Бұл ХХІ ғасырда адамның өздігінен қоршаған ортаны түсінуі қиынға соғатын дағдылардың жиынтығы. Бірақ тәжірибеге сүйенсек, ортақ міндеттерді шешу ісінде ересектер балалар туралы пікірді өзгертіп, оларды әріптес ретінде қабылдауы үшін әлі көп еңбектену қажет.

Балалардың бүгінгі зерттеп отырғаны ертеңгі дүниені қалыптастыратыны туралы болжамды басшылыққа ала отырып, ерте жасынан ақпараттану деңгейін арттыру келешектегі мемлекеттік міндеттерді шешудің тиімді амалы болмақ.

Бірақ балалар мен жасөспірімдердің ақпараттану деңгейін арттырудың жалғыз өзі жеткіліксіз. Олар қоғамдық өмірдегі өзгерістердің белсенді

жолсерігі болуы үшін, білімдердің әрекетке, ақпараттық-насихаттау жұмысына айналу жолдарын қамтамасыз етуге, өз пікірін жергілікті, ұлттық және жаһандық даму өзгерістерінің шеңберінде білдіруге, балалар әлеуетінің өзінің дүниесін қалыптастыруына қатысты іске асыру жолдарын ашуға жағдай жасау керек.

Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселесі ерекше өзектілікке ие, оның алдында адамзатпен жинақталған ақпараттық ресурстарды тиімді пайдаланудың кең перспективалары ашылуда.

*Ақпараттық мәдениет* – бұл жеке ақпараттық қызметті ұтымды іске асыруға мүмкіндік беретін білімдердің, біліктердің және дағдылардың жүйеге келтірілген жиынтығы, ол оқушылардың оқу, ғылыми-танымдық және басқа да қызметтерінің барысында пайда болған ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастырудағы тұтастық тұжырымдамасының болмауы, сонымен қатар жас ұрпақты ақпаратты қоғамдағы өмірге дайындау міндетінің жаһандық ауқымы осы мәселеге жалпы мемлекеттік мән беруде. Оның шешімі ретінде ерекше орынды балалар мен жасөспірімдер ұйымы алатыны сөзсіз.

*Балалардың ақпараттық дамуы бірнеше кезеңмен өтеді.*

Оқушылар танымының белсенді қалыптасуы бастауыш мектепте басталады да, оқушының есейген кезеңдерінің барлығында жалғасын табады.

*Оқытудың төменгі буынында* білімдерді жинақтау мен қабылдау үдерісі, осы білімдерді басымдылық сипатымен меңгеру үдерісі жүреді: білімдер неғұрлым қызықты, дәстүрден тыс түрінде, бейнелі болса, соғұрлым балаларда оны алуға деген құштарлық пен қызығушылық мол болады.

Оқытудың орта буынында ақпаратты алу, оны үнемі пайдалану дағдысы қалыптасып, ақпаратты иемденудің тұрақты қажеттілігі пайда болады. Дәл осы оқытудың орта буынында оқушылар үшін олардың ақпараттық ой-өрісін мейлінше дамыту, ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ету үшін жағдай жасау керек [16].

Бұл бағыттың және бір қыры маңызды. Балалар ақпараттық дамуы үшін балалар ұйымындағы пресс-орталықтарына бірігеді, онда құрдастар арасындағы қарым-қатынастар анықтаушы және басымдылық күшін алып, осындай жағдайда алынған ақпарат жасөспірімдердің бойында ересектердің ұсынып отырған білімдеріне қарағанда, едәуір мәнді көрінеді. Бұл жағдайда балалар шығармашылық қоғамдастықтың қатысушысы болады, ол бір-бірін толықтыратын байланыстар арқасында тіршілік етіп, дамып отырады [17].

Құқықтық мемлекеттің құрылысы өскелең ұрпақтың бойында жеке тұлғаның азаматтық қасиеттерін тәрбиелеусіз мүмкін емес. Сондықтан *мектеп оқушыларының құқықтық санасын тәрбиелеу нақты ұйымның басты міндеттерінің қатарына шығады.*

Тек құқықтық және рухани нормалар мен жүріс-тұрыс ережелерінің үйлесімділігі жағдайында ғана азаматтар заңға бағынатын, тәртіпті де, атқарушы болып шығады. Ұйымның басты міндеттері:

- оқушыларды мемлекеттің құқықтық нормаларымен таныстыру;
- елдегі заңдарға құрметпен қарау және оларды орындау қажеттілігіне сенімді тәрбиелеу;
- заңға бағына білу, жүріс-тұрысын, өз құқықтары мен еркіндіктерін белгіленген тәртіпте қорғау дағдыларын қалыптастыру;
- бала құқығына қатысты негізгі нормаларды меңгеру, нақты жағдайларда алған білімдерін пайдалана алу білімдерін қалыптастыру.

Құқықтық және азаматтық міндеттерін орындау мазмұнына мемлекетке, еңбекке, отбасына және қоғамға құқықтық қатынас та енеді. Мектептің әрбір түлегі қоғамдағы жүріс-тұрыстың нормалары мен ережелерін, өз құқықтары мен міндеттерін, ата-аналардың балаларға және балалардың ата-аналарға қатынасын реттейтін еңбек туралы негізгі ережелерді меңгеріп шығуы тиіс.

Құқықтық тәрбие бойынша жұмыстың қажеттілігі Қазақстан азаматтарының өз құқықтары мен міндеттерін толық білмеуінен туындаған.

Балалар қоғамдық бірлестігінің қатысушылары - жасөспірімдердің азаматтылығындағы құрылымдық құрамдастары топтарға біріккен азаматтық қасиеттерді анықтайды: азаматтық-елжандылық, рухани-адамгершілік, моральдық-еріктің және іскерлік, құқықтық және когнитивті-құндылықты қасиеттер [18].

Азаматтылықтың жетік қалыптасу деңгейінің мониторингі мына өлшемшарттар бойынша анықталады:

- когнитивті өлшемшарт, ол қоғам мен мемлекет, азаматтық құқықтар мен міндеттер, қоғамдық нормалар, азаматтылық елжандылық туралы білімдерінің болуы, олардың толықтығы мен тереңдігі және т.б. туралы білімдерін көздейді;
- мотивациялық-құндылықты өлшемшарт, оның құрамына әлеуметтік маңызды қызметке қызығушылықтардың және саналы мотивтердің болуы, азаматтық қасиеттердің жетік қалыптасуы, азаматтық бағдарлы қызметтің мақсаттарын түсінуі және т.б. енеді;
- конативті өлшемшарт, оның құрамына бар білімдерін тәжірибеде қолдану икемдерін, азаматтық жүріс-тұрыс тәжірибесінің болуы, коммуникативтік дағдылары, әлеуметтік белсенділіктің даму дәрежесі, азаматтық бағдарлы қызметтегі бастамаға дайындық және т.б. енеді;
- эмоционалдық өлшемшарт, оның көрсеткіштері — Отанға деген сүйіспеншілік,

Азаматтылық проблемаларына қызығушылықпен қарау, азаматтық бағдарлы қызметтің мақсаттарын түсінушілік, қызметті сайма-сай бағалай білу.

Осылайша, «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдердің ұйымы, азаматтық қоғамда өзіндік дара орны бар қоғамның әлеуметтік институты ретінде, балалар мен жасөспірімдерге Мәңгілік Ел жалпы ұлттық құндылықтарының мән-мағынасын жеткізуде ерекше мәнге ие болып отыр.

## 2. Балалар мен жасөспірімдер жұмысын жоспарлау механизмі.

Балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымы іс-әрекетті жоспарлау негізінде қызмет етеді. Қоғамдық бірлестіктің ұйымдастырушылары ретінде шығатын ересектерге жоспарлау механизмдерін білген абзал.

Жоспарлау механизмдері дегеніміз – бұл жоспарлы шешімдер қабылданатын және олардың жүзеге асырылуы қамтамасыз етілетін құралдардың, әдістердің, амалдардың жиынтығы.

Механизм құрамына:

- 1 - мақсаттар, міндеттер
- 2 – жоспарлау функциялары
- 3 – жоспарлау әдістері кіреді.

Бүгінде балалар қозғалысында асыра ұйымдастырылған іс-шаралардың педагогикасы емес, инновациялық қатынастардың жаңа педагогикасы бой көтеруде.

Жоспарлауда, негізінде балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымдары мен олардың көшбасшыларының инновациялық, жобалық, әлеуметтік – түрлендіруші қызметін ынталандыру жататын заманауи технологияларға сүйену; немқұрайлы көзқарастан, шешімдерді өктемдікпен қабылдаудан, қандай да бір ойластырылмаған, іс жүзінде орындала алмайтын әрекеттерді зорлап міндеттеуден арылу қажет.

Балалар ұйымының көшбасшысы «өктемшілік» емес, «бедел» қағидасы бойынша әрекет етуі тиіс. Басты қорытынды «қоғамдық бірлестіктің ортасы» жеке тұлғалар жүріс-тұрысының зияткерлік және эмоционалдық ұстанымдарын, оларды белгілі бір құндылықты бағдарларын күшейтіп оятатын, белгілі бір мақсаттары бар және өзінің арқасында белгілі бір салдарын қарастыратын қызметке тарту арқылы қалыптастыратынында. Қызметтің мақсаттарына сәйкес, бір заттар мен қылықтар жоғары құндылықтың объектілері болып, ал өзгелері жат көрсетіледі. Анағұрлым терең құндылықты пайымдаулары адам белсенді қатысатын жағдайлармен, сонымен қатар, өзгелермен өзара әрекеттесуде ақпаратпен үздіксіз алмасу үдерісінде қалыптасады [19].

*Мақсат* – бұл қызмет нәтижесін саналы көрсету түрі. Басқа сөзбен айтқанда, бұл іске асырылуға жататын идея. Бірақ барлық идеялар мақсат бола бермейді. Ол үшін екі шарт:

- идея мақсатқа айнала алады, егер ол адамның немесе бірлестіктің, ұйымның және т.б. қажеттілігі ретінде танылған;
- оны іске асыру үшін қажетті жағдайлар бар болған жағдайда орындалуы қажет.

Балалар бірлестігінің жарғылық мақсаттары нақты қызметінің мақсаттарын ажыратады. Балалар бірлестігінің жарғылық мақсаттары – адамдарды біріктірген ой. Жарғы мақсаттары жиі жағдайда жалпы сипатта жүріп, негізінде балалар бірлестігінің негізгі құжатында, оның жарғысында тіркеледі. Балалар бірлестігі үшін өзекті мақсаттың бір нұсқасы ретінде қоғамды қандай да бір бағытқа түрлендіру шығуы мүмкін. Бірақ мақсатты белгілеуде өз күшін дұрыс

бағалай білу керек, алдымен қоғамды қандай да бір оның бөлігінен, мысалы, мектептен, шағын ауданнан, ауылдан, қаладан және т.б. бастаған дұрыс.

*Міндет* – бұл жеке мақсат немесе кіші мақсат. Бұл мақсатты нақтылаудың шарасы, оған қол жеткізудегі бір қадам. Әрбір белгіленген мақсат пен міндет келесілер орындалатындай тұжырымды табуы тиіс:

- нақты кезеңде (немесе белгілі құралдың көмегімен) неге қол жеткізілуі қажеттігі анық болуы керек;
- оның шешімі үшін шынайы мүмкіндіктер мен шарттар болуы;
- оны шын мәнісінде де оның белгіленген мерзімінде шешудің (қол жеткізу) мүмкін болуы;
- іске асырушыларды оған қол жеткізу бағытындағы әрекеттерге тартудың (мотивациялау) болуымен сипатталады.

Мақсат (жарғылық болсын, нақты әрекеттегі болсын) қысқа, анық, түсінікті, оң шешімде белгіленуі керек [12].

*Жоспарлау жоспардың, бағдарламаның әзірленуін көздейді.*

Балалар бірлестігінің ұйымдастырушылары осы үдерісте көмекшілер ретінде шығады. Олардың мақсаты - балаларды бағыттау, жоспарды жазуға оқытып - үйрету, оны іске асыруда шынайы қолдауды көрсету. Жеткен нәтижелердің тиімділігі мен кезкелген қызметтің табысқа жетуі көбіне осы қызметтің сауатты ұйымдастырылуына байланысты.

Жоспардың тағайындалуы – балалар ұйымының өмірлік іс-әрекетін ретке келтіру, үдеріске қатысты жоспарлылық пен жүйелілік, меңгерушілік пен нәтижелердің бірізділігі секілді талаптардың орындалуын қамтамасыз ету. Ең жалпы деген түсінігінде – бұл қызметтегі мұзғандық бағдарларды көрсететін, оның ретін, көлемін, уақыт шектерін анықтайтын құжат. *Ол мынадай функцияларды орындайды:*

- бағыттаушы, анықтаушы, яғни қызметтің нақты бағыттары мен түрлері;
- болжамдаушы, яғни ойды жанама түрінде көрсетеді, нәтижелерді нақты әрекеттер арқылы ұсынады;
- үйлестіруші, ұйымдастырушылық, яғни бір жағынан қызметтің қалай, қандай құралдармен және оның субъекті мен объекті кім болатынын көрсетеді; екінші жағынан қызметтің тәртібін, оның өзге түрлермен өзара байланысын көрсетеді, уақыты мен орнын анықтайды, кім, не, қашан және қалай жасайды деген сауалдарға жауап береді;
- бақылаушы: біріншіден, педагогтің өзі, балалар жоспарды пайдаланып, белгіленген мақсаттардың орындалуын қадағалай алады; екіншіден, жоспар бойынша оның шындыққа қаншалықты сәйкес екенін тексеру оңайға түседі;
- репродуктивтік (жаңғыртушы), яғни уақыттың кез-келген аралығы өтісімен, жоспар бойынша орындалған жұмыстың мазмұны мен көлемін қалпына келтіруге болады [20].

*Кез-келген жоспарлаудың жалпы алгоритмін келесі амалдармен көрсетуге болады:*

1-қадам – жоспарлау мәнін анықтау. Алдымен мына сауалдарға жауап беру қажет: нені жоспарлау керек (тұтас әрекетті, қандай да бір бағытты, нақты істі)?

2-қадам – уақыт кезеңін анықтау: уақыттың қандай кезеңін жоспарлау қажет (жыл, тоқсан, айы және т.б.)?

3-қадам – жоспарлау мәнін құрылымдау. Жоспарланатын заттың мүмкін құрамдас бөліктерін ажыратып алу қажет (қызметтің бағыттары мен түрлерін бөліп көрсету, мазмұндық және тақырыптық блоктарды ажырату), яғни жоспарланатын заттың идеал бейнесін көрсету, ал одан кейін қажеттісін және шынайысын іріктеп алу қажет. Жылдық жұмысты жоспарлап алу үшін тұтас қызметтің неден құрылатынын ойластырып, барлық мүмкін бағыттары мен түрлерін бөлу керек: әлеуметтік–пайдалы қызмет, жобалық, волонтерлік, ұжымдық–шығармашылық әрекет, нәтижелер мен ұжымның диагностикасы, өзге ұжымдармен әрекеттесу және т.б. Құрылымдау жоспарды шындыққа негіздеп, анағұрлым тиімді құралдары мен жұмыс амалдарын іріктеуге, ғаламдылық пен көмескі бейнесінен арылуға көмектеседі.

4-қадам – нәтижелерді және бар жағдайды талдау (ұжымды, қызметті, құрылымдық бөлімшені және т.б.).

Құрылымдау келесі сауалдарға жауап беруге көмегін тигізеді: өз жұмысын жоспарлау үшін қандай ақпарат, қандай білімдер қажет? Мысалы, балалар ұйымындағы тәрбие үдерісін жоспарлау үшін балалардың жасын, олардың деңгейін, әлеуметтік жағдайын, қызығушылықтарын, қабілеттерін, жеке ерекшеліктерін білу керек. Ұстаздың қандай жағдайларда жұмыс жасайтынын, мекеменің және білім беру үдерісінің ерекшелігін білу керек; одан өзге, педагог өзінің жеке кәсіби деңгейін де дұрыс бағалауы тиіс. Нақты кезеңде өз қызметін жоспарлаушы талдаудың бағыттарын анықтап, оны іске асыруы керек.

Іс жүзінде талдау жоспарлаудың бір қадамы болып табылмайды, бұл да өзгелері сияқты арнайы жоспарланып, ұйымдастырылатын педагогикалық қызметтің дербес түрі. Талдау тұтас әрекетті жоспарлау үшін негізді құрап, жоспарлауды болжап қояды.

5-қадам – талдау нәтижелерін жинақтау. Бұл алдыңғы қадамның қисынды соңы, оның нәтижесінде қызметтің, оның ерекшелігінің бейнесі қалыптасуы тиіс, яғни деректердің базасы анықталады – қызметті модельдеудің бастау алатын нүктесі болып табылады.

6-қадам – мақсатты тұжырымдау. Дәл осы мақсат тұжырымдауында нәтижелердің алғашқы болжамы орындалады: не үшін, неге қарай жұмыс жүргізіледі, нәтижесінде неге қол жеткізген дұрыс.

7-қадам – ұжымдық жоспарлау, ол идеяларды бірлесе іздеу үдерісіне қосылуды, жоспарланып отырған жұмысқа қатыстының барлығының ұсыныстарын көздейді.

8-қадам – белгіленген мақсаттарға, міндеттердің шешіміне, нәтижелерді бақылау мен бағалау амалдарына қол жеткізудің құралдарын таңдау. Нақты кезеңде белгіленген міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін мазмұнды, әдістерді, технологияларды іріктейді; нәтижелерге жетуде көмегін тигізетіндермен әрекеттесу түрлері анықталады. Болжамдау ісі жалғаса береді, нәтижелер нақтыланады, дәлелденеді, оларды бақылау және бағалау амалдары іріктеледі.

9-қадам – оқиғаларды уақыт кеңістігінде реттеу. Уақыттың қандай кесіндісі жоспарланып отырғанына байланысты кезеңдер, күндері айқындалады; істер мен оқиғалардың қисыны түзіледі.

10-қадам – жоспарды ресімдеу (жазу). Тәжірибелі педагогтер мен жетекшілер бірден қағазға шығарып жоспарлайды. Бірақ өз әрекеттерін қағазда егжей-тегжейіне жетіп, дәл, нақты, қысқа баяндау тек ол байыптап жасалғанында ғана мүмкін болады. Сондықтан нысанды оңай таңдап, оны дереу толтыруға кіріспеген дұрыс [21].

Көрсетілген алгоритм: перспективтік жоспарлауда (бір жылға және одан астам уақытқа), мерзімдік жоспарлауда (тоқсанға, жартыжылдыққа), қысқа мерзімді жоспарлауда (бір айға және одан аз уақытқа), оперативтік, ағымды жоспарлауда (бір күнді, нақты істі жоспарлауда) бірнеше рет қайталануы мүмкін.

Осы мақсатпен талдаудың және жоспарлаудың жүйелілігін нақты мерзімдері бойынша анықтап, осы қызмет түрлерін жоспарға енгізу қажет («жоспарлауды жоспарлау» дегендей).

Жоспарлауды жұмыс алгоритмі түрінде көрсетуге де болады: мазмұндық, ұйымдастырушылық, құрылымдық; қадаммен белгіленген алгоритмді жоспарлауды келесі кезеңдерге біріктіруге болады:

- 1) дайындық: мәнін және уақыт кескінін анықтау, мазмұнын құрылымдау;
- 2) сараптау: нәтижелер мен бар тәжірибені талдау, талдау нәтижелерін жинақтау, диагностикалау;
- 3) модельдеу: мақсатты тұжырымдау, ұжымдық жоспарлау, мазмұны мен құралдарын таңдау, нәтижелерді болжамдау, оқиғаларды реттеу;
- 4) қорытынды (ресімдеуші): жоспардың құрылымын таңдау және оны ресімдеу.

Жалпы алгоритмнің нұсқаларын өзгертуге: азайтуға, кеңейтуге, нақтылауға болады. Ол педагогтің тәжірибесіне, біліміне, деңгейіне, жоспарлау үдерісінің өтіп отырған жағдайларына байланысты (мысалы, жоспарлардың нысанына, оның мазмұнына қойылатын қатаң әкімшілік талаптары бар болса және т.б.).

Балалар мен жасөспірімдер жұмысының жоспары оның құрылымына енетін басқа да тұрақты қызмет ететін органдардың («Бос уақыт» Орталығы, Баспасөз-орталығы және т.б.) жоспарларын ескереді.

Балалар мен жасөспірімдер ұйымының жоспары мектептің тәрбие жұмысының жоспарымен немесе ұйымның байланысы бар басқа да органдарымен келісілуі тиіс.

Қаралған және бекітілген жоспар орындау үшін міндетті құжаттардың қатарына қосылып, ұйымның барлық мүшелерінің назарына жеткізіледі.

*Жоспардың әзірленуі балалар мен жасөспірімдерге – ұйым мүшелеріне келесідей:*

- олар үшін құндылық болып табылатын өз құқықтарын іске асыру;

- бастаманы, қызығушылығын білдіруге және өзінің жұмыстарды ұйымдастырушы ретінде шығу (тек бір затты ойластырып алу қажет -бастама мектеп, ауыл, қала, өздері үшін пайдалы да, мәнді болуы шарт);

- бір-бірімен, ересектермен әрекеттесу жүйесінде белгілі бір әлеуметтік рөлдерді, нормаларды, айқындамаларды меңгеру;

- есеюге, өздігінен дамуына ұмтылысын іске асыру;

- ұжымдық әрекеттесу үлгілерін меңгеру мүмкіндіктерін береді.

*Балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын жоспарлау ересектерге не береді?*

*Жоспарлаудың беретін мүмкіншіліктері:*

- тәрбиеленуші тұлғасына ықпал етудің педагогикалық мақсатын, стратегиялық және тактикалық мақсаттарын нақты түсіну;

- нақты жағдайды, өз мүмкіншіліктерін және ұйымдастырылуы қажет балалар ұжымын алдын ала зерделеу;

- қызметтің мазмұнын, ұйымдастыру нысанын мақсатты тұжырымдаумен іріктеу және жүйелеу;

- өз қызметінің нәтижелерін балалар мен жасөспірімдер ұйымының және оның әр мүшесі тұлғасының дамуында ілгері басу әрекеттерін жоспарлап, түзетумен жобалау;

- жалпы адамзаттық және педагогикалық тұрғысынан жеке тұлғасын өздігінен жетілдіру перспективаларын көру. Осының барлығы келесіде қай бағытта жүретінін білуге, мотивацияның өздігінен артуына жетелейді.

Онымен бірге, жоспарлауда қиыншылықтар кездесуі мүмкін, сондықтан оларды жете білу қажет. Максимум-нұсқасы (барлығын орындау мүмкін болады деген есеппен) және минимум-нұсқасы (оқушылардың мүмкіншіліктерінде, мерзімдерінде, ауа-райы жағдайларында және т.б. күмән бар) болғаны жақсы. Минимум-нұсқасы ұйымдастырушылық жұмыстың негізгі мақсатының шешілуін міндетті түрде қарастыруы керек.

Жоспар мен оның орындалуының табысқа жетуі неге байланысты? Жоспарлау ісі кәсіпқойлықпен, қажетті дағдымен орындалуы, ал жоспардың қағаз жүзінде қалмауы үшін не істеу керек?

Өз ісінде құзырлы болып, қателікке жол бермеген маңызды.

№ 1 қате. Жоспарда ұйым қызметінің ақырғы мақсаты ретіндегі түсінікті стратегиялық мақсат жоқ; құжаттарда, қызмет бағдарламаларында көрініс тапқан мақсаттар мен міндеттерге бағыныш жоқ. Яғни, жоспардың өзі уақыттың белгілі кезеңіне балалар қоғамдық ұйымында қалыптасқан нақты жағдайдан тыс қалған.

№ 2 қате. Егер қызметті ұйымдастырушы балалар мен жасөспірімдердің қызығушылықтарын түсінбесе, жоспарды оларға қызықты болатындай етуге шамасы жетпесе – ол жоспардың орындалуын мүмкін нақты және айқын жұмыстармен іс жүзінде толтыра алмайды, бұл жоспардың іске асырылмай қалатынын білдіреді. Балалардың пікіріне құлақ асып, тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын бақылап, байыппен қарау керек, сонда жоспар тиімді, әрі нәтижелі шығады.



№ 3 қате. Алуан түрлі, танымды және пайдалы қызмет түрлерінің болмауы. Бұл жоспарға бір үлгідегі істердің жиналғанын (жиі жағдайда істердің өнімсіз тізімі), балалардың қызығушылығы жоғалып, олардың белсенділігі төмендегенін көрсетеді.

№ 4 қате. Жоспардағы жұмыс асыра сілтеумен жоспарланған. Бұл тек балалардың және жасөспірімдердің қанағаттанбауына ғана жетелеп қоймай, өзінің артында жағымсыз пікір қалдырады. Жоспардағы істер тізімін асыра сілтемей, толымды жоспарланғаны жақсы.

№ 5 қате. Жоспар күнделікті қолданылмай, апта, ай бойынша динамикасын ескермеген.

№ 6 қате. Балаларды жоспарлауға тарта білмеу (кейде оны қажет көрмеу).

*Ағымды және стратегиялық жоспарлау.*

*Ағымды жоспарлау дегеніміз* – бұл 1 жылға дейінгі мерзімге жоспарлауды білдіреді. Ол қысқа мерзімді және оперативтік жоспарларда орын табады.

*Балалар мен жасөспірімдер ұйымын стратегиялық жоспарлауды:*

Көрінісі (идеал) – балалар мен жасөспірімдер ұйымының дамуындағы болашақ бағытын, оның қоғам алдындағы міндеттерін көру;

Миссиясы – ұйымның мақсаты мен тағайындалуын анықтау;

Стратегиялық мақсаттар – бұл ұйымның дамуы мен қызметінің стратегиясын анықтайтын жетекші мақсаттар құрайды,

Тактикалық мақсаттар – бұл жалпы емес, мейлінше нақты және міндетті түрде шынайы іске асырылатын мақсаттар, олар стратегиялық бағдарларды басшылыққа ала отырып белгіленеді де, мақсаттың құндылықты құрамдастарын нақтылайды.

*Жоспарлар келесідей бөлінеді:* перспективтік, күнтізбелік, балалар қозғалысы ұйымдастырушысының ағымды әрекетінің ағымды жоспарлары мен аптаға арналған жұмыс жоспарлары.

Жұмыстың перспективтік жоспары – бұл, әдетте, оқу немесе күнтізбелік күнге арналған жұмыс жоспары, оның құрылысы:

1. Балалар қоғамдық ұйымының, біріншілік ұйымдарының, көшбасшыларының даму деңгейінің қысқаша сипаттамасы.

2. Тұтас ұйымның да, оның органдарының да күнтізбелік және оқу жылына мақсаттары мен міндеттері.

3. Дәл осы жылы іске асырылатын бағдарламаларды немесе оның кезеңдерінің негіздемесі.

4. Ұйымның, Кеңестің және бастауыш ұжымдары іс-шараларының мақсаттары мен міндеттерінің шешілу деңгейін көрсететін жиынтық жоспары.

Ең алдымен педагогтердің айқындамалары, балалардың жоспарлауға қатысу мүмкіндіктері оқушылардың жасына қарай өзгеріп отырады. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, ұжымдық әрекетті жоспарлауға балалар мектепте оқуды бастаған бірінші жылының өзінде-ақ қатыса алады. Дұрыс әдістеменің меңгерілуі мұғалімге алдымен балаларды түсінікті де, тартымды істі жоспарлауға қосуға мүмкіндік береді, сонда үшінші сыныпқа жеткенде, мектеп

оқушылары педагогтің жетекшілігімен өзара әрекетті істердің кешенін белгілі кезеңге жоспарлауға қабілетті болады.

Бастауыш мектеп педагогтерінің басты міндеті – балалардың санасында ұжымдық ізденіске қажеттілігін ояту, оларды жоспарлаудағы бірлескен жұмысқа баулу. Бара-бара сыныптан сыныпқа қарай, ұстаздардың ықпалы көзге көрінбейді. Жоспарлаудың ұйымдастырушысы ретінде алдымен мұғаліммен дайындалып, одан бағыт-бағдар алып отырған, содан кейін өздігінен әрекет ететін мектеп оқушыларының белсенділері шығады. Жоғарғы сыныптарда педагогтер негізінде жұмысқа қатысушылар немесе кеңесшілер ретінде шығады. Жоғары сынып оқушылары төменгі сыныптардағы жоспарлаудың ұйымдастырушылары болады [20].

Алайда, тәжірибеде жоғары сынып оқушылары нақты істердің де жоспарлануын ұйымдастыруға қабілетсіз болатын кездері де мүмкін. Бұл дегеніміз, педагогтер мен тәрбиеленушілердің жоспарлау барысындағы әрекеттесуі тек балалардың жас мүмкіндіктеріне ғана емес, мектеп оқушыларының алдыңғы тәжірибесіне, олардың өз бетінше әрекеттерге дайындық деңгейіне, алдағы істің немесе шешуге жататын мәселенің күрделілігіне, жаңалық дәрежесіне айтарлықтай тәуелділікте екенін білдіреді. Осылайша, оқушыларда қандайда да бір бағытта жұмыс тәжірибесі болмағанында, немесе олар үшін өздігінен әрекет етудің төмен деңгейі тән болғанында, балаларды жоспарлауға қосудың тиімді амалдарының бірі – ересектердің тарапынан ұсынылған бірнеше нұсқасынан қажетті шешімді таңдау. Жұмыс тәжірибесінің жинақталуымен, мектеп оқушыларына ұстаздардың үлгілері қажет болмайды, өйткені балалар оларды өздері табады немесе өздері шығарады. Бұл педагогтің де рөлінің мүмкін нұсқаларды түзуші, ол автордан балалардың ұжымдық ізденісі нәтижесінде туындаған жоспарларының оппонентіне дейін өзгергенін білдіреді.

Педагог пен балалардың жоспарлау барысындағы өзара әрекеттесуіне ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал, қоғамдық пікір, ұжымда қабылданған жүріс-тұрыс нормалары, балалардың эмоционалдық күйі әсерін тигізеді.

Балалар мен жасөспірімдер ұйымының құрамында балалардың түрлі ұжымдары мен бірлестіктері қызмет етеді, олар: сыныптар, кеңестер, клубтар, үйірмелер. Әр ұжым оған мектеп оқушыларының қосылу сипатымен ерекшеленеді. Ересектер мен балалардың өзара әрекеттесуі, педагогтер мен оқушылардың жоспарлау барысындағы әрекеттесуі бұл ұжымдарда әртүрлі үлгімен құрылады. Осылайша, оқушылар ұжымында жұмысты, істі жоспарлағанда, педагог тікелей ұйымдастырушы да, белсенді қатысушы да, осы ұжымдық әрекеттің жүргізушісі ретінде шыға алады, яғни шарттарына қарай, педагогтер мен балалардың жоспарлау барысындағы әрекеттесуінің түрлі деңгейлеріне жол беріледі. Клубта оқушылардың өздері өз жұмысы мен істерін жоспарлайды, ал педагогтер назар аудартап, осы үдерісті бағыттап отырады: кеңесшілер, көмекшілер ретінде шығады, ал жоспарлауға дайындық кезеңінде мүмкіндік беріп, өзінің идеяларын белсенділер арқылы қосып отырады. Бұл

жағдайда педагогтер мен балалардың жоспарлау үдерісіндегі үшінші деңгейіне бет алған дұрыс.

Ересектер мен мектеп оқушыларының өзара әрекеттесуінің мазмұны, нұсқасы, әдістері, сипаты жоспарлау түріне тәуелді. Балалардың көптеп және белсенді қатысу мүмкіншілігі, педагогтердің рөлі, педагогтер мен оқушылардың әрекеттесу деңгейі мектеп немесе біріншілік ұжымындағы перспективтік (негізінде өзара әрекеттесудің 1-деңгейі) және ағымды (барлық деңгейлер мүмкін) жоспарлауда, қандай да бір бағыттағы жұмысты немесе нақты істі жоспарлауда ерекшеленеді.

Жалпы мектеп ұжымы туралы айтқанда, ересектер мен балалардың жоспарлау барысындағы әрекеттесуінің деңгейі мен сипатына мектептегі сыныптардың саны мен олардың толымдылығы да әсерін тигізеді. Осылайша өзара әрекеттесудің дамуы оқушылар саны аз мектеп жағдайында іске асырылады. Бұл жерде, тәжірибе көрсетіп отырғанындай, барлық ересектер мен ересек жастағылардың және кіші жастағы балалардың мектептің, жалпы мектептік нақты істерді перспективтік және ағымды жоспарлауындағы әріптестігін қамтамасыз ету жеңіл түседі.

Жоспарлауда туындайтын жағдайлардың, ересектер мен балалар әрекеттесуінің сипатына ықпал ететін жағдайлардың, шарттардың көптүрлілігі педагогтерден жоғары дәрежедегі шеберлікті, сонымен қатар педагогтер мен мектеп оқушыларының жоспарлау үдерісіндегі әрекеттесуін ұйымдастыру әдістемесімен таныс болып, оны меңгеруін қажетсінеді.

Тиімді жоспарлаудың, педагогтер мен балалардың табысты әрекеттесуінің қорытындысын, көрсеткішін келесідей көрсетуге болады: мектеп оқушылары жоспарға өз қалауын қосқан, бірақ олар педагогтердің тиімді санағанынан қалап отыр.

Жиі жағдайда педагогтер жоспарлау барысында балалар ешнәрсені ұсына бермейтініне шағымданады. Осы жағдайда педагог қандай шара қарастыруы тиіс? Біреулері балалар бастамасын басатындай өз пікірін зорлап міндеттеп, идеяларын алға тартып, өзінің ақыл-кеңесін береді де, онысымен балалар бойында тұтынушылық көзқарастың қалыптасуына әсер етеді. Немесе басқа жағдай: балалар қарапайым, оны іске асыруда олардың бойында белсенділік тудырмайтын мезі болған идеяларды ұсынады. Екі жағдайда да жол біреу – балалардың тәжірибесін жаңа идеялармен байытудың және педагогикалық ойды балалар санасынан өткізудің амалдарын іздестіру.

Педагогтерге жоспарлау барысында өз ойларын, идеяларын өткізудің мынадай амалдарын ұсынуға болады [22]:

а) оқушылар ұжымында беделді көшбасшылармен алдын ала түсіндіру және дайындық жұмысын жүргізіп, мүмкін идеялар мен ойлар талқыланады;

ә) жоспарлаудың қатысушылары алдында ұжым үшін идеяның, жұмыс нұсқасының қатысушысы немесе оны көзімен көрген оқушының немесе ересек адамның сөз алуы;

б) қажетті және педагогикалық көзқарастан тиімді идея апробациядан өтіп жатқан, жүзеге асырылып жатқан жерге баруды, кездесуді ұйымдастыру;

в) балаларды, олардың ата-аналарын ұжым үшін қажетті шешімге, қажетті ойға шығаратын проблемалық ситуацияны тудыру;

г) педагогпен бірнеше ұсынылған және негізделгеннің ішінен нұсқаны, идеяны, нысанды, құралды таңдау;

ғ) педагогті «теңі ретінде» шығармашылық ізденіс топтарының жұмысына енгізу (қосу);

д) жоспарға арналған таңдаулы ұсыныстардың байқауы, педагог өз идеясын ізденістің қатардағы қатысушысы ретінде қоса алатын «идеялар банкі» құру;

е) балалармен, олардың ата-аналарымен айтылған идеялардың педагогпен жинақталуы және кіріктірілуі, ол кезде педагог жинақталған нұсқасына өз идеясын да орындауға міндеттеусіз қосады;

ж) жоспарды талқылау барысында түрткі болатын проблемалық мәселелерді көтеру;

з) қандай да бір істі ұйымдастыру бойынша «еріктілер актісін» өткізу, одан кейін еріктілер ұжымда идеяны таратушы болады;

и) қажетті идеяға, ойға түрткі болатын әдебиетті оқу және талқылау;

к) істі талқылау, оның барысында, сәйкес жерлеріне көңіл бөлгенде және арнап қойылған сұрақтарда оқушылар мен ата-аналар қажетті идеяға өздері шығады.

Балалар арқылы өзінің педагогикалық ойын, балалар оны өздерінен шыққандай етіп, өздерінің ойы деп көретіндей дәрежеге жеткізу икемдері – бұл жоғары кәсіби шеберліктің көрсеткіші. Тек осы жағдайда ғана балалардың белгіленген жоспарларды жүзеге асырудағы жоғары белсенділігі мен субъективтілігіне арқа сүйеуге болады.

Мысал ретінде, мектеп базасында қызмет көрсетіп отырған балалардың қоғамдық ұйымын жоспарлаумен танысып көрелік [23].

Балалар қоғамдық ұйымы жұмысының  
\_\_\_\_\_ жылға арналған жоспары /үлгі/

1. Балалар қоғамдық ұйымының сипаттамасы:

- БҚҰ-ның статистикалық деректері,
- мүшелерінің саны,
- олардың жасы,
- ұйымның құрылымы,
- өзін-өзі басқару органдары,
- балалар ұжымының ерекшеліктері.

2. Балалар қоғамдық ұйымының өткен оқу жылындағы жұмысын талдау:

- жоспарды орындау бойынша жұмыстың мазмұнын сипаттау,
- балалар ұйымының даму сапасын анықтау,
- балалардың жеке табыстары мен жетістіктерін баяндау,
- жұмыстағы проблемаларды, кемшіліктерді анықтау.

3. Мақсаттар мен міндеттер.

4. Жұмыстар (іс-шаралар).

- жұмыстың, істің іс-шараның барлық аталған бағыттарын хронологиялық ретімен, ұйымның жұмыс жасайтын бағдарламаларын ескерумен атап шығу;

- ұйымда немесе бірлестікте жұмыс жасайтын барлық клубтардың, штабтардың, кеңестердің, бірлестігердің жұмыс жоспарларын қосып тіркеу.

Жоспардың оң жағын нақты тапсырмалармен, күндерімен, орындау үшін жауаптылардың фамилияларымен және т.б. толтыруды ұсынамыз.

№	Істер, жобалар, бастамалар	Бастамашыл топ	Істердің кеңесі Бірлестік кеңесі	Бірлестіктің аға достары	Өткізілетін уақыт пен орын	Жауаптылар (бала, ересек)	Орындалғандығы туралы белгі
---	----------------------------	----------------	-------------------------------------	--------------------------	----------------------------	---------------------------	-----------------------------

Жұмыс жоспарын балалар ересектермен бірлесе құрады: аға тәлімгермен, жұмыс берушілермен, сынып жетекшілерімен, ұйымның достарымен және т.б. Жұмысқа арналған таңдаулы ұсыныстардың байқауын, сауалнаманы, сұрастыруды өткізуге; «идеялардың банкі», «ой шабуылын» ұйымдастыруға жағдай жасалған.

Қандай да бір жоғары тұрған органмен, немесе ұйымның кеңесімен (Жарғы негізінде) қабылданатын перспективтік жоспардың негізінде күнтізбелік, немесе ағымды жоспарлар бекітіледі. Олар мектептің базасындағы балалардың қоғамдық ұйымы өз қызметін ненің негізінде түзетініне байланысты, оқу тоқсандарымен сай келуі де, сай келмеуі де мүмкін.

Күнтізбелік (ағымды) жоспарда ұйымның немесе кеңестің жұмысы анағұрлым толық бейнеленеді. Жоспардың өзі келесідей көрініс таба алады:

Істің мазмұны/жоспарлануы	Өткізу мерзімі				Жауаптылар
	Ай апталары				
	1	2	3	4	

Күнтізбелік, ағымды жоспарлар ұйым қызметінің құрамдас бөлігі (немесе тарауы) болып табылады. Онда мыналар қарастырылады: балалар ұйымына психологиялық-педагогикалық қолдау қалай көрсетілетіні, Кеңес жұмысының ұйымдастырылуы, қабылданған шешімдердің орындалуы, әрекеттесудің барлық деңгейлерінде бақылау жүргізіледі.

Істің жоспарлануы	Өткізу мерзімі				Жауаптылар
	Ай апталары				
	1	2	3	4	
Ұйымдастыру жұмыстары	Кеңестің жұмысын ұйымдастыру				

	Бастауыш ұжымдардың көшбасшыларымен жұмыс кездесулерін өткізу					
	Шығармашылық топтардың, іс кеңестерінің, штабтардың, клубтардың жұмыстары					
Мазмұнды бағдарламалық қызмет	Бағдарламалар бойынша маңызды істер					
	Көшбасшы мектебінің жұмысы					
	Бастауыш ұжымдардың ашық істері					
Ақпараттық-әдістемелік қызмет	Ұйымның қызметі туралы ақпарат шығару					
	Сауалнамалар, мониторинг зерттеулерінің қоғамдық пікірін жүргізу					
Балалар ұйымының ішкі және сыртқы деңгейде өзара әрекеттесуі	Мектеп кеңесімен өзара әрекеттесу					
	Ата-аналармен өзара әрекеттесу					
	Демеушілермен өзара әрекеттесу					
	Бастауыш ұжымдардың өзара әрекеттесуі					

Балалар қоғамдық ұйымының тоқсанға арналған күнтізбелік жоспарын кесте жоспары түрінде 3 данада ресімдеуге болады. Бір данасы аға тәлімгердің жұмыс үстелінде болады, екіншісі қабырғалыққа, үшіншісі – мұғалімдер бөлмесінде ілінеді. Жоспардың торын құрғанда ватман парағын тоқсандағы күн санына қарай бірнеше шаршыға бөледі. Әр шаршыға сол күннің датасы жазылады. Кеңес: кесте-жоспарын толтыруда фломастердің түрлі-түстерін қолданыңыз (мысалы, жасақ іс-шаралары туралы жазуларды қызыл түспен, белсенділердің оқуы туралы – көк түспен жазыңыз және т.с.с.).

Күнтізбелік күнде және кесте-жоспарында көрсетілгеннің әрқайсысы мұқият талдауды, істердің арнайы жоспарының түзілгенін талап етеді. Жоспарды құру үшін төмендегі құрылымды пайдаланған ыңғайлы:

НЕГЕ? Істің мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдап алыңыз (соңында неге қол жеткізгіңіз келетінін немесе не үшін ойластырғанын көрсетіңіз).

НЕ? Бұл сұраққа жауап бергенде, сіз жоспарланып (әзірленіп) отырған жұмыстың түрін және нұсқасын анықтап аласыз.

КІММЕН (КІМ ҮШІН)? Қатысушылардың нақты контингентін, олардың жасын және санын анықтап алыңыз.

ҚАШАН? ҚАНДАЙ УАҚЫТ АРАЛЫҒЫНДА?

ҚАЙДА? Өткізу жерін анықтап алыңыз.

ҚАЛАЙ? Бұл сұраққа жауап ең ауқымды, сонымен қатар - бастысы. Іс жүзінде бұл істі егжей-тегжейіне жетіп талдау (дайындық және өткізу кезеңдері, сценарий және т.б.)

Жұмыстың әр бөлігі үшін КІМ жауапты болады?

Жұмыстың аяқталу МЕРЗІМІ қандай болады?

Осыдан кейін не болады? Болжамды нәтиже мен қатысушылардың келесі әрекеті.

Бір апталық жұмыс жоспарлары алдын ала жоспарланған жұмысқа түзетулерді енгізуге мүмкіндік беріп, алдында қабылданған шешімдерді көрсетеді. Жұмыс жоспарлары өзгеріп отырған жағдайға дәл әсерлесіп отыруға мүмкіндік береді. Жұмыс жоспарларын ресімдеуге қатаң талаптар жоқ, олар ұйымның жұмыс құжаттары болып табылады.

Жеке жоспар – күнделік нұсқасында жүргізіледі, оған жасақ, отряд, жалпы мектептік, аудандық, қалалық істерден өзге, барлық педагогикалық кеңестер, мәжілістер, семинарлар, біліктілік арттыру курстары, тәлімгерлер клубына қатысулар енеді. Сонымен қатар есеп беру, анықтамаларды, түрлі әдістемелік жұмыстарды тапсыру, нақты іс-шараларға қатысу, балалармен жеке жұмыс, «ескерту жазбалары» деп аталатын өзінің жасаған қорытындылары мен бақылаулар жазылады.

Бір күннің күнделікті жұмыс жоспары жұмыс күні бойындағы ұйымдастырушылық және мазмұндық шешімдерін бейнелейді. Бұл жұмыс уақытын ұйымдастыру амалдары мен тәсілдерінің тиімділігі мен нәтижелілігін талдауға мүмкіндік беретін құжат болып табылады.

Осылайша, перспективтік-күнтізбелік және күнделікті жоспарлаудың үйлесімділігі мыналарға көмегін тигізеді:

- идеялардың үйлесімділігі мен олардың практикалық іске асырылуын көруге;
- ұйым мүшелері арасында қалыптасатын қатынастардың да, балалар бастамасы түрлерінің, нұсқаларының да дамуын және өзгергіштігін пайдалануға мүмкіндік береді;
- қандай да бір іс-шараны дайындау барысында туындайтын резервтерді немесе осындай дайындық кезінде туындаған проблемаларды көрнекі көрсетеді;
- жұмыс уақытын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді;
- қоғамдық қызметті талдау және балалар қозғалысын ұйымдастырушысының өз қызметінің тиімділігін талдауы үшін ауқымды материал береді.

*Балалар мен жасөспірімдер ұйымының даму жоспары мен бағдарламасын ажырата білген жөн.* Бағдарлама өз құрамына өзара байланысты уақытта, өткізу орны мен қатысушылары бойынша үйлестірілген іс-шаралардың бірқатарын енгізеді де, қандай да бір проблеманың шешіміне бағытталған. Ал перспективтік жоспарға, тек бағдарламадағы негізгі іс-шаралар енеді, олар ұзақ дайындықты және осы дайындыққа ұйым қатысушыларының үлкен тобының қосылуын талап етеді.

### **3. Балалар мен жасөспірімдер жұмысын ұйымдастырудағы инновациялық әдістер.**

Балалар мен жасөспірімдер ұйымын ұйымдастыру әдістерінің мәселесі – олардың ерекше әлеуметтік-тәрбиелік әлеуетін іске асырудағы түбегейлі қиыншылықтарының бірі.

Қазіргі әлеуметтік-педагогикалық болмыс балалар мен жасөспірімдер ұйымының барлық бағыттары бойынша инновациялық әдістерді қарастыруды талап етуде.

Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын балалар бірлестігінің жағдайларында ұйымдастыру өзекті мәселелердің қатарында.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша және мүдделі мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың қолдауымен балалардың бос уақытын тиімді өткізу бойынша сауалнама өткізілген болатын. Бұл сауалнамаға сүйенсек, «балалардың бос уақыты түрлілігімен, олардың белсенділігімен ерекшеленіп отырған жоқ. Сауалнамамен қамтылған балалардың басым көпшілігі бос уақытында үй тапсырмасын орындайды (44%), ал оны бос уақыт деп атауға болмайды. Үй шаруашылығымен айналысатындардың саны 40% құраған. Жиі жағдайда сауалнама қорытындылары бойынша балалар бос уақытында музыка тыңдайды, кітап, журнал оқиды, достарымен кездесіп отырады, теледидар көреді, әлеуметтік желілерде отырады. Белсенді демалыс түрімен айналысатын балалардың саны едәуір төмен: табиғатқа шығатындар, сыртта серуендейтіндер, аулада ойнайтындар (футбол, волейбол) 18% құрап отыр. Сауалнамаға жауап берушілердің 21% секцияларға, 22% факультативтерге қатысады. Балалардың шамамен дәл осындай үлесі уақытын онлайн-ойындарға, интернеттен кинофильмдерді көруге шығындап, WhatsApp, Viber арқылы өзара араласып отырады. Шығармашылықпен айналысу, мәдени жерлерге саяхат (мұражайлар, көрмелер) басымдылығын жоғалтқан» [24].

Қызметтің бірқатар бағыттары бойынша қызықты табыстар мен оң нәтижелер бар. Алайда бұқаралық тәжірибеде айтарлықтай өзгерістер орын таппаған, көптеген педагогтер жаңа әдістерді, технологияларды таңдауында қиыншылық көруде.

Қызметті ұйымдастыруда баланың жеке ерекшеліктерін білуге негізделген жеке көзқарас басымдылыққа ие болуы тиіс. Бұл қазіргі ұстаздарға балалар қызметін ұйымдастырудың нұсқалары мен әдістерін таңдауда еркіндік береді, оның басты нәтижесі бала білімінің, білігінің және дағдыларының жиынтығы емес, оның жеке қасиеттері болып шығады. Сондықтан осы күні педагогикалық қызмет сапалы түрде жана, едәуір икемді, инновациялық, яғни білім беру үдерісінің дамуы орын алатындай болуы тиіс.

Әдістерді таңдау бірқатар заңдылықтар мен тәуелділіктерге бағынып, олардың арасында бірінші қатарға тәрбиенің мақсаты, мазмұны мен қағидалары, нақты педагогикалық міндет пен оны шешу жолдары, оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін таңдау шығады [25].



«Шетел сөздерінің қазіргі заман сөздігінде» *инновация* сөзіне «жаңалық енгізу – жаңа практикалық құралды, әдісті немесе тұжырымдаманы адами қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін түзудің, таратудың, ендірудің және пайдаланудың кешенді үдерісі» - деген түсінік беріледі [26].

*Қызмет әдісі* дегеніміз – бұл белгіленген мақсатқа қол жеткізуге жетелейтін оны жүзеге асырудың амалы. Тандалған сенімді әдісті таңдай отырып, біз қажетті нәтижемізге сенімді де, қысқа жолмен жетеміз.

Қазіргі уақытта педагогикалық сөздердің қолданымды сөздігінде «педагогикалық технология» деген түсінік берік орын алды. Оны әртүрлі түсіндіреді, бірақ барлығы да технология құрамдасы ретінде әдіс қызмет ететіні анық.

Педагогикалық технология – оқыту әдістерінің, нұсқаларының, амалдарының, тәрбиелік құралдардың арнайы жинағы мен құрылысын анықтайтын педагогикалық-психологиялық ұстанымдардың жиынтығы; ол педагогикалық үдерістің ұйымдастырушылық-әдістемелік құралдар жиынтығы болып табылады (Б.Т. Лихачев).

Педагогикалық технология — бүкіл оқыту үрдісі мен білімді техникалық және адам ресурсын олардың бір-біріне өзара әсерін, білім берудегі формасын оңайландыру міндеттерін ескере отырып меңгеруді жүзеге асырудың жүйелі әдісі (ЮНЕСКО).

Адамзат әрекет әдістерінің алуан түрін жинақтаған. Бірақ міндеттердің үздіксіз қиындап отырғаны, жаңа мүмкіндіктердің пайда болуы оларды шешу әдістерінің ұдайы жаңартылуын талап етеді.

*Қазіргі күні технологиялардың және ондағы әдістердің өзектілігі артып отыр:*

- эмоционалды-құндылықты ынталандыру, (авторы - М.Г. Яновская) [27];
- балалар қоғамдық бірлестігінің тәрбиелік қызметіндегі ресурстық көзқарастарды жүзеге асырудың технологиясы;
- әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу;
- әлеуметтік жобалау;
- ресурс түзу;
- озық басқару (модельдеу, бағдарламалау);
- әлеуметтік серіктестік;
- «қамқорлық қоғамы» (ұжымдық шығармашылық ызмет);
- жеке өсім;
- әлеуметтік сынақ;
- бірізділікті ұйымдастыру;
- келіссөздердің алаңы және т.б. [28];
- бос уақытты ұйымдастырудың мәдени бағдарламалары.

Балалар ұйымының жағдайында балаға деген тәрбиелік ықпал етуді күшейту мақсатымен педагог заманауи рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие технологияларының бірі – *эмоционалды ынталандыру технологиясының* амалдарына, нұсқалары мен *әдістеріне* жүгіну керек.

Отбасындағы, құрдастары арасындағы, қоғамдағы саналы эмоционалдық реакциялар, елеулі өмірлік құбылыстарға эмоционалдық қайырымдылық бүгінгі таңда ерекше маңызды. Адамның, ең алдымен мектеп оқушысының эмоционалдық дамуы, оның ілгері басуының «заңы» ретінде шығып, жеке талғамдарының дұрыс таңдалуында анықтаушы күш болады. Сондықтан бүгінгі мұғалімдерге мектеп оқушысының қандай екенін, оның қоршаған ортаны, қоршаған адамдарды қалай қабылдайтынын, оның қоғамдағы жүріс-тұрыс нормаларының қандай екенін, оның әрекеттерінің мәні мен мағынасын, оның қызығушылықтарын, қажеттіліктері мен қалауларын түсінуде көмектесетін эмоционалдық аясы бойынша білімдер аса қажет.

Бірақ адам өз өмірінде эмоцияларын жасыруға мәжбүр, өйткені қоғамдық жүріс-тұрыс нормаларының бұзылуына соқтыруы мүмкін. Жалпылай қабылданған пікірдің өз эмоцияларын білдіруде едәуір сабырлық танытқан дәрежесіне қарай адамның тәрбиелілігі туралы айтуға болатынын қолдайтыны да кездейсоқтық емес. Жеке тұлғаның әлеуметтік мәнді қасиеттерінің қалыптасу үдерісі эмоционалдық құрамдасы болмаса мүмкін еместігіне қарамастан, басым жағдайда осы себеппен мектеп тәжірибесінде педагогикалық қуат-күштің үлкен бір бөлігі баланың эмоционалдық-шығармашылық әлеуетін ашуға емес, оларды тежеп басуға бағытталатыны осы себепке байланысты [29].

*Эмоционалдық белсендендіру технологияларын тұжырымдау идеясы төмендегі айқындамаларда көрініс табады [30]:*

- кез-келген педагогикалық технология оқушының жеке тұлғасының ішкі құрылымына, ең алдымен оның мотивациялық-қажеттілік аясына бағдарлануы тиіс;

- білім беру технологиясы зияткерлік және эмоционалдық-еріктілік шиеленістерін, яғни оқушының танымдық және рухани-адамгершілік мәдениетінің дамуы мүмкін болмайтын механизмдерін белсендендіре отырып, тұтасымен жеке тұлғаға әсер етеді;

- педагогикалық технологияның негізгі функционалдық бағдарлануы – жеке тұлғаның: оның өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі ынталандыру, өзін түзету, өзін белсендендіру, өзін таныту, өз орнын табу секілді қасиеттерін жетілдіруде;

- «технология» түсінігі өз құрылымы бойынша «қатты» емес, «жұмсақ реттелген құрылым, ол педагогтің және оқушының мүдделі дамыту қарым-қатынасы жағдайындағы шығармашылығына негізделген;

*Эмоционалдық ынталандыру әдістері* — бұл рухани сезімдердің оянуымен байланысты толғаныстар, бұл ұжымды, жеке тұлғаны белсенді шығармашылық әрекеттерге (өзіндік әрекеттерге) ынталандыру, бұл тәрбиелік үдеріспен байланысты эмоционалдық күйлер, ол әрекетті-шығармашыл және жеке тұлғалық-мәнді, сол себептен – тәрбиелік болып шығады.

Эмоционалдық ынталандыру нұсқалары арасында салыстырмалы түрде дербес, бірақ өзара байланысқан эмоционалдық ынталар ретінде шығатын келесілерді атап көрсетуге болады: ойын; жарыс; проблемалық-ізденіс әрекеті; эмоционалдық-бейнелі әрекет; қоғамдық-бағалаушы әрекет; шығармашылық әрекет.

Эмоционалдық ынта ретінде ойын әрекеттің дербес түрі (басқа шаруаларынан бос уақытта) емес, қызметтің басқа түрлеріне қосылған құрал ретінде қарастырылады. Осыдан еңбек пен ойынның, көркем шығарма әрекеті мен ойынның, танымдық қызмет пен ойынның педагогикалық көзқарастан тиімді кешендері бастамасын алады.

*Жарыс – бұл себептерді күшейтуге және қызметті белсендендіруге бағытталған эмоционалдық ынта (түрткі).* Жарыстың жетекші эмоционалдық ынтасы ретінде бағалау мен нәтижелерді салыстыру шығады – екеуі де мектеп оқушысы үшін өте маңызды екенін білеміз.

*Проблемалық-ізденіс ынтасы* — педагог пен оқушылар арасында пікір алмасуды, ақиқатты ұжымдасып іздестіруді, пікір таласудың жағдайын әдейі жасауы.

*Қоғамдық-бағалау әрекеті* – бұл, ең алдымен, мектеп оқушылары ұжымында ұжымдық бір іс, нақты факт немесе әрекет бойынша рухани пікірлерінің эмоционалдық бірлігінің көрінісі.

*Шығармашылық әрекет* – ой тұрғысынан жаңа құндылықтарды құру, ерекше, қайталанбас шешімдерді іздестіру.

*Эмоционалдық белсендендірудің әрбір нұсқасында үлкен, ал олардың алуан түрлі үйлесімділігінде болса – одан да үлкен тәрбиелік мән бар.* Оң эмоционалдық күйлер мен өктемдік үйлеспейтіндіктен, әділ де, саналы талаптармен үйлесімділікте жүретін, гуманистік қарым-қатынастарға негізделген әріптестік пен өзара түсінушілік ахуалы туындайды.

Л.И.Клочкованың пікірінше, тәрбиедегі ресурстық көзқарас дегеніміз – бұл бірыңғай тәрбиелік кеңістіктегі барлық субъектілердің балалардың жеке өсімі мен шығармашылық дамуындағы қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатымен, олардың адами реурстары (рухани, когнитивті, коммуникативтік және т.б.) білім беру ұйымының тәрбие беру жүйесін жетілдіру барысында анықтаушы күш болуы үшін өзара өнімді әрекеттесуіне жағдай жасау.

Тәрбиенің дамуын басқарудағы *ресурстық көзқарас* тәрбиелік міндеттерді шешу және білім алушылардың әлеуметтенуіндегі нәтижелерге қол жеткізу үшін тәрбиедегі жаңа мән-мағыналарды, тәрбие беру үдерісі субъектілерінің кәсіби және ұйымдастырушылық бірегей құзыреттіліктерін, озық басқару мен ақпараттық қамтамасыздық технологияларын іске асыруды көздейді [31].

*Тәрбиелік ресурстардың түрлері:*

- тәрбиедегі жаңа мән-мағыналарды бейнелейтін жобалық тәрбиелік ресурстар, олар тұжырымдама, бағдарламалар, мектептегі тәрбиенің тіркелген нұсқасындағы идеялар немесе миссиялар түрінде жүреді;

- тәрбие беру қызметінің барлық субъектілерінің бірегей құзыреттіліктерін көрсететін бірегей тәрбиелік ресурстар. Ол білім, ақпарат; «топ жарған» ойлар және жобалар; нәтиже, инновациялық өнім, меңгерілген инновация сапасының тіркелген нұсқасында; авторлық әдістемелер, педагогтердің меңгерген құзыреттіліктері түрінде орын алады,

- жағдайды оздырып тудыру технологиясы – болжамдау, жобалау, бағдарламалау, жоспарлау;

- тәрбиелік қызметті ақпараттық қамтамасыз ету технологиясы – АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар), масс-медиа, консалтингтік, диалог, сарапшылық, тренингтік және т.б.

Балалар мен жасөспірімдер ұйымында оқушылардың әлеуметтенуі мен тәрбиесіндегі ерекше рөлді «жеке тұлғаның өсу» технологиясы алады, оның мақсаты - баланың балалар қоғамдық бірлестігіне қосылуы барысында өз орнын, рөлін және ондағы өмір салтын түсінуіне көмектесу.

Технологияның негізі жасөспірімнің ұйымдағы айқындамасының «моделін өзгерту», мысалы: қатысушы – белсенді қатысушы - нұсқау беруші, көшбасшы; юнга – матрос- капитан; «ұшқын» - пионер – аға пионер – нұсқау беруші және т.б. Әрбір сатының меңгерілуі құқықтардың кеңеюіне, міндеттердің қиындай түсуіне, құзыреттіліктердің тереңдеуіне, бірлестік қатысушыларының білімдері мен біліктері деңгейінің артуына байланысты. Көп жағдайда жасөспірімнің жеке басының өсуіндегі жаңа сатыға өтуі оған жаңа бір ерекшелік белгілердің, куәліктің, қиын тапсырманың берілуімен және т.б. ілеседі.

Қазіргі заманғы балалар мен жасөспірімдер ұйымындағы *бірізділікті ұйымдастырудың технологиясы* жас аралықтарындағы тік байланысты дамытуға бағытталған, олар бүгінгі күні әлсіздігімен немесе толық жойылуымен ерекшеленеді. Осындай бірізділікті орнатуға негізгі қарама-қайшылық жасөспірімдер мен жастар арасындағы жас мәселесінің проблемалары мен олардың әлеуметтік қажеттіліктерінің әртүрлі болуы аясында жатыр: егер жасөспірімдер үшін табысты әлеуметтенуі мен дамуы үшін жасы үлкен балалармен (жасөспірімдермен) араласа түсу қажетті болса, жастарға ересектердің көңіл аударғаны аса қажет. Бұл жағдайда бірізділік жеке тұлғаның табысты әлеуметтенуі мен тәрбиесі үшін қажетті болатын дүниетанымдық, құндылықты-әрекеттік, процессуалдық, ақпараттық, компенсаторлық, ұрпақаралық және т.б. байланыстардың кешені ретінде шығады. Жасөспірімдер мен жастар ұйымы арасындағы байланыстардың орнатылуына оң ықпалды келесі шарттар тигізеді: жастар жағынан жасөспірімдермен әріптестік қарым-қатынастарды «теңі» ертінде қабылдау; жасөспірімдердің жастардың «аға жолдас», сарапшы, кеңесші ретіндегі айқындамасын қабылдау. Ондай жағдайда бірізділікті ұйымдастырудың технологиясы келесі кезеңдердің басын біріктіретін болады:

- үлкені мен кішісінің жас аралық араласу қажеттілігін белсендендіру (қызметті талдау, басқа бірлестіктердің тәжірибесін зерделеу, заманауи дәстүрлер мен тарихи факторларды салыстыру);

- үлкендерін өз еңбегінің өнімін сақтап қалуға, бірлестік қызметінің үздіксіздігіне ынталандыру (кішілер алдында баяндамамен шығу, көрмелер, болашаққа жолдаған хат, жоспарлау жағдайы, «келешек қуаныш» перспективалары);

- әлеуметтік серіктесті іздестіру (хат алмасу, форумдарға, фестивальдарға және конференцияларға, шығармашылық кездесулерге қатысу);

- үлкендер және кішілер арасындағы байланыстардың кешенін орнату (диалог жүргізу, әрекеттесу барысында оқыту, арнаулы рәсімі);

- белгіленген байланыстарды нығайтатын құқықтық актілерді құру (Жарғыға, Ережелерге өзгертулерді енгізу, жалпы бағдарламаны немесе инновациялық жобаны құру, дәстүрді енгізу).

Әлеуметтік жобалау технологиясы барлық жас аралығындағы балалардың өз қаласының, облысының ауданының қоғамдық өміріне белсенді қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда оқушылар өздерін белгілі құқықтарымен қатар міндеттері де бар азаматтар ретінде сезінеді. Ал әлеуметтік жоба олар үшін үлкен бір оқиға. Мектеп оқушылары мен балалар және жасөспірімдер ұйымының қатысушылары, мысалы, шынайы билік құрылымдарының, әлеуметтік қызметтердің, түрлі қоғамдық институттардың қызметімен танысуға мүмкіндік алады.

Жасөспірімдердің аға буыны мен жоғары сынып оқушыларына арналған әлеуметтік жоба ерекше өзекті.

Жобалық қызмет олардың өзін жеке тұлға ретінде сезінуіндегі, өзін осы өмірге сәйкестендірудегі, өз орнын бекіту мен өз орнын табудағы, бір топқа қатыстылығының, жетістіктері мен табысындағы, көшбасшылығындағы, әлауқаты мен беделіндегі әлеуметтік қажеттіліктерін іске асыруда көмектеседі. Әлеуметтік жобалау технологиясы жақсы белгілі. Оның балалар мен жасөспірімдер ұйымындағы қолданыс ерекшелігі – әлеуметтік-түрлендіруші мақсаттарға бағдарлануында. Бұл жағдайда жобаларды әзірлеуде және жүзеге асыруда дәстүрлер, балалардың жасы ескеріліп, түрлі жас аралығындағы балаларға арналған топтар құрылады; қаржыландыру көздерін іздестіру мен қатысушыларды нәтижелері мен әсерлерін бағалау бойынша қызметке қосуға дейінгі ресурстық қамтамасыздық мәселелері қосылады.

Бағдарламалар (ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді, жалпы немесе жергілікті) баланың өзін мақсатты тұжырымдауға, қызметті іріктеп оны іске асыруға, мүшелердің және қатысушылардың рөлдерін анықтауға, мақсаттардың, міндеттердің ұжыммен және әрбір жасөспіріммен іске асыру жағдайын бағалау қосудың кешенді әдісі болды. Жасөспірімдерді бағдарламаны әзірлеу мен жүзеге асыру ісіне тартудың нұсқалары, әдістері, құралдары мен амалдары баланың жаңа айқындамасын меңгеруін диагностикалаудың; жеке басының өсу динамикасын анықтаудың табиғи жүйесі болып табылады.

Балалар қоғамдық ұйымының, бірлестіктердің бағдарламалары - бірлестіктің, ұйымның мақсаттарын, міндеттерін, негізгі мазмұнын іске асырудың; әрбір мүшесін ұжымның тіршілігіне белсенді қосудың кешенді әдісі.

Бұл қатарда ерекше орынды әдеттегідей, балалардың, жасөспірімдердің және жастардың білімдегі, демалыстағы, релаксациядағы (тынығудағы) қажеттіліктерін олардың бос уақытын қызығушылықтарын, дамуындағы жеке және жас ерекшеліктерін ескерумен, мәдени демалу қызметінің түрлі бағыттары арқылы мазмұнды ұйымдастыруға бағытталған мәдени демалу бағдарламалары алады.

Бос уақытқа арналған бағдарламалардың міндетті бір шарты – оларда білімділік аспект міндетті түрде орын алуы тиіс, яғни оны меңгерудің нәтижесінде бала белгілі бір білімдерді, икемдерді және дағдыларды алып, сонымен қатар әлеуметтік тәжірибе жинақтауы тиіс.

*Түрлі мәдени демалыс бағдарламаларын ажыратады*, олар: сюжеттік ойын, конкурстық-сауықтыру, спорттық-сауықтыру, ақпараттық-пірікталас, шоу-бағдарламалары және т.б. [32].

*Сюжеттік ойын бағдарламалары* – бір сюжетпен біріккен түрлі ойындардың кешені. Оларда әртүрлі ойындар басым орын алады, мысалы: қимыл, зияткерлік, драматизация ойындары, аттракциондар, аукциондар. Бос уақытты ұйымдастырудың тәжірибесінде ойын бағдарламалары мерекелердің, рәсімдердің бір бөлігі болып, басқа жағдайларда демалыс ойындарының жанры ретінде шығады. Ойын жанры бұл кулисалары мен шымылдық, рампасы жоқ театр, онда әртіс декорацияларсыз, гримсіз қарым-қатынасқа шығып, көрермен театрлық креслода отырмайды.

Сюжеттік ойын бағдарламасының бір түрі ретінде бір реттік ойын бағдарламасы шығады, ол қатысушылардың ерекше бір дайындығын талап етпейді. Балалар ойынға, биге, хормен айтатын әнге тікелей «қойылым» уақытында қосылып кете береді: үстел басындағы зияткерлік ойындар, ойынханадағы ермек, шеңберге тұрып, залда, дискотекада ойнайтын қимыл ойындары мен байқаулар. Ондай ойындар жарты сағаттан бастап одан астам уақытты алады – бұл оның қатысушыларының жасына байланысты.

Ондай бағдарламаның сипаттауы ретінде сценарий жоспары шығып, ол ойындардың және зияткерлік шығармашылық ойындарының белгілі бір кезегін қарастырады.

*Конкурстық-сауықтыру бағдарламалары* білімдердің немесе қоғамдық-пайдалы қызметтің қандай да бір аясында көшбасшылық танытқан қатысушыларды немесе тұтас топтарды айқындауға мүмкіндік беретін түрлі байқаулардан құрылады. Бір жағынан конкурстық-сауықтыру бағдарламалары оның ұйымдастырушыларын ерекше байқауларды құруды, ал оның қатысушыларынан жалпы білімдарлықты, көркемдік-орындаушылық қабілеттерді, физикалық ептілікті, зеректілікті және өнертапқыштықты талап етеді, Екінші жағынан, оның жүргізушісі көрермендермен қарым-қатынасты орнатудың тиімді нұсқаларын құруы тиіс.

Конкурстық-сауықтыру бағдарламаларының бір түрі ретінде берілген тақырып бойынша конкурстық-ойын бағдарламасы шығады.

Оның *бірінші түрі*, әдеттегідей, қатысушылардың алдын ала дайындығын қажетсінеді. Оның нұсқалары ретінде сайыстарды, КТК (көңілді, тапқырлар клубы), түрлі зияткерлік ойындарды, шығармашылық кездесулерді, бейінді балалар бірлестіктерінің (аспапшылар, қолданбалы өнер, бишілер және т.б.) бірлесіп өткізетін акцияларды атауға болады. Ондай бағдарламалардың білімділік және тәрбиелік мәні дәл осы дайындықты, ойластыруды, балалардың бірлескен шығармашылығын көздейді. Бағдарламалардың ондай түріне балалар

бірлестігінің ішінде жыл бойында және оның қорытындысымен өткізілетін кездесулер, кештер, клубтық күндер, «шамшырақтар» жатады.

Берілген тақырып бойынша конкурстық-ойын бағдарламаларының екінші түрі оның қатысушыларының емес, ұйымдастырушыларының алдын ала дайындығын қажетсінеді. Бір реттік ойын бағдарламаларынан ерекше, нақты бағдарламалар белгілі бір тақырыпқа нақты бағдар алып, жыл сайын шыңдалған түрінде де, жаңа эксперименттік үлгісінде де өткізіледі. Осындай бағдарламалардың білімділік және тәрбиелік мәні – жарқын шығармашылық көріністерге, әрбір қатысушының еркіндікті сезінуіне, шығармашылық қарым-қатынас дағдыларын игеруіне, өзінің шығармашылық әлеуетін жеке дара түрінде де, ұжымда (командада) да іске асыру икемін алып шығуына ықпалын тигізетін атмосфераны құруда болып табылады.

*Нақты бағдарламаның келесі түрлері өзекті:*

*Спорттық-сауықтыру бағдарламалары* өз құрамына қимыл ойындарын, эзіл айтыстарын, көңілді старттарды, аралас эстафеталарды, спорттық байқауларды қосады. Оларға тән ерекшелік – сайысу сипаты, адамның физикалық қабілеттері мен ерік-жігер қасиеттерін қолға алу мүмкіндігі.

Спорттық-сауықтыру бағдарламаларына арналған ойындарды таңдауда ойынның сюжеті, ережелері мен қимыл әрекеттері секілді тұтастығы туралы түсінік беретін оның мазмұндық ерекшеліктеріне бағдар алған тиімді. Бағдарламалардың дәл осы мазмұны олардың инкультурациялық мәнділігін анықтайды.

*Ақпараттық-пікірталас* бағдарламалардың құрамына пікір алмасуға, пікір жарыстыруға, ой-толғанысына түрткі болатындай аудитория үшін жаңа да, мәнді ақпаратты қосады. Олардың педагогикалық тиімділігі, ең алдымен, олардың мазмұнына тәуелді, ол қазіргі заман өмірінің ауқымды қоғамдық өрісінен құнарланады. Ақпараттық-пікірталас бағдарламаларының драматургиясына шынайы өмірдің оқиғаларына шұғыл баға беру, бағдарламада қолданылатын бағдарламаларда пайдаланылатын актілердің, құжаттардың дүниежүзілік, жаһандық көлемдегі және жергілікті материалдарымен де байланыстары тән.

*Шоу-бағдарламалары* ойын сауық көрінісінен, пластикадан, билерден, сән киімдерінің көрсетілімнен, концерттік нөмірлерден, клоунадалардан, музыкадан, жарықпен безендіруден тұрады. Олар мәдени-сауықтыру бағдарламаларының өзге жанрларының ішінде елеулі орын алады. Олар үшін алуан түрлі тиімді көріністер, музыка, безендіру, театр қойылымы мен т.б. тән. Осының арқасында олардың қайталанбас эстетикалық тартымдылығы бар, адамдарға сұлулықтың, күштің, епіліктің үлгілерін көрсететін мүмкіндігін береді, адамның физикалық және зияткерлік дамуындағы шексіз мүмкіндіктерді көрсетеді. Шоу-бағдарламалардың бір түрі ретінде ток-шоу шығады, оның барысында көрермендердің көз алдында өзекті мәселелер талқыланады.

*Осындай бағдарламалардың түрлері ретінде келесілерді атауға болады:*

1) шоу-ойын, ол күнтізбелік тақырыптық мерекелерге де, мәдени өмірдің түрлі

атаулы оқиғаларына (жазушылардың мерейтойларына, тақырыптық апталықтарға, аймақта, қалада орын алып жатқан жарқын оқиғаларға); 2) ойын-қойылым (сахналық ойын), онда спектакльдің сюжетін құрғанда, оның сырттай қатысушылары алдын-ала дайындықсыз шағын рөлдерді ойнап немесе спектакль кейіпкерлерінің тағдырына және оқиғалардың келесі тарқауына ықпалын тигізетін тапсырмаларды ойнайды; 3) көрініс (концерт, әдеби-музыкалық композиция, спорттық-шоу және т.б.) орындаушылардың және көрермендердің болуымен сипатталады. Жас әнші, биші, спортшы секілді орындаушылар үшін бұл әрдайым толғаныс, рухани асқақтауымен қатар жүреді.

Балаларда көрермендік мәдениетті, яғни өз құрдастарының сахнаға шығуын байсалдылықпен, тілектестікпен қабылдауға үйренген маңызды.

*Мерекелер* – дайындығы мен ұйымдастырылуы жағынан ерекше мәнділігі бар, еңбекті қажетсінетін іс-шара. Ол әрекеттердің алуан түрін және барлық балалардың белсенді қатысуымен сахналық қойылымның амалдарын қолдануды көздейді. Ойын-сауық қатысушылармен еркін таңдалады немесе олар бірінен соң бірі кезегімен, барлығы үшін бір уақытта жүруі мүмкін.

*Мерекелерді ұйымдастырудың алгоритмі қызметті ұйымдастырудың педагогикалық жетекшілігінің технологиясы ретінде қарастырылуы мүмкін [34].*

1. Педагогтың алдын ала дайындығы. Ұйымдастырушылық қызметтің бұл сатысы мақсаттары мен міндеттерін ойластырып табуды, алға тартуды, іс-шараның мазмұнын және нұсқаларын, күтілетін нәтижелерді ойластыруды көздейді.
2. Жоспарлау. Бұл кезеңде мерекені өткізу үшін жауапты педагог балалармен дайындық пен өткізу бойынша мүмкін нұсқаларды талқылап алады. Іс-шараның нұсқалары ұжымдасып таңдалады.
3. Ағымдық ұйымдастырушылық қызметі (дайындық). Дайындық барысында сценарий толығымен әзірленіп, бекітіледі, барлық ұйымдастырушылық сәттері сипатталып, олар үшін жауаптылар көрсетілген іс-шараны дайындау жоспары жазылып, бекітіледі. «Жауаптылар» бағанына неғұрлым көп бала қосылса, соғұрлым бұл оқиғаның тәрбиелік, әлеуметке қосушы мәні жоғары болмақ. Мерекені дайындау – бұл үлкен де, маңызды, ұжымдық және шығармашылық іс, ол еңбек пен қиял өрісін, ересектердің және балалардың қуақы ойын, тапқырлығын талап етеді. Идеяны, сюжетті бірлестіріп әзірлеу, оны түзу, егжей-тегжейіне жетіп пысықтау мерекені әрбір баланың өміріндегі жарқын, есте сақтарлық оқиға қатарына шығарады.
4. Іс-шараны өткізу. Мерекенің өткізілуі дайындық кезеңінде әзірленген жоспарға сәйкес орындалады.
5. Талдау. Өткізілген мерекені талдау оның қорытындысын шығару кезеңінде орындалады.



Балалар ұйымында өткізілген ашық іс-шараны талдаудың  
КАРТАСЫ

Педагогтың АӘТ \_\_\_\_\_

Ашық іс-шараның тақырыбы \_\_\_\_\_

Қатысқан оқушылардың саны \_\_\_\_\_

Балалардың жасы \_\_\_\_\_

Балдары

2 балл- толық орындалған

1 балл – ішінара орындалған

0 балл - орындалмаған

р/с №№	Көрсеткіштері	Бағасы
<b><u>1. Педагогтің ұйымдастырушылық қызметі</u></b>		
1.1.	Аудиторияны безендіру (көрнекілігі, костюмдері, техникалық құралдардың пайдаланылуы).	
1.2.	Іс-шараның мақсаттары мен міндеттерін белгілеу, оқушыларға жұмыс реті мен шарттарын түсіндіру.	
1.3.	Іс-шараның әрбір кезеңінің белгіленген мақсаттарға және міндеттерге сәйкестігі.	
1.4.	Оқушылардың іс-шара барысындағы белсенділігі.	
1.5.	Іс-шараның нақтылығы, ырғағы мен қарқыны.	
1.6.	Іс-шара қызметінің барысын реттеу.	
<b><u>2. Іс-шараның барысын түзу</u></b>		
2.1.	Іс-шараның тақырыбына негіздеме беру (атаулы күндермен, мсәдени ерекшеліктермен және т.б. байланысы)	
2.2.	Іс-шара мазмұнының оның мақсаттарына және міндеттеріне сәйкестігі.	
2.3.	Белгіленген мақсаттарды және міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін түрлі әдістердің қолданысы.	
2.4.	Оқушылардың жасына және дамуына сай келетін әдістердің, амалдардың таңдалуы.	
2.5.	Баланың танымдық белсенділігін ояту; қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейту.	
<b><u>3. Іс-шараның психологиялық негіздері</u></b>		
3.1.	Педагогтың өз ісін ұйымдастыруы (Іс-шараға іштей дайындығы, педагогикалық тапқырлығы, педагогикалық әдебі).	
3.2.	Қолайлы психологиялық ахуал жасау (әріптестік, тілектестік, өзара түсінушілік ахуалы).	
3.3.	Оқушының дамуын қамтамасыз ететін жеке психологиялық әсерлердің, әдістемелік амалдардың алдын ала қарастырылуы	
<b><u>4. Жұмыстың инновациялық нұсқалары</u></b>		
4.1.	Балалардың іс-шараны дайындау барысындағы бірлескен әрекеті.	
4.2.	Баланың шығармашылық көзқарастан өзін танытуға мүмкіндік беру.	
4.3.	Іс-шараның қалыптан тыс нұсқасы.	

4.4.	Авторлық табысы (қандай да бір циклдың сценаріі, іс-шараның тақырыбын әзірлеу және т.б.)	
------	--	--

### **Қорытынды балл:**

6. Соңғы әсер. Бұл іс-шараны ұйымдастырудың ақырғы кезеңі. Бұл мерекені ұйымдастырып отырған педагог белгіленген мақсаттардың және міндеттердің орындалу тиімділігін талдайды, ондай іс-шаралардың келешегін анықтайды.

*Мәдени-сауықтыру қызметіндегі мерекелік бағдарламалар алуан түрлі. Оларға жататындары:* балалар шығармашылығының фестивальдары, слеттар, театрландырылған көріністер, көпшілік серуендері, карнавал шерулері, тақырыптық апталықтар, күндер, байқаулар, конкурстар, сәлемдесулер, тұсаукесерлер, ресімдер, шығармашылық есептер мен т.б.

*Ұзақ уақытқа созылатын сауықтыру бағдарламалары.* Осындай ұзақ мерзімге созылатын сауықтыру бағдарламаларын іске асырудың нұсқалары ретінде сауықтыру бағдарламаларының жоғарыда аталған түрлерінің барлығы қолданылуы мүмкін, мысалы: ойын, байқау, меркелерік іс-шаралар. Соңғылары оның құрамына қосымша бағдарламалардағы құрамдастар ретінде енуі мүмкін. Оның ерекшелігі қатысушылардың тұрақты құрамына арналып (оқу тобы, клуб және т.б.), бірнеше күн немесе апта бойында, бір жыл және одан артық уақытқа созылуында.

Ондай бағдарламаның міндетті ережесі – нақты белгіленген кезеңдерінің болуы, әрқайсысы жарқын оқиғамен басталып, аяқталуында. Мысал ретінде пәндік апталықтар, «робинзодалар», «кіріскен» ситуациялық-рөлдік ойындар шығады. Ұзақ уақытқа созылған сауықтыру бағдарламалары анық білінген білімділік сипаты.

*Мәдени-сауықтыру бағдарламаларын орындаудағы түрлі технологиялар мен әдістердің ұтымды үйлесімділігі оның қатысушыларының белгілі нәтижеге жетуіне бағдар алуында. Күтілетін нәтижелер қатарында шығатындары келесідей болады:*

- балалардың бос уақыттың ұйымдастырылуын, оны жеке тұлғаның дамуы мен өз орнын табуындағы құндылығы, мәнділігі ретінде саналы қабылдауы (өз жасының шеңберінде);

- балалардың өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін, оларды оқудан бос уақытта іске асырудың жолдары мен амалдарын саналы қабылдауы;

- балалардың өзінің бос уақытын өткізудің амалдары мен нұсқаларына деген ұстанымдарын өзгерту;

- балалардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша практикалық дағдыларды, бос уақытты мазмұнды және түрлі өткізу икемдерін алып шығуы;

- балалардың қарым-қатынастың негізгі құралдарын, көрермендік негіздерін меңгеруі;

- балалардың өзара қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және өз құрдастарымен және ересектермен өзара әрекеттесудегі мінез-құлқын арттыру;

- сыныптағы, балалар ұйымындағы, тұтас мекемедегі ахуалды балаларды бірлескен сауықтыру іс-шараларына қатыстыру негізінде өзгерту;

- білім беру ұйымының дәстүрлерін қалыптастыру.

*Мәдени-сауықтыру бағдарламаларын іске асыру нәтижелерін қадағалау келесілердің көмегімен орындалады:*

- балаларды жүйелі бақылау және олардың бойында орын алып жатқан өзгерістерді тіркеп отыру;

- балалар және олардың ата-аналары арасында әлеуметтанушылық сауалнамаларды өткізу;

- сауалнама;

- ата-аналармен сұхбаттасу;

-балалардың өз бетінше диагностика жүргізуін, олардың өзін-өзі бақылауындағы (өзін-өзі сипаттауындағы) өзгерістерді қадағалау;

- оқушылардың шығармашылық жұмыстарын талдау.

Сауықтыру бағдарламаларын дайындау модельдеуден басталады, оны жеке тұлғаның шығармашылық қызмет арқылы инкультурация үдерісіне қосылуының ерекшелігі бар жаңа шарттарын түзу мақсатымен амалдарды, тәсілдерді және құралдарды жүйеге келтірудің үдерісі деп түсінеміз. Модельдеу екі деңгейінде жүреді. Біріншісін шартты түрде «түйсікті» деп атаймыз, ол кезде маман онымен құрылған мәдени-сауықтыру бағдарламасының жаңа үлгісін түзудегі әдістемелік амалды, оның сызбасын түсіндіре алмайды. Екінші деңгейді шартты түрде «саналы» деп атауға болады. Ол адамның модельдеу технологиясын меңгеріп, рационалды деңгейде бағдарламаның жаңа үлгісін іздестіруді жүргізгенін тіркейді. В.С. Садовская сауықтыру бағдарламасын модельдеуде төрт кезенді атап көрсеткен [33].

1–кезең белгілі сауықтыру бағдарламаларын талдауды көздейді. Ол кезде кез-келген «супер бағдарламаның» негізінде дәстүрлі әлеуметтік-мәдени қызмет жататын ерекше заңдылық білінеді. Модельдеудің технологиясында бұл ереже аксиома болып табылады. Бұл кезеңнің міндеті – түрлі сауықтыру бағдарламаларындағы айрықша ерекшеліктерді табу.

2-кезең – белгілі сауықтыру бағдарламалары немесе олардың элементтерін жергілікті жағдайларға ауыстыра білу. Нақты жағдайда бағдарламаның мазмұнын жергілікті жағдайларға және ұйымдастырушының шығармашылық мүмкіндіктеріне қарай бейімдеу қажет.

3- кезең. Жаңалық элементтерін бағдарламаның мынадай құрылымдық буындарына енгізу қажет: мамзұнға, ұйымдастырушылық-әдістемелік шарттарына, сценарий барысында, заманауи аудио-, бейне- және басқа да техникалық құралдардың қолданылуы.

4-кезең – бағдарламаның жаңа (авторлық) моделін түзу. Ол туралы тек барлық құрылымдық буындарда жаңалық элементі орын алғанында ғана айтуға болады.

И.П. Подласыйдың [35] пікірінше, кез-келген мәдени-сауықтыру бағдарламасын (тәрбиелік іс-шараны) әзірлеу және дайындау үдерісінде мақсатты тұжырымдау, жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу, іске асыру және талдау секілді кезеңдерді атап көрсетеді. Осыған байланысты педагог өз әрекеттерін төменде көрсетілген ретімен орындауы қажет:

1. Өзектілігі мен өмірмен байланысы негізінде тақырыпты таңдау, таңдалған тақырыпқа педагогикалық негіздеме беру.

2. Іс-шараның нұсқасын анықтап алу (байқау, кеш, пікірталас және т.б.).

3. Іс-шараны дайындау және өткізу барысындағы мақсаттарды және шешілетін міндеттерді белгілеу.

4. Оқушылардың қатарынан іс-шараны дайындау бойынша шығармашылық топты құру, топ ішіндегі міндеттерді үлестіру. Оқушылардың бастамасы мен өздігінен әрекетке дайындығына негізделу.

5. Іс-шараны өткізу үшін қажетті материалдарды жинау.

6. Сценарийді жазу және оны бекіту. Оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін, олардың жас ерекшеліктерін, сонымен қатар мектептің дәстүрлерін және сценарий жазудағы дістүрлерді ескеру.

7. Сценарийде өлкетанушылық материалдың қолданысы.

8. Сценарийді жазу барысында іс-шараның кешенді сипатына негізделу (оны дайындау және өткізу барысында қолданылатын амалдардың, тәсілдердің және әдістердің түрлілігі).

9. Іс-шараның композициясындағы тұтастықты және қисынды ойластыру.

10. Іс-шараның барысында қолданылатын көркемдік, музыкалық және техникалық құралдарды ойластыру.

11. Іс-шараны өткізу орнын және уақытын педагогикалық тиімділігі және тәрбиелік әсері көзқарасынан (сынып, мұражай, акт залы, спорттық алаңша және т.б.; сабақтан соң, кешке, демалыс күні) анықтау.

12. Жүргізушіні таңдау (басты критерий – коммуникативтік және ұйымдастырушылық ептілігі, тіл мәдениеті, жалпы мәдениеті мен әдебі, тапқырлығы мен екпінділігі).

13. Іс-шараны өткізу әдістемесі мен мазмұнын ойластыру:

а) іс-шара мазмұнының белгіленген мақсаттарға сәйкестігі;

б) таңдап алған материалдың танымдық және тәрбиелік құндылығы;

в) ақпараттың эмоционалдық толымдылығы, балалардың іс-шараға қызығушылығы, олардың белсенділігі;

г) тәрбиелік принциптердің іске асырылуы;

д) іс-шара барысында оқушылардың өзара әрекеттесуіндегі жеке, топтық және ұжымдық нұсқалардың үйлесімділігі.

14. Қонақтардың шақырылуы (шақыру түрін ойластырумен).

15. Дайындықтың қажетті санының өткізілуі.

16. Іс-шарадағы анағұрлым табысты және сәтсіз сәттердің оны өткізген соң талдануы, келешекке арналған қорытындылар.

Сауықтыру бағдарламаларын нәтижелі өткізу үшін аудиториядағы ішкі коммуникациялардың педагогикалық көзқарастың реттелуінің құндылығы сөзсіз. Қарастырылып отырған мәселе тұрғысынан бағдарлама қатысушыларының қарым-қатынасқа түсуіне ықпалын тигізетін түрлі амалдардың мәні ерекше. Бағдарламаның түріне қарай олар мынадай болуы мүмкін:

- пікірталастар, олар бағдарламаның қатысушыларына қызықтырып отырған мәселе бойынша өз пікірін, өзінің көзқарасын білдіруге мүмкіндік береді;

- драмаландыру-ойындары, олар өзін түрлі рөлдерде «сынап көруге», аудиторияның шығармашылық белсенділігін жекелеп өткізуге мүмкіндік береді;

- ұжымдық ән, ол топты біріктірудің құралы болып табылады;

- хорлап жүріп билеу үзінділері, олар бағдарлама қатысушыларының басын біріктіріп, мүмкін шиеленістің алдын алуға бағытталған;

- слайд-көрсетілімдері, олар қатысушылардың босаңсуына, шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпалын тигізеді;

- жеке тұлғаның өз орнын табуға мүмкіндік беретін байқаулар – әнде, биде, ойында және т.б.

Сауықтыру бағдарламасы жүргізушісінің табысты жұмысының ерекшелігі көптеген құралдарға негізделеді: туған елінің тілі, ымдау, сөз, жанасу, көзқарас, үнсіздік тілі. Жүргізуші жұмысының табысты болуы көп жағдайда бағдарлама мазмұнына, оның мақсатына, аудиторияның ерекшелігіне және барлық қатысушылардың өзінің шығармашылық әлеуетін іске асыру мүмкіндігіне байланысты.

Педагогтар дұрыс және толыққанды орындалған мәдени-сауықтыру бағдарламасының балалардың мәдениет дүниесіне қосылуына, олардың шығармашылық ой-өрісі мен танымдық қызығушылығын дамытуға, бірлескен әрекет үдерісінде өзінің орнын табу тәжірибесінің жинақталуына ықпалын тигізетінін есте сақтауы тиіс.

Мәдени-сауықтыру бағдарламасының балаларға қосымша білім берудегі білімділік бағдарламасынан ерекшелігі келесілерде:

- мәдени-сауықтыру бағдарламасының мазмұны қандай да бір нақты курс бойынша арнайы ұйымдастырылған сабақтардың барысында зерттелмейді, көпшілік-сауықтыру іс-шараларын (істерді) дайындау және өткізу үдерісінде іске асырылады;

- онда қарастырылған білімдерді және икемдерді меңгеру сабақтан тыс уақыттағы өз бетінше жұмыс үдерісінде және ересектер мен балалардың бос уақыттағы өзара әрекеттесуінде өтеді;

- білімділік ақпараттық және әлеуметтік тәжірибенің көздері, бос уақыттағы субъектілер ретінде педагогтар да, балалардың өздері де, олардың ата-аналары да шығады.

Мәдени-сауықтыру бағдарламасын іске асыру барысында білім алушылардың дәстүрден тыс айқындамаларының (рөлдерінің) тұтас спектрі қарастырылған: ұйымдастырушы, орындаушы, көрермен, авторлас, суретші, костюмер, дизайнер, музыкалық безендіруші, жарық түсіруші, сахна жұмысшысы, жүргізуші, қазылар алқасының мүшесі.

*Бос уақыттың ұжымдық технологиясын (БУҰТ) ұйымдастыру және өткізудің И.П. Иванов бойынша алты кезеңді және шоу-технологияларды қарастырады.*

*Оның бірінші кезеңі – алдын ала жұмыс.* Тәрбиеші нақты ұжымның жана кезеңге жоспарланып отырған сыныптан тыс жұмыстағы болашақ БУҰТ –ны өткізу орнын белгілейді, нақты тәрбиелік міндеттерін анықтайды, өз ойын іске асыру амалдарын іздестіреді, мектеп оқушыларын жұмысқа түрткілейтін, келешегімен тартымды болатын әрекеттерін белгілейді, әр қатысушының қызметін ынталандыру мүмкіндіктерін анықтайды.

*Екінші кезең – ұжымдық жоспарлау.* Мектеп оқушылары қойылған сұрақтардың жауабын шағын ұжымдарда (топтарда) іздейді: нақты нені істеу керек? Кіммен бірге? Қашан? Кім үшін? және т.б. Бұл жағдайда ересектер – балалармен қарым-қатынастың тең құқылы қатысушылары. Ұжымдық жоспарлау жинақ-старт түрінде өтеді. Оны ұсынылған жауап нұсқаларын жинақтап отыратын жүргізуші (тәрбиеші) өткізеді, нақтылайтын сұрақтарды қойып. Алға тартқан идеяларға негіздеме беруді ұсынады, «ой толғанысын» ретке келтіру үшін қосымша міндеттерді белгілейді. Жинақ нақты істі және істі ұйымдастыру бойынша кеңесті таңдаумен аяқталады.

*Үшінші кезең – істі ұжымдап дайындау.* Басшы орган (жұмыстың кеңесі) БУҰТ дайындалуын және өткізілуін нақтылайды, содан кейін орындалуын әрбір қатысушының бастамасына түрткі беріп және ынталандырып, ұйымдастырады. Дайындық топтармен жүруі мүмкін. Бұл кезеңде балалардың жұмысты өз бетінше, жаттығып орындауға икемсіздігі білінеді. Сондықтан тәрбиеші-педагогтың рөлі, оның балалар ұжымына ықпал ету, оқушылармен өзара әрекеттесу және эмоционалдық байланыстары сипатының мәні зор. Ашық қысым жасамай, педагог мектеп оқушыларын жалпы ойды іске асыруға мақсатты, шығармашыл және өз бетінше қатысуға достық сезімін білдіре отырып түрткілейді. Бұл жұмысты орындау нұсқаларын таңдауға көмектесу, қажетті материалды іздеу көзін пайдалану бойынша кеңес, нақты оқушыларға жауапты тапсырма беру арқылы ерекше сенім таныту, «тәрбиесі қиын» оқушылармен достық қарым-қатынасты орнату және олармен белгілі бір істерді орындау бойынша келісімдерді құру түрінде жүруі мүмкін.

*Төртінші кезең - БУҰТ өткізу.* Жұмыстың кеңесімен құрылған нақты жоспар орындалады. Мектеп оқушылары түрлі формаларда жұмысты жоспарлау және дайындау барысында жинақталған тәжірибесін көрсетеді. Тәрбиеші мүмкіндігінше барлық қатысушыларға білдіртпей, олардың көңіл-күйін бағыттап, қателерін түзетіп, істің ойдағыдай аяқталмағанында, сәтсіздіктің салдарын жуып-шаяды.

*Бесінші кезең – БУҰТ қорытындыларын ұжыммен шығару.* Мысалы, БУҰТ ұйымдастырудың және өткізудің оң және теріс жақтары талқыланау үшін қатысушылар ұжымын жалпы жинау. Әрбір қатысушы өз пікірімен бөлісе алады. Бұл шара сауалнама, сауалнаманы қабырғалық газет арқылы толтыруға шығармашылық есеп және т.б. түрінде өткізіле алады. Бұл кезеңдегі бастысы – әркімнің өз қызметін талдауға, келешекке сабақ алуға үйрету. Осылайша мектеп оқушылары қоғамдық пікірді шығаруға қосылып, ұжымда мейірімді дәстүрлердің жинақталуына үлес қосады.

*Алтыншы кезең – БУҰТ жуық салдары.* Тәрбиеші БУҰТ қорытындыларын шығару кезінде айтылғанның барлығын белгілеп, есепке алып отырады. Белсенділермен әрекеттер кезегінің бағдарламасын жаңа ұсыныстарды, жаңа ұжымдық істерді басшылыққа алып, белгілейді.

*Қазіргі жағдайда осындай тәрбиелік әдістеменің мәні мен оның іс жүзінде орындалуын төменде көрсетілген ережелер анықтайды:*

- әркімнің ұжымдық шығармашылық қызметтегі даралығын дамыту және жеке тұлғаның өз орнын табуы бойынша мақсаттардың басым болуы;

- жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін басшылыққа алып, ұжымдағы құндылықтардың, идеалдардың, үлгілердің түзілуі;

- қызмет қатысушыларының өз бетінше шешуіне жататын шығармашылық мәселелерді, міндеттерді анықтау;

- балалардың түрлі топтардағы, бірлестіктердегі шығармашылық қызметіне қосылуы үшін жағдай жасау;

- ісінен жеке тұлғаға емес, жеке тұлғадан іске қарай пікір алу; жұмысты жоспарлауда ұсыныстар мен идеяларды іріктеу емес, әркімге оның қызығушылықтары мен қалауларына сәйкес келетінін таңдау мүмкіндігін беру;

- қызмет қатысушыларының өзінің ролін, жүріс-тұрыс сипатын өз бетінше анықтауы үшін жағдай жасау;

- нәтижелерді бағалауға ұжымдық қызметті әркімнің жеке тұлғасының өзін танытуы мен дамуы, оның қызмет қатысушыларымен қарым-қатынасының қалыптасуы көзқарасынан талдау.

*БУҰТ тәрбиелік мақсаттарын іске асыру педагогтан мынадай шарттарды ұстануын талап етеді:* 1) БУҰТ дайындау және өткізу кезіндегі кезеңдердің ретін бұзуға, педагогқа аға жолдас ретінде берілген ролін бұрмалауға болмайды; 2) БУҰТ дайындау және өткізу ересектер мен балалардың алдыңғы жұмыстар бойынша жинақтаған тәжірибесіне негізделуін талап етеді; 3) педагогқа оқушылардың оқу-тәрбиелік үдерісте алған білімдері мен тәжірибесін ескеру қажет.

Тәрбиенің кешенді құралдары ретінде шығатын БУҰТ негізінде ұстаздар тығыз байланыста және ынтымақтастықта жеке тұлғаның барлық тараптарын дамыту міндеттерін шешеді: танымдық-дүниетанушылық (ғылыми білімдер, көзқарастар, ұстанымдар, идеалдар); эмоционалдық ерік-жігер (қоғам үшін маңызды қажеттіліктер, қызығушылықтар, ұмтылыстар мен сезімдер); әрекетті-тәжірибелік (қоғам үшін қажетті және құнды біліктер, дағдылар, әдеттер, мінез қасиеттері), яғни жеке тұлғаның тығыз бірлігінде идеологиялық, рухани, құқықтық, еңбек, физикалық, эстетикалық және т.б. тәрбиесі. БУҰТ мынадай мүмкіндіктер беретінін есте сақтау қажет:

- оқушыларға қоршаған шынайылықтағы түрлі объектілерге, құбылыстарға (қоғамға, еңбекке, табиғатқа, материалдық дүниенің заттарына, адамға және т.б.) өзінің көзқарасын білдіріп, оның көп рет қайталанған көрініс арқылы тұрақты құндылықты қарым-қатынастардың жүйесін, өзінің бейнесін, әлеуметке маңызды мотивтер қажеттіліктерін қалыптастыруда танытуға;

-тәрбиеленушілермен рухани жоғары әрекеттерді жасауға түрткілеу (бейтаныс адамдарға қамқорлық көрсету, ауланы абаттандыруға қатысу, ағаш егу, әскери адамдардың моласына күтім көрсету және т.б.)

- ұжымның дұрыс қоғамдық пікірін дамыту және оны жетілдіру, оның дәстүрлерін қалыптастыру.

Онымен қатар, балалар мен жасөспірімдер ұйымының мектептегі жалпы жүйесінің құрамдасы ретінде шығатын БУҰТ жүйесін басқа құралдармен оқушылардың қандай да бір ұжымдық ісінің алдын алып, оны сүйемелдей немесе қорытындылай келе анықтап, күшейтетін мәдени-сауықтыру бағдарламаларымен өзара байланыста іске асыру маңызды.

Қызметтің инновациялық әдісін таңдауда балалар ұйымының аға тәлімгеріне бірқатар сауалға жауап беру ұсынылады:

Осы инновациялық әдіс сіздің мектепте өзекті де, қажетті болады ма?

Мекеменің қандай ресурстары (кадрлық, материалдық, ақпараттық және т.б.) балалар мен жасөспірімдер ұйымында осы әдістің қолданысы үшін қолда бар?

Инновациялық әрекетті орындау үшін қандай ресурстарды сырттан тарту қажет?

Инновациялық әдісті ұйым қызметіне енгізу бойынша жұмысты қалайша жақсы ұйымдастыруға болады?

Осы инновациялық әдістің көмегімен қоғамдық бірлестіктің қандай қиыншылықтарын сіз шешуге тырысасыз?

Жалпы, балалар мен жасөспірімдер ұйымы қызметіндегі барлық қарастырылған инновациялық әдістер қоршаған ортаны және өзін өзгертуге жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру үшін ұсынылады.



#### 4. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымын дамытуды бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Балалар ұйымының жұмыс әрекеті бағдарламалық-мақсатты көзқарас негізінде жүзеге асырылады.

Қандай да бір бағдарламаға қатысу жеке тұлғаның белгілі қасиеттерінің қалыптасуы мен дамуының сәйкес моделін жүзеге асырады.

Балалар мен жасөспірімдер қоғамдық бірлестігінің бастамасында салынған бағдарламаларының вариативтілігі мүмкіндіктердің алдын алып, әрбір бірлестікпен нақты балалар тобының сұраныстары мен қабілеттеріне, бірлестіктің және осы ұйымдардың әрекет етіп отырған әлеуметтік ортасының шарттарына жауап беретін меншікті жоспарларының әзірленуін белсендіреді.

Балалар мен жасөспірімдер ұйымының жоспары – қызметтің мазмұнын, меңгерілуге жататын білімдердің, біліктердің және амалдарының көлемін, сонымен қатар «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігінің» қызметі туралы Ережемен сәйкес келетін бағыттарының мазмұнын анықтайтын құжат.

«Бағдарлама» грек тіліндегі сөзден шығып, хабарландыру, ұйғарым мағынасын береді. Құжат ретінде ол түрлі көзқараспен қаралуы мүмкін [36].

Біріншіден, бұл бірлескен әрекеттерді басқаруды тіркейтін құжат. Екіншіден, бұл білім берудің басқару (түрлі деңгейдегі) органдарына *әртүрлі мақсаттармен* тапсырылатын ресми құжат:

а) балалар ұйымы ұйымдастырушысының (аға тәлімгердің) кәсіби деңгейінің көрсеткіші ретінде;

б) балалар ұйымы ұйымдастырушысының (тәлімгердің) балалар ұжымымен бірлесіп жасаған қызметі мазмұнының сипаты ретінде;

в) балалар ұйымы ұйымдастырушысының (тәлімгердің) жұмысына материалдық-техникалық қамтамасыздықтың қажеттілігіне негіздеме ретінде.

Бұл талаптар бағдарламалардың барлық түрлеріне, соның ішінде балалар бірлестігінің және балалар ұйымының қызметіндегі бағдарламаларға да қатысты.

*Бағдарлама* – балалар ұйымының (балалар бірлестігінің) мақсатты дамуын реттейтін құжат. Бұл жұмыстың стихиялық дамуына және формализмге қарсы құрал.

Балалар бірлестігіне қатысты тәрбиелік-білімділік бағдарламасы – бұл нақты балалар бірлестігінің қызметіндегі мақсаттарды, оларды іске асыру құралдары мен жолдарын нақты анықтайтын құжат [12].

Түпкі ойы бойынша балалар ұйымының бағдарламасы келесі сұрақтарға жауап беретіндей болуы тиіс:

- Балалар ұйымының бастапқы күйі қандай? (шын мәнісінде не бар);
- Балалар ұйымын қандай түрінде көрген қалаулы? (мұрат-мақсаты неде)
- Жұмыстың шынайы күйін өзгертіп, оны мақсатты түріне келтіру үшін қандай әрекет жасау қажет?
- Бағдарламалардың қандай түрлері бар?

*Өзінің бағдарлануына қарай бағдарламалар кешенді және бейінді болады.*

*Кешенді бағдарлама –*

Балалар ұйымының (бірлестігінің) көп қырлы қызметінің бағдарламасы. Мысалы, «Жас Ұлан» ББЖҰ қызметінің бағдарламасы 7 бағыты бойынша жүзеге асырылады.

*Бейінді (мамандандырылған) –* бұл қызметінде бір жетекші, басты бағыты бар бағдарлама. Мысалы, балаларға арналған «Балдәурен» РОСО-ның «Көшбасшылар мектебі» бейінді ауысымының бағдарламасы. Осыған ұқсас бағдарламалар жиі білім беру мекемелерінде, сауықтыру лагерьлерінде, мекенжайы бойынша клубтарда қолданылады.

*Авторлық және бейімделген (шеттен алынған) бағдарламалар.*

Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, қазір *авторлық бағдарламалар* анағұрлым кең таралған, оларда балалар мен ересектер қауымдастығындағы тіршілікті ұйымдастыруға ой, дәстүрден тыс болады. *Бейімделген бағдарламалар –* бұл өзінің нақты жағдайларын ескерумен шеттен алынып, қайта өңделген және қайта ойластырылған бағдарламалар (Мысалы, ӨБА – Өсудің Балалар Академиясы (авторы: Д.В.Лепешев) мен ҰЖБИ - Ұлы Жаңалықтардың балалар Институтының бағдарламасы (Авторлары: Е.Н.Виговская, Д.В.Лепешев). Нақты бағдарламалар тек ауысымдар қатысушыларының ғана шығармашылық әлеуетін белсендіріп қоймай, сонымен қатар ұйымдастырушы-педагогтардың, білім беру, медициналық және дене мәдениеті-сауықтыру кешендері және басқа мамандардың шығармашылық көзқарастан топ жаруына ықпалын тигізеді.

Уақыт кезеңіне қарай, бағдарламалар ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді болады. Әдетте, балалар ұйымы мен бірлестігі қызметінің бағдарламасы ұзақ мерзімге (3 жыл, 4-5 жыл және одан артық уақытқа) әзірленеді.

М. М. Поташник және В.С. Лазарев *кез-келген бағдарламаның, соның ішінде балалар ұйымы қызметінің бағдарламасының да сай келуі не жататын жеті сапалық сипаттамасын береді:*

- өзектілігі – анағұрлым мәнді мәселелерді шешуге бағдарлануы;
- болжамдылық – өзгеріп отырған талаптарға және іске асыру шарттарына сәйкес келуге қабілеттілігі;
- белгіленген мақсатқа шынайы бар ресурстардың көмегімен мейлінше пайдалы нәтижеге жету мүмкіндігі;
- мақсатқа жету үшін қажетті әрекеттердің тұтастығы, толықтығы мен келісілуі;
- бақылауға бағынуы – аралық мақсаттарды, яғни алынған нәтижелерді түрлі амалдармен тексерудің шынайы амалдарының анықталуы;
- түзетілуі – туындаған ауытқуларды және өзгертулерді оперативті түрде анықтау және оған жауап беру мүмкіндігі.

Көп жағдайда біздің балалар ұйымдары білім беру ұйымдарының базасында орналасқандықтан, балалар ұйымы (бірлестігі) қызметінің бағдарламасы осы мекеменің директорының қолымен және мөрімен бекітіледі.

Балалар бірлестігі қызметінің бағдарламасының Қазақстан Республикасы Білім министрлігімен бекітілген білімділік бағдарламасына ұқсас нақты түзілген құрылымы жоқ, сондықтан оның түрлі нұсқалары болуы мүмкін, бірақ оларға тұрақты элементтерімен (негізгі құрамдастарымен).

Бағдарламаны түзу құрылымын қарастырып көрелік.

*Бағдарламаның құрылымы:*

Кіріспе. Түсінік хат.

Мақсаттары мен міндеттері.

Бағдарламаның мазмұны (қызметтің бағыты, қызметтің түрлері, мақсаттары мен міндеттерін орындаудағы жұмыс нұсқалары мен әдістерін баяндау).

Қызметті ұйымдастыру құрылымы.

Бағдарламаны іске асыру механизмі.

Нәтижесі.

*Бағдарламаның анағұрлым толық құрылымын қарастырып көрелік.*

*Кіріспе (Түсінік хат, преамбула, негіздеме).*

Бағдарламаның бұл бөлігінде оның өзектілігі мен мәнділігіне негіздеме беріледі. Ол үшін балалар ұйымы немесе бірлестігі жұмыс жасайтын жағдайларды талдап шығу қажет. (Бағдарлама неғұрлым көлемді болса, талдау соғұрлым терең жасалуы тиіс). Бұл жерде бағдарламаның мақсатты тобы, яғни оның кімге арналғаны ескеріледі (балалардың жасы, контингенті, кеңістікті-уақыт шарттары мен т.б.). Кіріспеде бағдарламаның түпкілікті ойы мен қағидалары ашылады (алайда, олар жеке блок ретінде де шығарылуы мүмкін), балалар ұйымы (бірлестігі) қызметіндегі бағдарламасының бағытына түсініктеме беріледі.

*Мақсаттары мен міндеттері.*

Бұл тарауда алдағы қызметтің мақсаттары мен міндеттері көрсетіледі. Ол үшін «мақсат» және «міндет» ұғымдарын ажырату керек. *Мақсат* – уақыттың нақты белгіленген уақытында бірлестік немесе ұйым шын мәнісінде қол жеткізе алатын, күтілетін (қалаулы) нәтиженің нақты, сапалы сипатталған бейнесі.

*Міндет* – бұл мақсаттың жеке түрі, анығырақ айтқанда, шағын мақсат. Мақсаттар мен міндеттердің блогы нақты, шынайы қол жетімді және позитивті болғаны дұрыс, Іс жүзінде бұл белгіленген әрбір *міндетті келесілер орындалатындай етіп, тұжырымдалғаны маңызды екенін білдіреді:*

- нақты кезеңде балалар ұйымы нақты неге қол жеткізуі керек екені түсінікті болуы;

- оның шешімі үшін шынайы жағдайлар мен мүмкіндіктердің болғаны;

- оны шын мәнісінде де шешу мүмкіндігі (оның белгіленген мерзімінде қол жеткізуге);

- іске асырушыларды (балалар мен ересектерді) оған қол жеткізу бағытында әрекет етуге түрткілеуге (ынталандыруға).

Мақсаттар мен міндеттердің сырттан алынбай, балалар ұжымының мүшелерімен бірлесіп шығарылатынын және балалар қозғалысын ұйымдастырушылары (тәлімгерлер) тек балалар ұйымы (бірлестігі) алдында тұрған міндеттердің мақсаттары мен міндеттерін ресімдеуге ғана көмектесетінін есте сақтаған маңызды.

Және бір жағдайды ұғынып алған абзал: мақсат бір мәселе, қиыншылық туындағанында пайда болады. Мәселені, немесе қиыншылықты табу, «түйсікпен сезіну» қызмет мақсатының (яғни, мәселенің шешімінің) анықталғанын білдіреді. Мәселе – әлдебір заттың қалаулы күйі (идеал бейнесі) мен оның нақты (шынайы) күйі арасындағы алшақтық. Мәселенің шешімі дегеніміз – әрекеттердің бар көптеген нұсқаларының ішінен нақты күйінен (заттың, біреудің) қалаулы күйіне өтуге мүмкіндік беретін біреуін таңдауды білдіреді. Мысал үшін, аға тәлімгер өз жұмысында бір мәселеге кезікті: балалардың қоғамдық бірлестіктегі төмен деңгейдегі белсенділігі, бастамашылық білдірмеуі (шынайы күйі). Сондықтан ол мақсатын шығарады – балалар белсенділігін көтеру, олардың әлеуметтік шығармашылығы үшін жағдай тудыру (қалаулы күйі). Мақсатын жүзеге асыруды педагог бірлестікте балалардың өзін-өзі басқару жүйесін құрудан бастағанды жөн көрді (мәселені шешу нұсқасы). [12].

Міндеттер бағдарламаның әрбір бағыты үшін әзірленеді.

Сол себептен бағдарламаның «Мақсатты тұжырымдау» тарауына негізгі (басты) мақсат та, оны нақтылайтын міндеттер де кіреді. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, балалар бірлестігінің бағдарламасы көп мақсатты бола алмайды. Басым мақсаттардың саны, әдеттегідей, бесеуден аспауы тиіс. Бағдарламаға әдетте 1 негізгі мақсат 3 нақтылайтын міндет кіреді.

*Мақсаттарды және міндеттерді дұрыс анықтау үшін бірнеше қадамның орындалуы шарт [12]:*

1-қадам. Әлеуметтік тапсырысты зерделеу — балалар ұйымының, мектептің, мектептен тыс мекеменің, ауылдың, қаланың тәрбиелік жүйесіндегі орны мен рөлін анықтау; баланың, оның отбасының, қоғамның балалар ұйымына қатысты қажеттіліктерін зерделеу. Балалар ұйымдарының қала, облыс, республика, ТМД деңгейіндегі қызметінің бағдарламаларымен танысу.

2-қадам. Балалар ұйымының алдын ала психологиялық-педагогикалық диагностикасы мен басшысының өз бетінше диагностикасы. Бейнелеп айтқанда, педагог үшін «Балалар нені қалайды және неге шамасы жетеді?», «Ол өзі нені қалайды және неге шамасы жетеді?» деген сауалдарға жауап тапқан маңызды.

3-қадам. Жалпы мақсаттар мен міндеттерді шығару. Бұл кезеңде «қалаймын» және «шамам келеді» деген ұғымдар арасында таңдау жасап, нені істеу «қажет» екені анықталады.

4-қадам. Балалар ұйымының спецификасын және оның қатысушыларының жеке ерекшеліктерін зерделеу. Осыны мақсатқа бағыт алу үшін, дәл осы мақсаттар мен міндеттерді алдын ала шығарудан кейін жасау қажет. Нәтижесінде сіз балалар бірлестігінің жас және жыныс ерекшеліктерін

ескерген, балалардың алған бағдары, олардың қызығушылықтары мен еркін шығармашылық әрекеттерін, қоғамдық немесе жеке мәртебесі, жеке тұлғаның әлдебір қасиеттері мен қабілеттері, отбасылық жағдайы, үлгерімі, мектептегі жағдайы және т.б. көрінісін тапқан толық сипаттамасын аласыз.

5-қадам. Бағдарламаның іске асырылатын жағдайын зерделеу. Біріншіден, балалар ұйымы үшін базалық болып табылатын мекеменің ерекшеліктерімен және педагогикалық мүмкіндіктерімен байланысты жағдайлар. Екіншіден, балалар ұйымы мүшелерінің отбасылық қарым-қатынасының ерекшеліктерімен байланысты.

6-қадам. Бағдарламаның нақты мақсатын шығару.

Бұл қадамда ұстаз мақсат пен міндеттің формулировкасындағы (оларды жазбаша ресімдеу) қиыншылықпен жолығуы мүмкін. Сондықтан біз мақсаттарды және міндеттердің формулировкасы бойынша жалпы ережелерді келтіруді жөн көріп отырмыз:

- формулировканың екі нұсқасы мүмкін: етістік немесе зат есім формасы («дамыту» - «дамуы»), «қалыптастыру» - қалыптасуы);

- мақсаттардың және міндеттердің блогында тек бір не етістіктен, не зат есімнен жасалған нұсқадағы формулировка болуы тиіс;

- қажетті ақырғы нәтижені нақтылау қажет. Мысалы, «оқу жылының соңында «Мейірімділік бекеттерінің» жұмысын ұйымдастыру» деген мақсаттың формулировкасында оның ақырғы нәтижесін «ұйымдастыру» сөзі сипаттайды;

- мақсатқа қол жеткізудің берілген мерзімін нақтылау. Күнтізбелік мерзім – бұл мақсатқа қол жеткізілгені не жеткізілмегеніне жауап берудің межесі;

- тек «не» және «қашан» орындауы тиіс екенін көрсетіп, «қалай» және «қашан» істелуі керек екеніне толық үңілмеу керек.

Мақсаттар «не?» сұрағына жауап беру керек. Бағдарламаның соңында неге қол жету керек? Кезінде Аристотель мақсатқа «не үшін істеледі?» деп анықтама берген. Міндеттер «Қалай?» Белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін біз қалай әрекет етуіміз керек?» деген сұрақтарға жауап беруі тиіс. Мақсат үдерістің «не?» деген сұрағына жауап берсе, міндет – үдерістің «қалай?» сұрағына жауап береді.

- мақсаттар мен міндеттер өзара байланысуы тиіс, яғни мақсаттардағы сөздер міндеттерде де кездесуі тиіс.

Мақсаттар мен міндеттерді бағдарламаны орындау уақыты бойында көз алдында ұстау оның орындалуына кепілдік береді.

Мақсатқа қолдың жетуі оның формулировкасына тәуелді, сондықтан мақсаттың дұрыс аталуы - табысқа бағытталған бірінші қадамыңыз.

Біздің білім беру саласын жаңғыртудың мақсаты – белгілі әлеуметтік рөлін атқаруға, пайдалы істерді жасауға шамасы келетін жетік, тұтас тұлғаны дайындап шығару. Бұл ұстаным мақсаттарды белгілеудің жаңа SMART форматына бағдар береді.

*Балалар мен жасөспірімдер ұйымындағы мақсаттарға қол жеткізу бойынша жұмыстың тиімділігі арта түседі, егер мақсатты SMART*

форматында анықтаса (бұл белгіленген мақсаттың 5 белгісінен құрылған аббревиатура).

Оның әрбір сөзі smart мақсатты белгілеудегі бағыттардың бірін білдіреді. Өз алдына мақсатты белгілеудің Smart әдісі әрбір бағытты түсінуді, оны мақсатты белгілеуде толық ашуды көздейді. Ал «смарт» сөзінің өзі қазақ тіліне «ақылды», «зияткерлік» деп аударылады.

*SMART-мақсат келесідей болуы тиіс:*

S (specific) – нақты, дәл, формулировкасы екі ұшты айқын емес ойға жол берілмеуі керек.

M (measurable) – өлшенетін, мақсаттың формулировкасында жұмыстың мақсатқа қол жеткізу бойынша нәтижелерін өлшеп отыруға мүмкіндік беретін санды көрсеткіш болуы тиіс.

A (attainable) – қол жетімді, оны өз күшімен іске асыру күмән тудырмауы керек.

R (relevant) – балалар мен ересектер үшін мәнді, мақсаттың шешіміне ұстаздарды олардың негізгі міндеттерінен қол үзуге негізді себеп болуы үшін, мақсат мейлінше өзекті болуы тиіс.

T (timebounded) – уақыты бойынша шектеулі, мақсат уақыттың белгілі кезеңіне қойылуы тиіс.

Қосымша өз мақсатын экологиялық тұрғысынан тексеріп көру қажет: өзге адамдар сіздің осы мақсатқа қол жеткізгеніңізге қалай қарайды? Ол кімге ұнамауы мүмкін? Бұл сіздің мақсатқа қол жеткізуіңізге қандай әсер тигізуі мүмкін?

Смарт мақсаттарды белгілеу техникасының барлық бағыттардың өзара тығыз әрекеттесуін, олардың бірін-бірі толықтырып, іскерлік жарамдылығын көздейтінін есте сақтаған абзал.

«Ақылды» мақсаттарды белгілеуде smart-жүйенің маңызды бір ережесі ретінде көңіл –күйдің көтеріңкі болуы. Пессимизмге берілген, өз күшіне сенімсіздікті білдіретін пікірлерге жол бермеу керек. Педагогтар мен балалар шығармашылықпен ойлап, қалыптан тыс, бірегей шешімді табуға үйренуі керек.

SMART технологиясы белгіленіп қойған мақсаттардың сапасын бақылауға алу үшін арналған, бірақ ол мақсатты тұжырымдау түрінде де пайдаланыла береді. *SMART жүйесінің көмегімен мақсатты тексеру немесе белгілеудің алгоритмі келесідей көрініс табады:*

Мүмкін мақсаттардың тізімі жазылады және нәтижелердің ерекшелігін сәйкестендіру (оны нақтылап сипаттау) жүргізіледі (S);

Мақсаттардың әрқайсысына негіздеме беріледі, педагог әрбір мақсаттың оның қызметі үшін мәнділігін бағалайды, ол үшін мақсаттардың маңыздылығын бағалау үшін жеке критерийлер әзірленуі мүмкін (мысалы 10-балдық шкаласымен) (A);

Педагог мақсаттың қол жетімділігін болжамдап, оның дәрежесін бағалайды (R), мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігін санмен бағалауды, қол

жетімділігінің түрлі еселіктерін және т.б. қолдануға дейін (мысалы, 10- балдық шкаласымен);

Мақсаттардың әрбіреуі үшін көрсеткіштердің тобы таңдалады – бірақ үшеуінен артық емес (көрсеткіштердің үлкен саны қолданылғанында, оларды негізгі және қосымшаларға ажырату қажет), жетістікті өлшеу және бақылау үшін (М). Осы аралық нәтижелердің өлшем критерийлерінің мейлінше ыңғайлы болғаны дұрыс;

Таңдалған мақсаттар үшін оларға қол жеткізудің дер мерзімдері көрсетіледі, содан кейін мақсатқа жетудің аралық кезеңдері бөліп көрсетілетін жоспар жазылады (Т).

*Мақсаттың формулировкасының құрамына мыналар кірмеуі керек:*

- арнайы терминдер, олар нақты мақсатты іске асырумен байланысты қызмет аясындағы кәсіби білімі жоқ тұлғаларды оны түсінуін қиындатады;

- еркін және бір мәнді емес ұғынуына жол беретін терминдерді, түсініктерді және сөз тіркестерін;

- ең стратегиялық мақсатқа жетудің салдары ретінде шығатын басқа мақсаттарға, міндеттерге, әсерлерге және нәтижелерге сілтемелерді;

- мақсатқа жетудің жолдарының, құралдарының және әдістерінің сипаттамасын.

Дұрыс белгіленген мақсаттардың жүйесі балалар мен жастар үшін өзекті қажеттіліктерді көрсетіп, оларға жетудің құралдарына тәуелді болмауы тиіс. Мақсаттарды түзуге деген осындай көзқарас оларға қол жеткізудің мүмкін амалдары және құралдарын таңдаудағы еркіндіктің жоғары дәрежесін көздейді (яғни әрбір мақсатқа жету амалының көп санын болжамдайды).

Балалар ұйымының жұмысында нені бөліп көрсету керек? Мысалы:

- танымдық және шығармашылық белсенділіктің белгіленуін;

- балалар ұжымындағы өзін –өзі басқару жүйесінің даму деңгейін;

- балалардың өз ұжымына қанағаттануы, ұжымның даму деңгейі;

- баланың жеке тұлғасының рухани жете қалыптасуы;

- баланың жеке тұлғасының азамттық қасиеттерінің жете қалыптасуы;

- балалардың әрекетке ынтасының деңгейі мен мазмұны және т.б.

*Бағдарламаның мазмұны.*

Бұл тараулардың көмегімен алдағы қызметтің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру болжамдалып отырған жұмыстың негізгі нұсқалары мен әдістерін сипаттамасын құрайды. Әдетте, міндеттерді басшылыққа алып, мазмұны бірнеше бөліктерге – өз бетінше дербес тараулар түріндегі блоктарға, модульдерге, бағыттарға, қосымша бағдарламаларға бөлінеді.

Бағдарламаның нақты тарауында балалар ұйымы алға шығарылған мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін «Не?», «Қайда?», «Қашан?», «Қалай?» жасайтыны туралы сұрақтарға анық жауап берілуі тиіс. Бағдарламалардың бұл кезеңінде педагог белгіленген мақсаттарды және міндеттерді түрлендіріп, тәрбиелік жұмыстың сәйкес нұсқаларына аударуы тиіс. Таңдалған нұсқаулар белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сай келуі керек.

Балалар ұйымы (бірлестігі) қызметіндегі бағдарламаның мазмұны әдетте танымдық, шығармашылық-сауықтыру, спорттық, экономикалық –құқықтық, рухани –адамгершілік және басқалары секілді бағыттары бойынша, сирек жағдайда – балаларды ұйымдастырудың түріне қарай (жеке, топтық, көпшілік) құрылымдарымен құрылады.

Бағдарламаның бұл бөлігінде жоспарланған іс –шаралар, істер, сонымен қатар олардың өткізілу жиілігі мен кезегі көрсетіледі.

Бағдарлама тым толық талдауды талап етпейді, өйткені бұл ақпарат тек тәлімгердің (балалар қозғалысының ұйымдастырушысының) жоспарында ғана көрсетіледі, ол нақты және толық сипатта жүреді.

*Қызметті ұйымдастырудың құрылымы.*

Бұл тарау өз бетінше ұйымдастырушылық модель түрінде беріледі, онда ұйымның бағдарламаны іске асыру барысындағы қызметті ұйымдастыру құрылымына сипаттама беріледі: оны басқару, бағыну жүйесі, ішкі және сыртқы үстемділік иерархиясы (жасақтар, топтар, командалар).

*Жеке тарау өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруға арналуы мүмкін.*

*Жүзеге асыру механизмы (даму қисыны, бағдарламаны іске асыру тәртібі)* анағұрлым күрделі тараулардың бірі болып табылады. Ол түпкі ойды, бағдарлама идеясын іске асыру бойынша әрекеттер жоспарының сипаттамасы түрінде болады (нені істеу керек, қандай тәртіпте, қандай мерзімдерде және қандай күштердің көмегімен). *Бағдарламаны іске асырудың ішкі және сыртқы механизмдерін ажыратады.*

Іске асырудың *ішкі механизмы* балалар ұйымының (бірлестігінің) меншікті күштерінің және ішкі резервтерінің қолданысын, ал *сыртқы механизм* – қандай да бір күштердің сырттан қатысуын көздейді.

Осы тараудың басты тағайындалуы – қағазда көрсетілгеннің барлығын балалар ұйымының шынайы әрекетінде қалай жүзеге асыруға болатынын ойластыруда.

*Іске асыру жоспары* – бұл талдама үшін анағұрлым күрделі тараулардың бірі. Ол бағдарламаның түпкі ойын, идеясын өмірге келтіру бойынша әрекеттердің жүйесін сипаттау түрінде болады (не істеу керек, кіммен кездесу керек). Ондай тараудың басты тағайындалуы қағазға түсірілгенді балалардың және жасөспірімдердің шынайы әрекетіне айналдыруды ойластыруда; қалаулы нәтижелерге жету үшін, қандай әрекеттерді, кім, қандай мерзімдерде, қандай ресурстарды пайдаланумен орындауы тиіс. *Бағдарламаны іске асыру жоспарын (механизмын) әзірлеу жұмысы келесі кезеңдерден құрылған:*

*Қамтамасыздығы бағдарламаның нақты міндетін шешуге мүмкіндік беретін шарттарды анықтау:*

- ұйымдастырушылық шарттар — бұл бірлестіктің жаңа органдарын, құрылымын құру (кеңес, уақытша шығармашылық топ, клуб және т.б.);

- ғылыми-әдістемелік шарттар — бұл қажетті білімдерді және ептіліктерді меңгеру, бір нәрседен қажетті біліктілікті алу (біліктілікті арттыру курстарына қатысу, нақты кеңесші-мамандарды шақырту және т.б.);



- материалдық-техникалық шарттар — бұл балалар ұйымының табысты жетістігі үшін қажетті құралдарды құру (техникалық жабдық, орын, қолданбалы материал және т.б.);

- ынталандырушы шарттар — бұл балалардың және ересектердің белгіленген міндеттердің шешіміне қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған әрекеттер;

*Нәтижелер (қорытындылар).*

Балалар ұйымы (бірлестігі) қызметінің бағдарламасындағы қорытынды бөлімде міндетті түрде күтілетін нәтижелер, бағдарламаны орындаудың қорытындылары көрсетіледі. Міндеттер секілді, нәтижелер де балалар ұйымы (бірлестігі) үшін нақты және шынайы болуы тиіс. Іс жүзінде, балалар бірлестігінің қызметіндегі басты нәтиже ретінде баланың жеке тұлғасының әлеуметтенуі, оның жеке, шығармашылық әлеуетінің өсуі, белсенді патриоттық және азаматтық айқындамасының түзілуі болып табылады.

Осындай дамудың көрсеткіштері ретінде шығатындар: сапалы білімнің деңгейі, белсенді өмірлік айқындамасы, жемісті пайдалы еңбектегі, салауатты өмір салтындағы қажеттілік).

Балалар қызметіндегі қоғамдық ұйымы (бірлестігі) бағдарламаның нәтижелері бағдарламаның міндеттеріне, оның өзектілігіне сай келіп, оларға қайшы келмеуі керек.

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне формалды көзқарастан алшақ тәжірибелі педагогтар осы тараумен жұмыс жасағанда өмірін жеңілдетуге тырысады. Бұл тарау «Мақсатты тұжырымдау» секілді, бірақ ол басқа сөздермен сипатталған.

Көптеген заманауи мектептік балалар мен жасөспірімдер ұйымының қиыншылықтарының бірі ретінде оның тіршілігінің «санасыз», инерциялық жүруінде. Бұл жағдайда олардың қызметі «әдеттегідей» өткізілетін іс-шаралардың тізбегі түрінде болады, онда «не үшін?» деген сауал өз мәнінен айырылады. Мақсат саналы қабылданбай, іс жүзінде «жұмыс жоспарын орындау» деген формалды оймен алмастырылады. Педагог балалар мен жастардың мүддесін қорғап әрекет етпей, алдымен білім беру мекемесіндегі басшылардың мүддесін қолдап отырғанын көрсетеді.

«Жас Ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымының дамуын бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша инновациялық үлгіде жұмыс жасау үшін өз жұмысына шын мәнісінде берілген балалардың және жастардың әлеуметтік белсенділігін ұйымдастырушыларға – аға тәлімгерлерге, педагог – ұйымдастырушыларға, әдіскерлерге, қоғамдық бірлестіктердің басшыларына олардың қызметінің бағдарламалар бойынша тиімділігін бағалаудың жүйесін қолдану қажет.

*Бағдарлама бойынша қызмет мазмұнының балалар ерекшеліктеріне сәйкестігі.*

*Көрсеткіштері:*

а) қызметтің бағыттары мен нұсқалары ұйым мүшелерінің қызығушылықтарына және мүдделеріне сәйкес келеді;

б) ұйым қызметінің мазмұнының, оның ұйымдастырушылық мәдениетінің ұйым мүшелерінің жасына сәйкестігі.

*Өлшемдері:* сауалнама (соның ішінде бірлестік мүшелері еместердің де), әдістемені жоспарлау, сараптамалық бағалау.

*Ұйым қызметінің балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтенуіне бағытталуы.*

*Көрсеткіштері:*

- а) ұйым жас кезеңіндегі мәселелердің шешіміне бағыт алған;
- б) бірлестік мүшелерінің жеке өсімі орын алуда;
- в) ұйым қызметінің мақсаттары, міндеттері мен мазмұны заманауи қоғамның ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

*Өлшемдер:* сараптамалық бағалау, сауалнама.

*Ұйым мүшелерімен оның миссиясын және құндылықтарын саналы қабылдауы.*

*Көрсеткіштер:*

- а) ұйымның мүшелері бірлестік миссиясын түсінеді;
- б) ұйымның мүшелері өзінің өмірінде ұйымның құндылықтарын және онда қабылданған нормаларды басшылыққа алып отырады.

*Өлшемдер:* сауалнама, аяқталмаған сөйлем әдісі.

*Ұйым мүшелерінің бастаманы шығару және шешім қабылдау үдерісіне шығаруға қосылуы.*

*Көрсеткіштер:*

- а) ұйымда өзін-өзі басқару ұйымы қызмет етеді;
- б) ұйымда ұжымдық жоспарлау тәжірибесі қолданылуда;
- в) ұйымның мүшелері ұйым тіршілігі үшін жауапкершілікті өзіне алуға дайындығын танытуда.

*Өлшемдер:* бақылау, сауалнама.

*Ұйымның белгіленген мақсаттар мен міндеттеріне жетуі.*

*Көрсеткіштері:*

- а) ұйым қызметінің мақсаттары, міндеттері мен мазмұны бір бірімен келісілген;
- б) ұйымның мақсаттары диагностикаға бағынады;
- в) бірлестіктің мақсаттары мен міндеттерін іске асырудың механизмдері бар.

*Өлшемдері:* бақылау, сұрастыру, құжаттарды зерделеу.

*Ұйым қызметінің ресурстық қамтамасыздығы.*

*Көрсеткіштері:*

- а) нормативтік-құқықтық базасының сапасы;
- б) ақпараттық-әдістемелік қамтамасыздықтың сапасы, меншікті талдамалардың және инновациялардың болуы;
- в) кадрлық қамтамасыздықтың күйі мен ұйымдағы кадрлық саясаттың болуы;
- г) қоғаммен (общественность) байланыс;
- д) басқа бірлестіктермен, ұйымдармен, билік органдарымен байланыстары;

е) материалдық базаның болуы.

*Өлшемдері:* құжаттарды зерделеу, сараптамалық бағалау.

*Бағдарламаларды әзірлеуде мақсатты тұжырымдауды үш деңгейінде орындауға ұсыныс беріледі. Мақсаттардың бірінші деңгейі* мемлекеттің, қоғамның оның түрлі әлеуметтік топтарының қалыптасып жатқан жеке тұлғаның қоғамдық идеалына қатысты әлеуметтік тапсырысын көрсетеді. *Мақсаттардың екінші деңгейі* – бұл әрбір білімділік бағдарламасы, білім беру ұйымдарының түрлері мен типтеріне арналған мақсат. Мақсаттардың үшінші деңгейі – бұл балалармен күнделікті қарым-қатынас және педагогикалық іс-шараларды өткізу барысында жүзеге асып отыратын педагогикалық мақсаттардың өзі. Олар белгілі жағдайларда нақтыланып, өзара байланысқан міндеттер арқылы сипатталады.

Бүгінгі күні түрлі деңгейлерде мақсаттардың келіспеушілігі, сонымен қатар олардың гуманистік мәнінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру құралдарының сәйкессіздігі, мақсаттарды құралдармен шатастыру орын алуда.

*Ұйымның жұмысын бағдарлама бойынша орындау.*

Бағдарлама бойынша жұмыстың жемісті болуы тек оқушылардың белсенділігіне ғана емес, педагогтың тәрбиеленушілердің қызығушылықтарына пайдалы бағыт берудегі ептілігіне, оның педагогикалық ықпалына да байланысты. Жұмыс барысын ұйымдастыру өз құрамына түрлі бірлестіктердің, клубтардың және т.б. қалыпты қызметі мен өзара әрекеттестігінің қамтамасыздығын енгізеді.

Ұстаздарға балалар ұйымы бағдарламасын жүзеге асырудың әдістерін меңгеру қажет.

Дәл осы мәнмәтінінде әдістер дегеніміз – бұл ересектер мен балалардың өзара әрекеттесуінің реттелген амалдары, олар бағдарламадағы мақсаттарға және міндеттерге жетуге бағытталған.

*Педагог пен балалардың бағдарламаны жүзеге асыру барысындағы пайдамен өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету үшін келесі әдістер қолданылады:*

- балаларда балалар бірлестігі жағдайындағы жүріс-тұрысының және қызметінің әлеуметтік тәжірибесін ынталандыру мен мотивациялаудың әдістері;

- балалардың жүріс-тұрыс тәжірибесін алуы үшін жағдай жасау әдістері (рөлдік ойындар, тренингтер, білім беру ситуациялары);

- ұйым мүшелерімен жүріс-тұрыс және пайдалы қызмет тәжірибесін санасынан өткізуіне ықпал ететін әдістер (талдау, түсінік беру, түсіндіру, ұғындыру, сұхбаттасу, талқылау, бақылау және т.б.).

*Ұйым жұмысының бағыттарын анықтауда неге ерекше назар аудару қажет?*

Қазіргі заман балалар бірлестігінің немесе ұйымының маңызды міндеттерінің бірі ретінде өз бетінше қызметке икемді, ақпараттық қанығу, қатал бәсекелестік, жағдайында, стандарттан тыс ситуацияларда өмір сүруге

және жемісті әрекет етуге, демократиялық қоғамдағы саяси үдерістерге қатыса отырып, полимәдениетті кеңістіктің рухани-адамгершілік ұстанымдарына ілесіп алған әлеуметтік тәжірибесін ептілікпен және өз бетінше пайдалануға қабілетті адамды дайындау шығады.

Көптеген елдердегі тәжірибені басшылыққа алып, алдыңғы қатардағы шаралар қатарында осыған байланысты балалардың және жастардың ол үшін қажетті білімдерді және дағдыларды меңгеруі үшін жағдай жасауды анықтап алуға болады.

«Өмірлік дағдылар» түсінігі нақты ғылым санатына шықпайды және белгілі бір мәніне ие емес.

Өмірлік дағдылардың кең ауқымды мағынасында азаматтарға олардың қажеттіліктеріне қарай білім алуға және еңбек етуге, өзгерістерге әлеуметтік тұрғысынан беймделуге, сау-саламатты болуға, елімінің қоғамдық және экономикалық өміріне белсенді қатысуға мүмкіндік беретін дағдылар, яғни жеке тұлғаның тұрақты азаматтық айқындамасының және әлеуметтік белсенділігінің қалыптасуын қамтамасыз ететін дағдыларды түсінеміз. Сол себептен балалар ұйымының егеменді Қазақстандағы білім беру жүйесі дамуының қазіргі кезеңіндегі *қызметінің басым бағыттарының бірі ретінде балалардың және жасөспірімдердің қажетті өмірлік дағдыларын шыңдау үдерісі* шығады, олар ақыр соңында олардың қоғам азаматы ретіндегі оң көзқарастан әлеуметтенуін және әлеуметтік беймделуін қамтамасыз етеді. Оған қоса, бұл үдеріс үздіксізбен және кең ауқымымен сипатталып, баланың дамуындағы барлық жас кезеңдерінде оның өмірінің және қызметінің барлық аяларының арқауы болуы тиіс.

Бірақ, балалар ұйымы жағдайында аталған қызметтің тиімділігін арттырудың нұсқалары мен әдістері туралы сөз көтерудің алдында, «Бүгінгі күні біздік балаларға қандай өмірлік дағдылар қажет? Олардың арасында ең маңыздысын қалай анықтаймыз? Қандай дағдылар бүгін балалар мен жасөспірімдерде едәуір қалыптасқан, қандайлары назардан тыс қалуда? Педагог қандай да бір дағдыларды өз тәрбиеленушілерінің бойында шыңдап шығару барысында неге назар аударуы қажет?» екенін анықтап алу қажет.

Осы сауалдарға және көптеген басқа да сауалдарға жауаптардың негізі ретінде Қазақстандық ғалымдармен [12] 2005 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының Жеке тұлғаның әлеуметтенуі институтымен «Қазақстандағы баршаға арналған білім» атты халықаралық ассоциациясының қолдауымен өткізілген әлеуметтанушылық зерттеулерінің нәтижелері алынған. Аталған зерттеудің мақсаты дәл осы жалпы білім беру мектептеріндегі оқушылардың өмірлік дағдыларының қалыптасуы мен бетбұрыстарының жағдайын анықтау болған. Нәтижесінде 1800 респонденттің анкеталық деректері жинақталып, зерттелді. Олардың ішінде Алматы, Қарағанды, Ақтөбе, Семей және оларға іргелес облыстардағы мектептердің 1-11 сынып оқушылары, сонымен қатар олардың ата-аналары болды. Осыдан кейін әлеуметтанушылар қорытындыларды және жинақтамаларын жасап, негізгі мәселелерді белгіледі

де, өмірлік маңызы бар дағдылардың негізгі санаттарын қалыптастыру бойынша бірқатар ұсыныстарын берді.

*Өз бетінше қызмет дағдылары.* Нақты санат өз құрамына шешім қабылдау икемдерін, өз мақсатына жетудегі, мәселені шешу амалдарын анықтаудағы, жауапты тапсырмаларды орындаудағы, қиыншылықтардан асудағы табандылығын енгізеді. Осындай дағдыларға толық көлемінде ие оқушылар өзіне өзі сенімді және өз мүдделерін қорғауға қабілетті. Ондай оқушылардың саны кем де кем болып шықты. Ал оқушылардың жиі кезігетін негізгі проблемалары мына қатарда аталған:

- өз мақсатына жете алмайды;
- шешім қабылдауда қиыншылық көреді;
- жауапты тапсырмалардан қашады;
- өз мүдделерін қорғай алмайды;
- өтініштен бас тарта алмайды.

*Оқу қызметінің, сыни ойлау және ақпараттық өріспен жұмыс жасау дағдылары.*

Оқушылар мен олардың ата-аналарының осы дағдылар санатына қатысты сұрақтарға берген жауаптарына жүргізілген зерттеу көрсеткеніндей, ақпараттың басым санын қазіргі заман балалары, жасөспірімдері мен жастары бұқаралық ақпарат құралдарынан және құрдастарымен араласу барысында алады. Ақпараттың басым санын кітаптардан, соның ішінде оқулықтардан алатын оқушылардың пайызы өте кем (2-3 есе). Сәйкесінше, оқушылардың басым санына ақпаратты бағалау, сыни ойлау дағдылары қажет, өйтпегенде бұл буын ғасырлар бойында шыңдалған рухани бағдарларынан айырылып қалады да, бос, жаңа уақыт сәнімен жүрген әсерлер мен қызығушылықтарының ықпалына түседі. Алайда, осының аясындағы зерттеулердің нәтижелері қуантып отырған жоқ. Оқушылардың басым саны мына дағдылардың шыңдалуын қажетсінеді:

- ақпаратты сыни бағалау;
- ақпаратты беделді қайнар көздерінің деректерімен салыстыру;
- сұрақты қисынды дұрыс қою;
- пікірталастарды жүргізу және өзінің көзқарасын қорғау.

*Ситуативтік жүріс-тұрыс дағдылары.* Бүгін біз әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің оң және теріс салдарын атап отырмыз. Саяси және рухани өмірдің демократиялануы қылмыстың өскен, қауіпсіздік мәселесінің шиеленіскен жағдайында өтуде. Қызықты, алуан түрлі, сонымен қатар алдын ала болжамдауға жатпайтын және қатыгез өміріміз бүгінгі күні ситуациялық жүріс-тұрыс дағдыларын шыңдауды талап етеді. Оған қоса, зерттеу анық түрде төмендегілерді көздейтін дағдылардың жеткіліксіз қалыптасқанын анықтады:

- жылдам жауап қайтару;
- эмоцияларын басқару икемі;

- күшін жинақтау және көрсетілген күшке түрлі амалдармен қарсы тұру: тойтарыс беру, көмекке шақыру, қашу, көңілін басқаға аударту, күтпеген жерден қайсарлықпен әрекет ету.

*Салалуатты өмір салтының дағдылары.* Қауіпсіздік проблемасы тек күш көрсеткен жағдайлармен ғана шектелмейді. Күнделікті тұрмыста баяу әсерлі қауіп төндіретін өзге де факторлар бар, олар: нашақорлық, маскүнемдік, темекі тарту, жұқпалы аурулар. Осыған байланысты СӨС-ың дағдыларын қалыптастыруға назар аудару қажет:

- теріс ықпалға қарсы тұру;
- зиянды заттегілерді және өнімдерді пайдаланудан бас тарту;
- ерте жастан жыныстық қатынастарға түсуден бас тарту;
- қауіпсіз жыныстық қатынастарға таңдау жасау;
- дәрілік препараттарды таңдау;
- салауатты тамақ түріне таңдау жасау;
- инъекцияларды қабылдау.

*Әлеуметтік және азаматтық дағдылар.* Нақты топты талдау барысында зерттеушілермен оң бетбұрыстар анықталды. Полимәдениетті Қазақстанның жағдайындағы ұлтаралық қатынастардың көп жылдық тәжірибесі оқушылардың басым санында сәйкес дағдылардың шыңдалуын қамтамасыз еткен. Оқушылардың түрлі санаттарында өзара көмек көрсету, аяшулық және уайым білдіру сезімдері жақсы дамыған. Оған қоса, ұжымдық шығармашылық дағдыларының дамуындағы жоғары деңгей және гендерлік мәселелердегі сауаттылықтың артуы аталды. Сонымен қатар азаматтық дағдылардың қалыптасуы аясындағы теріс бетбұрыстардың дамуын тоқтату қажет болып отыр. Осылайша, мысалы, сұрақ қойылған балалардың және жасөспірімдердің жартысынан астамы құқықбұзушылық, жанжал, төбелестерде енжарлы айқындамасын жақтайды. Оны оқушылар менталитетіндегі құқықтық нигелизмнің тұрақты айқындамасымен түсіндіруге болады. Оқушылардың көбісі дауларды сындарлы көзқараспен шешуге, сұхбаттасын тыңдауға қабілетсіз, қоғамдық тапсырамалар мен жұмыстардан бас тартып қашады. Осылайша, келесі дағдылардың шыңдалуына назар аударған дұрыс:

- дауды татулықпен, жанжалсыз шешу;
- келіссөздерді жүргізу;
- өз құқықтары мен мүдделерін заңды қорғау;
- азаматтық қоғамдағы жүріс-тұрысын қадағалау.

*Жұмысқа орналасу, өзінің ермегін табу, кәсіби бейімделу дағдылары және мансаптың дамуы.* Нақты зерттеудің міндеттері бар өмірлік дағдыларды талдаумен шектелген жоқ, оның барысында жұмыс табу, өзінің ермегін табу, кәсіби бейімделу және мансапты дамыту дағдыларының қалыптасуына арналған жағдайлар да зерттеуге алынды. Осы бағытта оң бетбұрыстардың дамуы үшін дұрыс алғы шарттарды белгілегенді жөн көрдік. Сұрақ қойылғандардың берген жауаптарын талдау негізінде келесідей бетбұрыстарды анықтауға болады:

- қайсыбір кәсіпті таңдаудағы ара қатынастың оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін талдаудың пайдасына аудару;
- мансаптық өсуіне бағдар алу;
- кәсіби білімді алуға, соның ішінде оны арттыруға және қосымша білім алуға қажеттілікті сезіну;
- жұмысқа орналасу амалдарындағы ара қатынастың түйіндеме құру және байқаулар енгізуде қабылдауға аударылуы.

Өмірлік дағдылар ішіндегі нақты санаттың қалыптасуы келесі бағыттармен жұмысты күшейтуді талап етеді:

- еңбек нарығындағы бос орындар туралы ақпарат көздерімен жұмыс жүргізу дағдыларын шыңдау;
- еңбек нарығындағы жағдайды бағалау және оны болжамдау дағдыларын қалыптастыру;
- сұхбаттасу барысындағы жүріс-тұрыс дағдыларының қалыптасуы;
- түйіндеме құру дағдыларын қалыптастыру;
- кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру;
- экономика негіздері мен құқықтық мәдениет негіздерін зерделеу;
- оқу қызметі мен шетел тілдерін үйрену бойынша дағдыларын дамытуды жалғастыру.

Осыдан толыққанды азамат, заманауи қоғамның мүшесі үшін қажетті өмірлік дағдылардың жиынтығы мен оларды қалыптастыру бойынша қиыншылықтардың мен бағыттарының шеңбері мейлінше үлкен және алуан түрлі. Бір тізімге жиналып, олар біздің күнделікті тұрмысымызда балалармен, жасөспірімдермен жүргізілетін жоспарлы және жоспардан тыс жұмысымызға басқаша қарап, оны белгілі жүйеге түзуге көмектеседі, онда маңызды және екінші қатарлы істер болмайды, оның әр күні ен әр сағаты әлеуметтік тұрғысынан белсенді, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаның қалыптасу үдерісіне мақсатты бағдарлы ықпалын тигізеді.

Идеал түрінде Қазақстандағы балалар ұйымдары «Мәңгілік Ел» құндылықтарына, бейбітшілік, өмір, денсаулық, мейірімділік, игілік, еңбек, мәдениет және т.б. секілді гуманистік, жалпы адамзаттық құндылықтарға және т.б. бағдар алған.

*«Жас Ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымының қызметіндегі бағдарламаның әзірлеушілеріне берілетін кеңестер:*

- Назарға алыңыз! Бағдарлама мақсаттан, ал мақсат: «Біз неге жеткіміз келеді?» деген сұрақтан басталады. Мақсатқа негіздеменің берілуі болжамды орындалуының мерзімін көрсетумен байланысты белгілі әрекеттен басталуы тиіс. Міндеттің шешімі олардың дәл қойылуынан басталауы керек.
- Бағдарламаның барлық құрамдастары мақсатқа жету идеясына бағынады.
- Бағдарламаны әзірлеуге түрткі ретінде, әдеттегідей, құндылықты мақсатқа бағынушылықпен өзгерістерді талап ететін балалар ұйымындағы проблемалық жағдай шығады.

- Бағдарламаның мәтінінде тек бір мәнінде түсіндіруге болатын ғана ұғымдарды қолданыңыз.

- Міндетті түрде бағдарламаға қажетті материалдық-қаржылай салымдарды және оның материалдық-техникалық қамсыздығын ескеріңіз.

- Бағдарлама қызметінің нәтижелерін жобалағанда, әлеуметтік және педагогикалық әсерлерді, жеке өзгерістерді бағалаңыз.

- Бағдарламаны сауатты және ұқыпты ресімдеңіз, өйткені бұл ресми құжат және онымен міндетті түрде танысуға ниет білдіруі мүмкін.

- Бағдарламаны әзірлеуде оның қатысушыларының жеке даму деңгейін, олардың базалық білімінің деңгейін, балалардың жыныстық-жас ерекшеліктерін, балалар бірлестігінің көп қырлылығы мен көпдеңгейлілігін ескеріңіз; болжамды қызметтің басым бағыттарын, ақпараттық және танымдық қанығуын нақты анықтаңыз.

- Бағдарламаны әзірлеу үдерісі пайдалы да, өнімді болады, егер балалар мен ересектер бағдарламалаудың барлық кезеңдерінде оның авторластары болса, яғни ересектердің тәжірибесі мен білімдері және оқушылардың қызығушылығы қолданысын тапса.

- Бағдарламаны түзуге мұқият дайындалу қажет, бірақ бұл істі қара бастың қамына айналдыруға болмайды. Бағдарлама - тек құжат қана емес! Ол балалар мен жасөспірімдер ұйымының кешенді қызметінде нағыз демеу көрсетуші болуы мүмкін.

- Орындалуы Бағдарламаға шынайы өмір беріп, олардың орындалуынсыз Бағдарлама тек қағаз жүзінде ғана қалатындары - істер (нақты бағдарламалық әрекеттердің, акциялардың және іс-шаралардың жинағы).

- Бағдарлама тек әрекеттер мен іс-шаралардың жоспары түрінде ғана болмауы керек, Жоспардың ерекше бір түрі ретінде шығып, Бағдарламалар дәстүрлі жоспарлардан жоспарлауға жүйелі, жобалық, бағдарламалық-мақсатты және стратегиялық көзқарастарымен, негіздеменің болжамдылығымен, ақпараттық- сараптамалық және болжамды негіздеменің болуымен (қысқаша түрінде), қалаулы келешектің басты өлшемдерінің анықталуымен және (ауысу мақсаттарының) осы келешекке қазіргі күйінен ауысу жолдарының сипатталуымен ерекшеленеді.

Бірлестіктегі «Жас Қыран» (1-4 оқушылары) кіші буынының қызметі мазмұнының мысалы ретінде «Қазақстан – Еуразияның жүрегі» тақырыпты саяхат-бағдарламасын келтіреміз. Бұл бағдарлама үш жыл бойында, яғни мектеп оқушылары 1-3 сыныптарда оқыту кезеңінде іске асырылады. Бұл уақытта балалардың мотивтерінде әлеуметтік мәні бар ұжымдық әрекетке қатысу қажеттілігі байқалады. Оқушылардың әрбір паралелі үшін балалардың жас ерекшеліктерін ескеретін өз мазмұнына ие. Бастауыш мектеп балаларын оқытып-үйретудің бірінші жылында өз бетінше әрекет етуге ынтасы айқын. Бұл қасиет жылдан жылға дамытуға жатады.

Сыныптастарымен, мұғалімдермен, ата-аналармен бірлесіп жасаған қоғамдық-пайдалы ұжымдық әрекеттегі қажеттіліктерді ескеру қажет, онда мектептің төменгі буын оқушысы өзінің орнын тауып, өз мәртебесін



анықтағысы келеді. Ересектерге міндетті түрде бала қызметін бағалап отыру қажет.

Осы жастағы мәнді рөл білмекке құмарлықты, танымдылық белсенділікті, қисынды ойды, аңғарымпаздылықты, есте сақтау қабілетін және т.б. дамытуға беріледі. Ерте жастың өзінде балалар талдау жасауға, қорытынды шығаруға үйренеді, олардың дүниетанымы өзгереді және зияткерлік дамуының деңгейі артады. Бұл жаста нақты ойлаудан абстрактілі ойлауға ауысуы орын алады. Төменгі сыныптағы мектеп оқушыларының мұғаліміне баланы негізгі өмірлік құндылықтарына баулу, сонымен қатар оң қасиеттерді алып шығуына назар аудару керек. Педагогтың әрбір сөзі мен әрекеті мектеп оқушысы үшін еліктеуге тұрарлық үлгі және ол ақиқат ретінде қабылданады. Сол себептен де мұғалімнің жүріс-тұрысы өзгеше рухани, эстетикалық және тәрбиелік мәніне ие.

Мектептің төменгі буын оқушылары үшін басқа бір маңызды фактор – бұл ата-аналарына деген сүйіспеншілік пен олармен бірлескен әрекетке ынталануы. Ата-аналар басқаларға қарағанда, өз балаларының осал және мықты жақтарын жақсырақ біледі. Бұл балалар бірлестігі жетекшісінің және ата-аналардың балаға оның жақсы деген қасиеттерін сыртқа шығаруға көмектесу, оның даралығын жетілдіру бойынша жұмысында тығыз байланыс қажет екенін бірлдіреді.

Төменгі буын оқушыларымен жұмыс жүргізгенде есте сақтарлық және бір ерекшелік - балалардың ойынды қажетсінуі. Балалар жарқын, эмоционалдық әсерленулер қажет, оларды беймәлім, тылсым, ғажайып, романтикалық дүние қызықтырады. Сондықтан бағдарлама мазмұнының негізінде ойын жатыр. Ойын ұзақ мерзімге арналған. Ол үш кезеңімен өтеді. Ойынның бірінші кезеңінде бірінші сынып оқушыларымен, екіншісінде – екінші сынып оқушыларымен, үшіншісінде – үшінші сынып оқушыларымен жұмыс ұйымдастырылады. Ойынның мазмұны мектеп оқушыларының төменгі буынында өмірлік тәжірибесінің молаюына қарай, жылдан жылға күрделене түседі. Ойынның жоспарлары саяхат карталары түрінде ресімделеді. Бұл карталарда бағыттар белгіленген. Бағыттарда балаларды жыл бойында күтетін негізгі үлкен істері белгіленген. Әр жас тобына арнап өсу сатыларды белгіленген. Бастауыш сынып оқушысы жоғары сатыға тек оның балалар бірлестігінде өзі үшін қажетті білімдерді, біліктерді және дағдыларды алғанында ғана көтеріле алады. Баланың өз бетінше дамуына ынтасын жарыстар мен экспромт арқылы белсендіруге болады. Жарыс балаларды жеңістеріне қуанып, жеңілістері мен сәтсіздіктерін сабырлықпен қабылдауға үйретеді, өткені бұл олардың өз бетінше өмір бастағанында өте қажет. Ал экспромт болса, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Бағдарламаны іске асырудың тағы бір маңызды шарты – әрбір топ шағын топтарға бөлінеді. Әр қосымша топтың өзінің тапсырмасы болады. Тапсырманың алмасуы немесе командирды қайта сайлау апта сайын жүреді.

## БІРІНШІ КЕЗЕҢДЕГІ САЯХАТТЫҢ БАҒЫТТАУ КАРТАСЫ

1. Бәйтерек. Бірінші сынып оқушысын балалар және жасөспірім ұйымына қабылдаған соң, «Бәйтерек» монументінің алаңына жорық ұйымдастырылады, онда оқушыны салтанатты қабылдау рәсімі өткізіліп, саяхаттың бірінші кезеңінің басталуы жарияланады.
2. «Есіл» дала өзені. Бұл жерде балалардың танымдық белсенділігін, олардың шығармашылық қабілеттері мен қисынды ойын дамытатын зияткерлік ойын жүргізіледі.
3. Шеберлердің жұлдыз шоқжұлдызы. Балалар өздеріне және қоршағандарды қуанту үшін жаңажылдық шырша ойыншықтарын өз қолдарымен әзірлейді.
4. «Қиял елі» мекені. Балалар ұлттық ертегілерді зерделейді, шығармашылық қабілеттері өз бетінше ертегі құрастыру, ертегі сарынымен балалар қойылымын жасау арқылы танытады.
5. «Мейірімді істердің қоржыны». Балалар өзінің ата-аналары, қоршаған әлеумет үшін игі істерді жасауы тиіс. Игілікке бейімделе отырып, балалар картасын ресімдейді.
6. Достық алаңшасы. Достық алаңшасында балалар «соғыс» және «бейбітшілік», «достық», «бауырластық» және т.б. ұғымдарымен танысады.
7. Жақсы денсаулық бағытындағы 100 қадам. Балалар көңілді спартакиаданың кезеңдерінен өтеді.
8. Наурыздың құпиялары. Бұл жерде оқушылар Наурызбен байланысты көптеген дәстүрлер туралы білім алып, оны дайындау шараларына қатысады.
9. Табиғат қонағында. Бірінші сынып оқушылары өзінің Қазақстан табиғатының ең сұлу түпкірлері туралы білімдерін көрсетеді.
10. Естелік күнделігі. Балалар өзінің отбасының, ата-балаларының тарихын зерделейді. Туыстарының өмірінен алынған мысалдардың негізінде балалар елінің өміріне қатысты үлкен тарихи оқиғалар туралы білімдерін толықтырады.
11. Достардың ортасында. Бұл жерде қорытынды ойын және оқушылар білімдерінің, біліктерінің және дағдыларының сынағы өтеді. Оның мақсаты – саяхаттың бағыттар бойынша бірінші кезеңін қорытындылау және жеңімпаздарды атау.

## ЕКІНШІ КЕЗЕҢДЕГІ САЯХАТТЫҢ БАҒЫТТАУ КАРТАСЫ

1. Ізшілдер. Атыраптағы саяхаттың екінші кезеңінің басталғанын білдіретін танымдық ойын.
2. Данагөй үкіге саяхат. Данагөй үкі екінші сынып оқушыларын сынайды, оның барысында оқушылар өзінің Қызыл кітапқа енген Қазақстандағы жануарлар мен өсімдіктер туралы білімдерін танытуы тиіс. Бұл жерде

- балалар фотосурттерден коллаж, флористикалық суреттерді жасайды.
3. Креатив шеберханасы. Мектеп оқушылары креативті ашық хатты әзірлеу технологиясымен танысады – туған күнімен құттықтау, Қазақстандағы атаулы күндермен құттықтау. Көрме.
  4. Дарындылардың шұғыласы. Балалар өзінің шығармашылық қабілеттерімен таныстырады: ән айту, билеу, фотосуреттердің авторлық көрмесі, өзінің шығарған өлеңдерімен таныстыру және т.б.
  5. Спорт еліндегі соқпақ жол. Бұл сүрлеу жолда екінші сынып оқушылары үшін түрлі спорттық сайыстар ұйымдастырылады. Олардың спорттық табыстары мен жетістіктерінің көрмесі жасалады.
  6. Әдеби жағалау. Бұл ойын мектеп оқушыларына балалар әдебиеті бойынша білімдерінің деңгейін анықтауға және олардың танымдық белсенділігін дамытуға көмектеседі.
  7. Құпиялардың көлі. Құпиялар жиналған көлден өткенінде, екінші сынып оқушылары күтпеген және ғажайып құбылыстармен жолығып, олардың құпиясын ашуға тырысады.
  8. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштің жанында. Төменгі сынып оқушылары ҰОС батырларына тағзым етеді.
  9. Көңілді меридиан. Бұл жерде стансалары бар саяхаттың екінші кезеңі бойыншы қорытынды шығарылады.

### ҮШІНШІ КЕЗЕҢДЕГІ САЯХАТТЫҢ БАҒЫТТАУ КАРТАСЫ

1. Атыраптағы старттық ойын, ол үшінші сынып оқушыларынан ептілік пен қиялық танытуды талап етеді.
2. «Қысқы ермек». Бір күндік жорық, онда көңілді спорттық жарыстар мен сайыстар ұйымдастырылады.
3. Адамдарды қуантыңыз. Балалар ҰОС, еңбек ардагерлеріне арнап концерттерді, акцияларды, құттықтауларды, тосын сыйларды ұйымдастырады.
4. Кәсіптердің жарысқан әлемі. Зияткерлік ойын, ол үшін алуан түрлі ойындар туралы білімдерін көрсету қажет.
5. Пікірталастарға қатысуға, қорытынды шығаруға үйренеді. Көшбасшы әліппесі. Бұл іскерлік ойынының барысында мектеп оқушылары мәселелер бойынша түрлі көзқарастарын қорғауға, қорытынды шығаруға қатысуы тиіс.
6. Қазақстан табиғатының қоймасы. Төменгі сынып оқушылары қоршаған табиғатты аялау, оған ұқыптылықпен қарау бойынша өздерінің жобаларын ұсынады.
7. Біздің уақыттың тарихнамасы. Балалар біздің уақыттағы атаулы оқиғалар, еліміздің мақтаныш тұтатын адамдары туралы ақпаратты жинауға үйренеді. Мектеп газетасы ресімделеді.
8. Менің қаламдағы ескерткіштер. Бұл кезеңде балалар Отан қорғаушыларына тағзым етіп, туған өлкесінің атын шығарғандарға құрмет көрсетеді.

9. Тоғысқан жолдар. Қорытынды ойын, ол жерде тұтас саяхат бойынша қорытынды стансалары бойынша «Өзіңнің саяхатыңды жалғастыру үшін қай жолды таңдау керек?» деген сұраққа жауап беру керек.

### ЖОҒАРЫҒА КӨТЕРЕТІН БАСПАЛДАҚ

Бір саты жоғары көтерілу үшін, төменгі сынып оқушысы белгілі білімдерді, біліктерді және дағдыларды меңгеріп шығуы керек. Білімдердің, біліктердің және дағдылардың белгілі жиынтығын игерген баланың қазіргі заман қоғамындағы өмір жағдайына *едәуір* табысты бейімделіп, өз отбасында, сынып ұжымында, достарымен және қоғамдық өмірінде өзін *едәуір* еркін сезінуіне мүмкіндік береді.

Бірінші сатыда бастауыш сынып оқушысы төмендегілерді біледі:

- бірлестіктің заңдарын, антын, ұранын, өлеңін, ондағы өзінің құқықтары мен міндеттерін;
- Отан қорғаушыларының аты-жөнін;
- өзінің мекен-жайын, телефонын;
- ата-аналарының жұмыс орнын, олардың жұмыс телефондарын;
- өзінің отбасындағы құқықтары мен міндеттерін;
- жазатайым жағдай орын алғанында байланысу телефондарын;
- жергілікті өсімдіктердің аталымын;
- өзінің мекен-жайында кездесетін жануарлардың аталымдарын, олардың әдет-қылықтарын;
- табиғатты қорғау амалдарын;
- қоғамдық орындардағы жүріс-тұрыс ережелерін.

Біледі:

- өз елі туының суретін салуды;
- жолдасына, науқас адамға, егде жастағы кісіге көмек көрсетуді;
- ересекке қажетті сұрағымен жүгінуге;
- туыстары мен достарына ашық хат ресімдеуге;
- жаңажылдық шыршаға арнап ойыншық жасауға;
- ағаш егуді, гүл өсіруді;
- құстарға арнап жем салатын астау жасауды;
- үзілістерде ойнауға болатын ойынды көрсетуді және оның ережелерімен таныстыруды;
- түймені қадауды, мектепке киім үлгісін кию үшін дайындауды;
- уақытты сағатымен анықтауды;
- кітаптарды ұқыптауға;
- көшеден дұрыс өтуге;
- гимнастикалық жаттығуларды көрсетуді, олардың не үшін жасалынатынын біледі.

Екінші сатыда бастауыш сынып оқушысы біледі:

- мемлекеттік рәміздерді, президенттің аты-жөнін;
- елінде, қаласында тұратын халықтардың ұлттарын;

- біртуар адамдардың аттарын және олардың атын шығарған істерін;  
- өз отбасы мүшелеріне және бейтаныс адамдарға қалай сөйлеу керектігін;  
өз отбасының тарихын, туыстарының аттарын, әкесінің атын, тегін, туылған күнін;

- отбасындағы өзінің құқықтары мен міндеттерін;
- сирек өсімдіктерді;
- жануарлардың қоршаған табиғаттағы рөлін;
- халық өлеңдерінің сөздерін.

Істей біледі:

- карта бойынша өз елінің негізгі қалаларын көрсетуді;
- өзінің тұратын көшесінің тарихын айтып беруді;
- өз отбасының тарихын айтып беруді;
- отбасы мүшелеріне құттықтауларды дайындауды;
- өз отбасы мүшелеріне көмек көрсетуді;
- ертеңгілік асын дайындауды;
- үй жануарлары мен өсімдіктеріне күтім көрсетуді;
- жол ережелерін орындауды;
- электр құрылғылармен жұмыс жасауды;
- алғашқы медициналық көмек көрсетуді;
- ертегі мазмұны бойынша түсінігін айтуды;
- қимыл ойындарын ойнауды, олардың ережелерін түсіндіруді.

Үшінші сатыда бастауыш оқытушы біледі:

- ұлттық дәстүрлерді;
- өз қаласының өміріндегі маңызды оқиғаларды;
- өлкесінде тұратын халықтардың дәстүрлерін;
- атақты жерлестерінің аты-жөнін;
- жазушылар мен ақындардың аты-жөнін;
- бірқатар үй және саябақ өсімдіктерінің ерекшеліктерін және оларға күтім көрсету ережелерін.

Істей біледі:

- үйде және одан тыс жерде орын алған төтенше оқиғада амал табуды;
- жекебас тазалығын сақтауды;
- ата-аналарына үй шаруасы бойынша көмектесуді;
- мектепке және мектеп ауласындағы өсімдіктерге күтім жасауды;
- табиғат материалдарынан бұйым жасауды;
- жапырақ пішінімен өсімдіктің аталымын анықтауды;
- осы өсімдіктің қасиеттері туралы айтып беруді;
- кітаптың мазмұнын жолдасына қысқаша айтып беруді;
- ересектер мен кішілерге сыйлық дайындауды;
- жолдастарын жаңа ойынға үйретуді.

Қорытындылай келе, бағдарламалау мәселесімен бірінші рет беттескен және онда үлкен жетістіктерге жете қоймағандарға сөз арнағымыз келеді. Еңсеңізді түсірмеңіз, кез-келген іс қажырлы еңбекті қажетсінеді, кеше мүмкін болмағаны, ертең қолжетімді де анық болып шығады.

## Қорытынды

Нақты ұсыныстарда біз балалар мен жасөспірімдер қоғамдық бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастыруға жаңа көзқараспен қарауға тырыстық. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті берген деректер бойынша 0-17 жас аралығындағы 5 460 449 балалар бар, бұл жалпы тұрғындар санынан 30,7% құрайды. Біздің мемлекеттің заманауи стратегиясы балалар мен жасөспірімдердің қоғам дамуындағы рөлін арттыруға бағытталған. Осыған орай балалар мен жастар ұйымдары бірыңғай «Жас Ұлан» ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігіне қосылған. Іс жүзінде бұл балалар қозғалысының жаңа жүйесі, онда балалар мен жасөспірімдерді болашақ, едәуір ересек, қоғамға әлеуметтік пайдасы бар өміріне дайындау, үнемі белсендірумен адамзат өмірінің қолданымды күшіне айналдырумен, олардың санасында заманауи қоғамдық идеалдардың негіздері мен құндылықтарын қалау.

Балалар ұйымының жұмысына қатысып, бала кез-келген жобаларды, шығармашылық ойларды, өз құқықтарын іске асырумен, адами тәжірибені жинақтаумен шектелмей, бірінші қатарда, азаматтық қоғаммен талапты құндылықты құзыреттіліктерді қалыптастырып шығуы тиіс.

Республикалық деңгейінде өскелең ұрпақты «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық патриоттық идеясының негізінде тәрбиелеуге көп мәні берілуде. Бүгін олар қазақстандық қоғамның келешекте табысты дамуының біріктіруші өзегі, халықтың рухани дүниесі мен мәдениетін сақтаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Балалар ұйымында «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеяны, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінде» бекітілген оның базалық құндылықтарын, терең саналы қабылдауы үшін барлық жағдайлар жасалуы тиіс. «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының құндылықтары негізінде білім беру ұйымындағы патриоттық білімділік кеңістігін дамыту мен жетілдіру аса қажетті болып көрінуде.

Осыған орай берілген ұсыныстарда алғаш рет «Жас Ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымының жастарды «Мәңгілік Ел» құндылықтарына тәрбиелеу функциялары арқылы баулудағы рөлі мен орны сипатталды.

Нақты ұсыныстар сонымен бірге балалар қоғамдық бірлестіктерінің тіршілігіне қатысатын ересектерге әдістемелік көмек көрсетуге де, арналған. Осындай міндеттерін жемісті шешу үшін, көшбасшылар мен басшылар құзыреттіліктерге ие болуы қажет. Осы басылымда «Жас Ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымдастырушысының білімділік, әдістемелік құзыреттіліктерінің, жеке тұлғаға мәнді қасиеттердің жаңа мазмұны ұсынылды.

Бүгінгі күннің талабы – уақыт сынынан өткен балалар ұйымы жұмысындағы дәстүрлердің жаңа новаторлық бастамалармен саналы үйлесімділігін орнату.

Осы тақырып бойынша әдебиетке жүргізілген талдаудың негізінде ұсыныстарда мұқият талданған инновациялық әдістердің белгілі жинақталуы мен іріктелуі жасалды. Инновациялық технологиялар мен әдістердің балалар

қоғамдық бірлестігіндегі әлеуметтік-мәдени қызметіндегі қолданысы механикалық жұмысты жоққа шығарып, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруға себін тигізеді.

Одан өзге, тәлімгерлердің шынайы өнімді практикалық қызметі үшін жоспарлаудың заманауи механизмдері ұсынылады. Бұл аға тәлімгерге жоспарлауды меңгерудің меншікті жолын өтіп, өзінің шығармашылық әлеуетін дамытуға көмектеседі.

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының дамуының бағдарламалық қамтамасыздығының мәселелері өте жіті. Бағдарламалар бойынша қызметтің мақсатын белгілеу және тиімділігін бағалау жүйесіне жана SMART форматқа бағдар алу ұсынылады.

Әріптестерімізге сәттілік тілейміз!

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. План нации «100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ»
2. национальная идея «Мәңгілік Ел» и ее ценности
3. «Стратегия «Казахстан - 2050» – Новый политический курс состоявшегося государства»
4. Конвенция о правах ребенка ООН
5. Чепурных Е.Е. Детские общественные организации в новом веке// Воспитание школьников. - 2004. - № 3. - С. 2-9.
6. Якубенко О.В. Технологии развития межличностных отношений у детей младшего школьного возраста во внеурочной деятельности// NovaInfo.Ru. 2016. – Т. 4. – № 56. – С. 365-368.
7. Якубенко О.В. Профилактика психодезадаптивных расстройств учащихся//Наука и образование: вектор трансграничного развития. Материалы международного форума. – Омск: ОмГПУ, 2015. – С. 108 – 113.
8. Фролова П.И., Горина А.В., Дубынина М.Г. Психология и педагогика: учебное пособие.– Омск, Изд-во СибАДИ, 2015. – 429 с.
9. Тесленко А.Н., Дмитриенко Е.А. Педагогика детского движения: теория и практика воспитательной работы. – Астана-Кокшетау: НИИ СПИ КУАМ, ОФ «Центр ювенологических исследований», 2014. – 272 с.
10. Чердынцева Е.В. Воспитание ценностного отношения к малой родине у младших школьников в детском объединении// Педагогические науки.- 2017.- № 58. -С. 5.
11. Ожогова Е.Г. Исследование особенностей психического и физического здоровья педагогов//Человек и образование. – 2006. - № 8, 9. – С. 106 – 108.
12. Лепешев Д.В., Жумашев А.К. Организационно-методическое сопровождение деятельности «Единой детско-юношеской организации «Жас Ұлан». – Костанай, 2012. – 108 с.
13. Положение о деятельности республиканской единой детско-юношеской организации «Жас Ұлан». [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
14. Янбухтин Т. А. К проблеме формирования здорового образа жизни подростков и включенности их в спортивно-оздоровительную деятельность в условиях мегаполиса //Вестник МГГУ им. М.А. Шолохова. Серия «Педагогика и психология». - 2011. - № 2. - С. 43-50.
15. Алиева Л.В. Детские общественные объединения в воспитательном пространстве социума // Педагогика. -2000. - №7. - С.50.
16. Информационная культура учащихся. Формирование информационной культуры у учащихся / <http://ped-kopilka.ru>.
17. Доржиева Л.Б. Инновационная деятельность детских информационных объединений – важнейшее условие социализации современных детей // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – № 6.
18. Петрич О. И. Роль современных детских общественных объединений и организаций в воспитании гражданственности у подростков // Известия



Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. -2011.- № 129. – С. 208-215.

19. Алиева Л. В. Детское общественное объединение в системе социального воспитания детей и юношества. Учебно-методическое пособие. М., 2007. 72 с.

20. Назначение, функции плана. Требования к планированию. <http://www.eduneed.ru/ededs-842-1.html>

21. Ильина Т.В. Педагогическое планирование в образовательных учреждениях. Ярославль, 2005.

22. Байбородова Л.В., Кириченко Е.Б., Паладьев С.Л., Харисова И.Г. Технологии педагогической деятельности. 2 часть: Организация деятельности: учебное пособие / под ред. Л.В. Байбородовой. - Ярославль: Изд-во ЯГПУ, 2012. – 316 с.

23. Программа деятельности детской общественной организации (объединения) [crtdu.oskoluno.ru/doc/Metod\\_rek\\_](http://crtdu.oskoluno.ru/doc/Metod_rek_).

24. Доклад о положении детей в Республике Казахстан. – Астана, 2016. – 180 с.

25. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Педагогика: Учебник. – Москва: Изд-во Академия, 2014. – 608 с.

26. Крысин Л. П. Современный словарь иностранных слов. — М.: АСТ-ПРЕСС КНИГА, 2012. — 416 с.

27. Яновская М.Г. Теория и методика эмоционального стимулирования в нравственном воспитании подростков: Автореф. дисс. ...докт. пед. наук – Ленинград, 1991. – 46 с.

28. Клочкова Л.И. Технологии реализации ресурсного подхода в воспитательной деятельности образовательной организации и детского общественного объединения // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 4.

29. Сергеева О.А. Эмоциональное стимулирование как педагогическая технология // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. - 2010. - № 1. - Том 45. - С. 109-115.

30. Технология эмоционально-ценностного стимулирования как способ развития эмоциональной сферы школьника в процессе изучения литературного произведения. <https://distant.posidpo.ru>.

31. Клочкова Л.И. Реализация идей ресурсного подхода в развитии воспитания школьников: к вопросу о системе понятий // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 3.

32. Козловская, Л.И. Культурно-досуговая программа в работе с подростками / Л.И. Козловская, Т.П. Бирюкова // Пазашкольное выхаванне. – 2010. – № 6. – С. 31–36.

33. Садовская В.С. Методология, теория и педагогические технологии в формировании культуры быта: Автореф. дисс. докт. пед. наук. - М., 1997. - С.39.

34. Опарина Н.А. Педагогическое руководство культурно-досуговой деятельностью школьников. - М., 2007.

35. Подласый И.П. Педагогика. – М.: Юрайт, 2010. 574с.

36. Толковый словарь Кузнецова. <http://enc-dic.com/kuzhecov/Programma-36059.html>
37. Құрсабаев М.К. Мектептегі оқушылар ұйымы арқылы ұлттық тәрбие берудің педагогикалық шарттары: Автореф. дисс. канд. пед. наук. - Караганда, 2008. – 19 с.
38. Управление развитием школы / Под ред. М.М. Поташника и В.С. Лазарева. – М., 1995.-464 с.

## «ЖАС ҰЛАН» БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті дос!

Сен тәуелсіз Қазақстанның жас азаматысың!

Ежелгі қазақ жерінің тарихына, ең бай мәдениетіне, оның даңқы шыққан дәстүрлеріне, Қазақстан халықтарының ынтымақты отбасының рухани-адамгершілік мұрасына ортақ болу – үлкен бақыт!

Бақытты және өз достары арасында танымал болу, отбасың, достарың, ересектерді өз жетістіктерімен, табыстарымен қуанту, өз Отанына пайдалы бола білу – қарапайым да, жауапты іс!

Ең бастысы, әрдайым қоршаған тіршілікте күнделікті жаңалық аша білу, дүниенің танымынан және таусылмас тылсым дүниеге таңырқап таңданудан, өз қабілеттерін мейірімді де сүйсінерлік істерде мейлінше іске асыруға тырысу, жақсыға бейім болу, өзінің терең талабың, шығармашылық қабілеттерін дамытуға күш салу, дені сау және төзімді, білімқұмар, зерделі және мейірбан болу керек!

Қоғам мен мемлекеттің терең ойлы, салауатты, бастамашыл және шығармашыл өміріне Отан, Мейірімділік пен Әділеттілік игісіне қатысу құқығы саған БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясымен беріліп, Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепіл етілген!

Қазақстан балаларының сүйікті Отанының қоғамдық өміріне едәуір табысты қатысуы үшін, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тапсырмасы бойынша «Бірыңғай «Жас Ұлан» республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымы» қоғамдық бірлестігі құрылған.

«Жас Ұлан» – бұл Қазақстан Республикасы жас азаматтарының еркін қоғамдастығы, олардың бет алған басты мақсаты – өз Отанына пайдалы болу, адамзаттың ең таңдаулы деген идеалдарына, өз халқының және отбасының, достық пен адалдықтың, мейірімділік пен әділдіктің дәстүрлеріне сенімді болу!

Егер сен жоғары мақсаттарға, табысқа, танымал болуға ұмтылсаң және өз бетінше және еліктеуге тұрарлық ересек өміріндегі жолда қиыншылықтардан қорықпасаң – нағыз жасұландық, Отанының адал ұлы мен қызы, өз отбасыңның, ұстаздарыңның, барлық отандастарыңның мақтанышы бол!

Бұл «Жас Ұлан» ұйымының әрбір мүшесінің жоғары рухани парызы!

- Отан алдындағы парыз!
- Туыстары мен жақындары алдындағы парыз!
- Өзінің алдындағы парызы!

Сенің кіші інілерің мен сіңлілеріңе, яғни 6-10 жас аралығындағы мектептің төменгі буынындағы балаларға арнап «Жас Қыран» қоғамдық бірлестіктері құрылып отыр, онда жасұландықтар өзінен кішілерге өз әлеуетін ерте кезеңнен-ақ ашуда, сонымен қатар балалардың «Жас Ұлан» қатарына қосылуына көмектесіп, қызықты да белсенді жұмыс жүргізеді.

Нағыз жасұландық болуда саған «Жас Ұлан» ұйымы қызметінің Бағдарламасы мен көптеген әлеуметтік маңызы бар жобалар көмектеседі, олар бой көтеруі мен дамуындағы даңқты көп жылдық тарихы бойында Қазақстанның алуан жүзді балалар қоғамдық қозғалысындағы балалар бастамаларымен туындаған. Оған қоса сенде өзіңнің жаңа жобаларыңды немесе қоршаған тіршілікті жақсарту бойынша қоғамға пайдалы бастамаларыңды ұсынуға мүмкіндігің бар!

Жақсы жасұландық болып шығу үшін, ұйым тарихын, оның дәстүрлері мен ішкі корпоративтік мәдениетін жетік меңгеру қажет.

Ұранымыз: «Біздің ойымыз, біліміміз, ісіміз – Отан, Ізгілік және Әділдік үшін!» Бұл ұранды тәуелсіздік пен егемендік басында туындаған Қазақстан балалар қозғалысы адалдықпен және мақтанышпен 20 жылдан астам уақыт бойында алып жүріп, оны әрдайым, әр жерде және әр ісінде өзінің өмірлік басты құбылнамасы ретінде танып келеді!

Сәлемдесу белгісі: басын изеп, жүрегіне сәлемдесу нышаны ретінде қойылған оң қолдың алақаны (ежелгі қазақтардың дәстүріндегі сый-құрмет білдіру белгісі).


## ЛОГОТИП



## ЗНАЧОК



## ГАЛСТУК



Ерекшелік белгілері:

- ұйымның төменгі буын мүшелеріне арналған «Жас Қыран» төсбелгісі;
- ұйым мүшелеріне арналған «Жас Ұлан» төсбелгісі;
- ҚР Мемлекеттік Туының бір бөлігі ретінде көгілдір түсті «Жас Ұлан» галстугі;
- ұйым көшбасшыларына арналған белгіленген үлгідегі айырмашылық белгілері (шеvronдар);
- ұйымның ерекшеленген көшбасшыларына арналған «Ұланбасы» 3-дәрежелі төсбелгісі (қола белгісі);
- ерекше аталған жасұландықтарға, ұйымның аудандық, облыстық немесе аймақтық көлеміндегі көшбасшыларына арналған 2-дәрежелі төсбелгі (күміс белгісі);

- балалар бірлестіктерінің көшбасшыларына, елдегі балалар қозғалысының дамуына қомақты үлес қосқан тәлімгерлерге, педагогтерге арналған 1-дәрежелі төсбелгі (алтын белгісі).

«Жас Ұланның» қатарына кімдер қабылданады:

«Жас Ұлан» қатарына орта білім беру ұйымының кез-келген оқушысы, қоғамның дамуына үлес қосуға ниет білдірген, ұйымның ережелері мен қағидаларын қабылдайтын, оны құрметтеп, оның талаптарына сәйкес әрекет ететін ұл немесе қыз, ер бала немесе бойжеткен қабылдана алады.

Ұйым екі буыннан құрылған:

- «Жас Қыран» төменгі буыны — 6-10 жас аралығындағы балалар;

- «Жас Ұлан» аға буыны — 11-16 жас аралығындағы балалар.

«Жас Ұлан» қатарына қосылу үшін төмендегілер қажет:

- қатарға қосылатынның анық жазылған жеке қолтаңбасымен ұйымға қабылдау туралы толтырылған, ата-аналарымен ұлының немесе қызының «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қосылуына келісім берілгені куәландырылған өтініші;

- «Жас Ұлан» мүшесінің салтанатты антын беру;

- «Жас Ұлан» ұйымының мақсаттарын, міндеттерін, рәміздерін білу;

- барлық өзінің істерінде және әрекеттерінде берілген Салтанатты Антын, ұйымның ұранын, «Жас Ұлан» ұйымы мүшесінің жүріс-тұрысына қатысты ережелерді түсінуге, оны ұстануға.

**Салтанатты Анты:**

Біз «Жас Ұлан» ұйымына кіре отырып Қазақстан Республикасының патриоты болуға;

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге;

Туған еліміз, жеріміз, Отанымызды мақтаныш етуге уәде береміз.

Ата-анамызды қадірлеп;

Үлкенге — құрмет, кішіге ізет көрсетеміз.

Оқуда озат, еңбекте адал болып;

Салауатты өмір салтын ұстанамыз.

Тәуелсіз еліміздің білімді, жігерлі, парасатты, отансүйгіш азаматы боламыз деп сендіреміз!

**«Жас Ұлан» қызметінің негізгі бағыттары:**

1. «Зерде» – білім алушылардың құзыреттіліктерінің, зияткерлігінің және шығармашылық қабілеттерінің, проблемаларды шешу икемдерінің қалыптасуына және дамуына, балаларды зияткерлік ойындарға, пікірталастарға, олимпиадаларға, конференцияларға, жобаларға және зерттеулерге қатысу үшін тартуға ықпал етеді.

Жасұландық үнемі өзінің танымдық белсенділігін, зияткерлік деңгейін, ақыл-ой еңбегінің мәдениетін, жеке тұлғасының әлеуетін дамытып отырады, түрлі шығармашылық бастамаларына ұмтылады және қоршаған өмірді жақсарту бойынша өзінің шығармашылық қабілеттерін жауапкершілікпен танытады.

2. **«Руханият»** - ұйым мүшелері өмір тіршілігіндегі рухани, моральдық-этикалық, көркемдік-эстетикалық негіздердің дамуына және қалыптасуына, өз отбасының, балалар қоғамдастығының, өзінің және өзге халықтардың мәдени мұрасын меңгеруге және оны көбейтуге, өз ниеттерін басқа адамдар мен әлеуметтік топтардың мүдделеріне сай келтіру икемдерін, қоғамның қазіргі құрылымын түсіну және онда рухани-адамгершілік құндылықтар мен әлеуметтік бағыт-бағдарларға сүйене отырып өздігінен әрекет ету қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Жасұландық өзіне қатысты адал және шыншыл болып, жалпы адамзаттық нормалар негіздеріне сәйкес әрекет етуге тырысып, кішілерді қамқорлыққа алып, жақындары мен достарының пікірлеріне құрметпен қарауы тиіс.

3. **«Отан»** — ұйым мүшелерінің бойында қазақстандық сана-сезімнің және мәдени сәйкестіктің, азаматтық жауапкершіліктің, толеранттылықтың және патриоттық, өз халқы үшін мақтаныш, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрмет тұту сезімдерінің қалыптасуына, Отан игілігі, Мейірімділік пен Әділдік үшін өзінің орнын тауып, қабілеттерін мейлінше жүзеге асыруға ұмтылысын қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Жасұландық өз Отанын сүйіп, мемлекеттік рәміздерді құрметтеп, мемлекеттің, өз өлкесінің тарихын, туған жеріндегі құрметті азаматтардың және батырлардың өмірі мен ерлігін білуі, белсенді туристік, ізденіс-экспедициялық және өлкетанушы жұмысты жүрзіп, өз Отанын шетелде абыроймен танытуы керек.

4. **«Жеті жарғы»** Қазақстан жас азаматтарының құқықтық мәдениетін, БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы, өзінің азаматтық құқықтары, міндеттері бойынша, Заң алдындағы жауапкершілік сезімі білімдері арқылы саяси сауаттылығын қалыптастырады.

Жасұландық Қазақстан Республикасының абыройлы азаматы болып, Қазақстан Республикасының Конституциясын, қолданыстағы заңнамасын, жасұландықтың Салтанатты антын құрметтеуге және ұстануға, жалпыға бірдей жүріс-тұрыс ережелері мен нормаларын қолдануға, парыз, намыс пен ар-ожданын пір тұтып өмір сүруі тиіс.

5. **«Салауат»** — ұйым мүшелерінің бойында және қоршаған әлеуметте салауатты өмір салтын қалыптастыруға, көпшілік дене мәдениеті мен спортты түрлі денсаулық сақтауға бағытталған бастамалар, спорттық, туристік, ізденіс-экспедициялық және өлкетану бағдарламаларын іске асыру арқылы дамытуға ықпалын тигізеді.

Жасұландық салауатты өмір салтын белсенді жүргізіп, оны насихаттайды, өз денсаулығының қамын ойлайды, жақсы физикалық формасын қолдайды, түрлі спорттық-көпшілік іс-шараларына қатысады.

6. **«Еңбек»** — ұйым мүшелерінің ерте бастан кәсіби бағдар алуына және кәсіп таңдауына, жас техниктер, өнертапқыштар мен оңтайландырушылар, бизнес-мектептер, холдингтер, қоғамдық академиялар, кәсіби шеберлік байқауларын, форумдарын құру арқылы құзыреттіліктер мен функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді.

Жасұландық жалпы еңбекті және адамдар еңбегін құрметтейді, өзі еңбекті сүйіп, үй шаруашылығында өз отбасына көмектеседі, қолданбалы өнермен айналысады, конструкцияларды модельдейді, кәсіби таңдауға жауапкершілікпен қарайды, еңбек және кәсіби акцияларға, балалар мен жасөпірімдердің техникалық, ауылшаруашылық, шығармашылық жетістіктерінің көрмелеріне қатысады, отбасының, өз ауылының, қаласының, облысының, ұйымының, елінің еңбек дәстүрлеріне екіпін қосады.

7. «Экоәлем» - балаларда экологиялық мәдениетті, қоршаған ортаға материалдық құндылықтарды қорғауға, табиғи ресурстардың ұтымды пайдаланылуына, табиғатқа ұқыптылықпен қарауға бағытталған қамқорлықпен саналы көзқарасты, қалыптастырады.

Жасұландық табиғатпен, қоршаған шындықпен, өзімен үйлесімділікте өмір сүріп, табиғатты сүйеді және оны құнттап ұстап, табиғи ресурстарды сақтайды және үнемді пайдаланады.

Жас дос! Сен өз жолыңа таңдау жасадың! Нағыз жасұландық бол: мақсатты, өз сөзіңе, ісіңе және әрекеттеріңе жауапты, ежелгі қазақ жерінің, жалпы Қазақстан халқының достығы мен толеранттылығы, тұтас Әлемнің идеалдарына, Мейірімділік пен Әділдік идеалдарына адал бол!

Ақ-жол, Жас Ұлан!



# **БІРЫҢҒАЙ «ЖАС ҰЛАН», «ЖАС ҚЫРАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – «Жас Ұлан») Қазақстан Республикасы балалар мен жасөспірімдердің Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған қоғамдық ұйымы болып табылады.

1.2. «Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, толеранттылық пен демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптастыратын ұйым.

1.3. «Жас Ұлан» өзінің шығармашылық, спорттық, қоғамдық қызметін үкіметтік емес ұйымдармен және мемлекеттік мекемелермен бірлесіп жүзеге асырады.

1.4. «Жас Ұлан» өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңнамасын, Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық актілерді және басқа да нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

## **2. МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ**

### **2.1. «Жас Ұлан» мақсаты:**

- өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық; ісіне деген жауапкершілік көзқарасын; Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген ортақ сезімін қалыптастыру.

### **2.2. «Жас Ұлан» міндеттері:**

- Қазақстан халқының тарихын, мәдениетін, тілін білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;

- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен сана-сезімін арттыру;

- танымдық әрекетін ынталандыру;

- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;

- баланың бойында жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

## **3. Функциялары мен қағидалары**

### **3.1. «Жас Ұлан» төмендегі функцияларды атқарады:**

- тәрбиелік;

- танымдық;

- коммуникативтік;

- әлеуметтік;

- ақпараттық;

- шығармашылық.

3.2. «Жас Ұлан» қызметінің қағидалары:

- жалпы адами құндылықтардың және азаматтық сана-сезімнің басымдылығы;

- еріктілік және қол жетімділік;

- ұрпақтар сабақтастығы, «Жас Ұлан» ұйымының дәстүрлерін сақтау;

- ұйымның негізгі мақсаты мен міндетін жүзеге асырудағы ересектер мен балалардың ынтымақтастығы;

- қызметтің патриоттық, толеранттық, рухани-адамгершілік бағыты.

4. Мүшелік, мүшелікті алудың (одан айырылудың) шарттары мен тәртібі

4.1. «Жас Ұлан» ұйымына мүше болудың **екіденгейлі жүйесі бар**. «Жас Ұланның» қатарына оның мүшесі болуға, «Жас Ұланның» дамуына өз үлесін қосуға ерікті ниет білдіргендер қабылданып, 5-10 - сынып оқушылары - «Жас Ұлан» аға буынына, ал 1-4 - сынып оқушылары - «Жас Қыран» кіші буынына жатады.

4.2. Мүшелерді ұйымға қабылдау «Жас Ұлан» бастауыш ұйымының жалпы жиналысының шешімімен іске асырылады. Ұйымға көптеп қабылдау жылына 3 рет өткізіледі (одан басқа, өз аймағындағы атаулы күндері де жасауға рұқсат): 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, 6 шілде – «Жас Ұлан» құрылған күні, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні.

4.3. «Жас Ұлан» қатарынан өз еркімен шығу үшін, ұйымның мүшесі «Жас Ұлан» бастауыш ұйымының жетекшісі атына жазбаша өтініш береді.

4.4. «Жас Ұлан» Ережесін бұзған ұйым мүшелеріне келесідей сөгіс шаралары қолданылады: ұйымның жалпы жиналысында талқылау, ескерту жасау, сөгіс беру, ұйымнан шығару туралы ескерту жасау. Ең қатаң шара – ұйымнан шығару.

4.5. Ұйымнан шығару мәселесі бастапқы ұйымның жалпы жиналысында шешіледі. Шығару туралы шешім Мектеп комитеті мүшелерінің кемінде 2/3-і дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып саналып, бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

5. «Жас Ұлан» құқықтары мен міндеттері:

5.1. «Жас Ұлан» мүшелерінің құқықтары:

- «Жас Ұлан» қызметіне белсенді қатысуға;

- «Жас Ұлан» басқару органының құрамына сайлануға және сайлауға;

- «Жас Ұлан» жұмысының бағдарламаларын жүзеге асыру барысындағы табыстары және ерекше жеке жетістіктері үшін мақтаулар мен мадақтаулар алуға (грамоталар, дипломдар, сауықтыру және жазғы лагерлеріне жолдама алуға, «Жас Ұлан» Алтын Кітабы» және т.б.);

- «Жас Ұлан» органдарына өтінішпен, арызбен, сұрақтармен, бастамалармен және ұсыныстармен жүгінуге;

- Ұйымның барлық деңгейлерінде оның қызметі туралы ақпаратқа қол жетімділік.

5.2. «Жас Ұлан» мүшелерінің міндеттері:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін сыйлау (Ту, Елтаңба, Әнұран), өз елінің патриоты болу;
- «Жас Ұланның» негізгі Ережелерін және басқару органдарының шешімдерін орындау;
- «Жас Ұланның» өзге мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін мойындау және құрметтеу;
- оқуда, қоғамдық жұмыстарда, еңбекте үлгілі болу; қоғамдық мүлікті сақтау, мәдениетті мінез танытуда өнегелі болу;
- салауатты өмір салтын ұстану және оны өз құрдастары арасында насихаттау;
- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету.

## 6. РӘМІЗДЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІК БЕЛГІЛЕРІ

6.1. «Жас Ұлан» балалар ұйымының рәміздері болып табылатындары: ұран, салтанатты әні (әнұран), ту, галстук, төсбелгі, эмблема, жалауша.

6.2. Ту балалар мен жасөспірімдер бірлігін білдіретін нышан. Ол республикалық ұйымда және оның барлық (мектептік, аудандық/қалалық, облыстық) бөлімшелерінде болуы қажет.

Ту – бұл тік төртбұрышты 200x100 см өлшемдегі ортасында ұйым белгісі бейнеленген ақ түсті желкен. Ұйым белгісі кестелік тігіспен, бояумен немесе мата бастырмасымен жасалады. Ту сабында — ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Тудың желкені бойлап алтын түстес шашақтармен көмкерілген.

Ту ағаш сабына түтік (төлке) арқылы бекітіліп, оның әшекейі болып табылады. Түтік ұлттық өрнек накышындағы найза түрінде жасалынған. Металл (пластмасса) найзасы бар тудың ағаш сабының ұзындығы 2 м 20 см құрайды. Оған шашақты бау (алтын түстес) байланады.

Ту салтанатты рәсімдерде, шерулерде, мемлекеттік мерекелерде шығарылады. Ол қаптаулы түрде арнайы тіреуде сақталады немесе бөлменің ортасындағы ұйымның салттық қабырғасында, мөлдір жабынды астында тұрады.

Ерекше жағдайларда туға құрметті қарауыл қойылуы мүмкін, ол ту көтеруші мен екі атқосшыдан тұрады. Қарауыл кезегі әр 10-15 минут сайын ауысады. Алыс жолдарға туды қапталған күйде иыққа салып тасымалдайды. Ту көтерушілердің киімі ұйым киімі нұсқасының элементтеріне сәйкес келеді. Міндетті түрдегі ерекшелік белгілер: ленталар (аксельбант), бас киім (пилотка), ақ қолғап болып табылады. Лентаның, бас киімнің түсі – бір түсті (көгілдір).

6.3. Галстук– бұл балалар ұйымына қатыстылардың ерекшелік нышаны. Түсі – көгілдір. Галстук өлшемі 40 x 130 см. Галстуктың оң жақ бұрышында «Жас Ұлан» логотипі орналасқан. «Жас Ұлан» логотипі диаметрі 4 см шеңбер түрінде жасалған.

6.4. Ұран – ұйымның нышаны. Ол ұйымның ең басты идеясын білдіреді.

6.5. «Жас Ұланның» ерекше белгілері болып ұйымның идеясын айқын жеткізетін төсбелгілер, барабан, айырмашылық белгілері (шеvronдар) сияқты белгілі заттар мен белгілер саналады.

## 7. ҚҰРЫЛЫМЫ

7.1. «Жас Ұланның» негізі «Жас Ұлан» бастауыш ұйымы болып табылады;

7.2. Бастауыш ұйым мектептің құрылымында еріктілік қағидасы бойынша құрылады;

7.3. «Жас Ұланның» бастауыш ұйымы ретінде «Жас Ұлан» Мектеп комитеті шығады;

7.4. «Жас Ұланның» бастапқы ұйымдары (бұдан әрі – Мектеп комитеті) Мектеп комитетінің Жалпы жиналысының шешімімен құрылады. Мектеп комитеті Жалпы жиналысының шешімі, оған барлық сыныптардың көшбасшылары, ұйым қызметіндегі барлық бағыттардың жетекшілері қатысқанында ғана әрекетті саналады;

7.5. «Жас Ұланның» барлық деңгейдегі көшбасшысы «Ұлан басшысы» деп аталады, ол 9-10 сынып оқушылары арасынан Жалпы жиналыста ашық дауыс беру жолымен бір оқу жылы мерзіміне сайланады;

7.6. Атқарушы орган – Мектеп комитетін атқарушы хатшы басқарады (педагог, тәлімгер, ұйымдастырушы-әдіскерлерінің қатарынан), оны аудандық кеңесі және мектеп әкімшілігінің келісуі бойынша Мектеп комитетінің жалпы жиналысында бекітеді;

7.7. Аудандық/қалалық кеңестің атқарушы хатшысын аудандық/қалалық Кеңестің шешімімен аудандық/қалалық білім басқармасы және Облыстық Кеңестің келісімі бойынша бекітеді;

7.8. Облыстық кеңестің атқарушы хатшысын облыстық Кеңестің шешімімен облыстық білім басқармасы және республикалық кеңестің келісімі бойынша бекітеді;

7.9. Аудандық/қалалық кеңес құрамына Мектеп комитеттерінің атқарушы директорлары және «Ұлан Басшылары» кіреді.

7.10. Облыстық кеңестің құрамына аудандық/қалалық кеңестердің атқарушы хатшылары және «Ұлан Басшылары» кіреді.

## 8. ЖЕТЕКШІ ОРГАНДАР

8.1. Жоғары кеңесші орган Республикалық «Жас Ұлан» Құрылтайы болып табылады, ол жылына бір рет өткізіледі;

8.1.1. Құрылтай шақырылымы, күн тәртібі, регламент, өкілеттілік нормалары мен делегаттарды сайлау тәртібі Республикалық кеңесте, төтенше және кезектен тыс шақырылымдарды есептегенде, өткізілу күнінен екі ай мерзімінен кешіктірмей анықталып, жарияланады;

8.1.2. Төтенше және кезектен тыс Құрылтай Кеңес төрағасының немесе Кеңес мүшелерінің жалпы санының 1/3-інің бастамасымен Кеңес шешімі негізінде шақырылады;

8.2. Басқару органы - Республикалық кеңес;

8.2.1. Республикалық кеңес жылына үш реттен кем болмайтындай шақырылады, соның ішінде күнтізбелік жыл соңында Кеңестің есеп беру мәжілісі өткізіледі. Кеңес төрағасы өзінің бастамасымен немесе Кеңес

мүшелерінің жалпы санынан 1/3-інің бастамасымен кезектен тыс Кеңес отырысын шақырта алады. Кеңес шешімі оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Кеңесті өткізу тәртібі мен дауыс беру түрін Кеңес мүшелері алдын ала оның жұмысының басында белгілейді;

8.2.2. Кеңес күзіретіне келесілер кіреді:

- «Жас Ұлан» Кеңесі туралы ережесін бекіту;
- ұйым бюджеті мен жылдық қаржылық есептерін бекіту;
- ұйым Жарғысына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу бастамасы;
- ұйым қызметінің бағдарламасы мен негізгі бағыттарын анықтау және оларды «Жас Ұлан» Құрылтайына ұсыну;
- «Жас Ұлан» Құрылтайының күн тәртібін бекіту;
- төтенше және кезектен тыс Құрылтайды өткізу туралы шешім қабылдау;
- Кеңес төрағасын 2 жыл мерзімге сайлау;
- «Жас Ұланның» құрметті мүшелері қатарына қабылдау;
- Бірлестік бөлімшелерін құру және қысқарту туралы шешім қабылдау, Бірлестік бөлімшелері туралы ережені бекіту;
- «Жас Ұлан» қызметіне байланысты басқа да мәселелер.

8.2.3. Кеңестің құрамы делегаттар қатарынан анықталып, сайланады (әр облыстан, Алматы және Астана қалаларының атқарушы хатшылары мен «Ұлан басшысын» қосқанда, 2 адамнан);

8.2.4. Кеңестің өкілеттілік мерзімі – екі жыл;

8.3. Кеңестің жалпы қызметіне жетекшілікті Кеңес төрағасы атқарады;

8.3.1. Кеңес төрағасының өкілеттігі Құрылтайдың сәйкес шешімі қабылданғанда, мерзімнен бұрын тоқтатылады;

8.3.2. Кеңес төрағасы төмендегі қызметтерді атқарады:

- Құрылтайда есеп береді;
- Кеңестің төтенше және кезектен тыс отырысын өткізу туралы бастамасымен шығады;
- Кеңес отырыстарына басшылық етеді және Кеңестің қызметін үйлестіреді;
- «Жас Ұлан» қызметін ұзақ мерзімді жоспарлау барысына басшылық етеді;
- мемлекеттік және басқа да мекемелер мен ұйымдармен қарым-қатынаста «Жас Ұланның» ресми өкілі болады;
- Атқарушы директордың ұсынуымен ұйым қызметін басқару құрылымын, штаттық кестені және лауазымдық нұсқаулықтарды бекітеді;
- ұйым атынан сенімхатсыз әрекет етеді.

8.3.3. Кеңес төрағасының орынбасарлары болады. Орынбасарларды «Жас Ұлан» кеңесі сайлайды.

8.4. Атқарушы орган ретінде Атқарушы директорат шығады. Атқарушы директоратты Атқарушы директор басқарады

8.4.1. Атқарушы директорды Төрағаның ұсынымы негізінде Республикалық кеңес тағайындайды.

8.4.2. Атқарушы директор ұйым қызметін оперативті басқаруды жүзеге асырады, ол Құрылтайға, Кеңеске, Кеңес төрағасына есепті, олардың шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Атқарушы директор ұйым алдында қызметтің нәтижелері мен заңдылығы үшін жауапты.

8.4.3. Атқарушы директор құзіретіне кіретіндер:

- өзінің меншікті құралдары шегінде ұйым қызметін қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету;
